# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИКТЕРІ

**АБДУЛИН** Айтмұхамед (29.11. 1924, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Ұлытау а. – 12.6.2010, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1971), проф. (1973), Қазақстан ҒА-ның акад. (1979), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды (1953,



*А.Абдулин*

қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар интында аспирант, лаборант, инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, ғалым-хатшы (1953–64), ин-т директорының орынбасары (1964–74), директоры (1974–95) әрі 1987 жылдан Қазақстан ҒА Төралқасының акад.-хатшысы, 1988 жылдан вице-президенті болып қызмет атқарды. 1995 жылдан ҚР ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тының құрметті директоры. Ғыл.-зерттеулерінің негізгі бағыты – жалпы және аймақтық геология, тектоника, металлогения, мұнай және газ геологиясы. А. Орт. Қазақстанда алтын, мыс, турмалин кендерін зерттеумен шұғылданды. Мұғалжар кешенді экспед-н басқарды. Бірнеше кен орындарын (Самар алтынмыс кені, Құмкөл, Арысқұм, Нұралы мұнай кендері, т.б.) ашты. А-нің тапқан нақты мәліметтері бойынша республиканың тектоник. картасы жасалды. Орал, Тянь-Шань және Орт. Қазақстанның тектоник. құрылымдарының байланысы жөніндегі теор. мәселелері жаңа тұрғыдан шешілді, геол. дамудың ерекшеліктері айқындалды. Қазақ КСР-і Мемл. (1978) және КСРО Мемл. сыйлықтарының (1985) лауреаты. Қазан революциясы, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

**АЙТАЛИЕВ** Шмидт Мұсаұлы (28.1.1935, Батыс Қазақстан обл. Орал қ. – 22.6.2007, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1974), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). ҚР ғылымы мен техникасына еңб. сің. қайраткер (1995). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1957–60 ж. Орал пед. ин-тының ассистенті, 1960–76 ж. және 1987–91 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-ты, 1976–86 ж. Сейсмология ин-ты мен Мех. және машинатану интының кіші, аға ғыл. қызметкері, лаб. меңгерушісі болды. 1992–97 ж. Атырау қ-ндағы ҚР ҒА Батыс бөлімшесінің, 1997–99 ж. ҚР ҰҒА-ның физ.-матем. бөлімшесінің акад.-хатшысы, 2000–07 Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында зертхана меңгерушісі қызметтерін атқарды. «Теоретические проблемы тектонических процессов земной коры, разработки объектов нефтегазовой и горнорудной отрасли, подземного и транспортного строительства» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады.



*Ш.Айталиев*

Негізгі ғыл. еңбектері тау жыныстары механикасына арналған. Біртекті және әртекті анизотроптық серпімді-пластикалы тұтқыр массивтегі жер асты құрылыстарының статик. және динамик. кернеу күйін, деформациялануын, қозғалуын, беріктілігі мен орнықтылығын зерттеген. Жер асты бекітпелерінің жаңа құралымдарын есептеу әдістерін жасады. 9–10 балдық жер сілкінісі кезіндегі болашақ

Алматы метросының сейсмик. орнықтылығын анықтады. Сондай-ақ терең мұнайгаз оқпанын бұрғылау динамикасының, көліктік құрылыс механикасының кейбір өзекті мәселелерін де зерттеді. А. республикадағы жер асты құрылыстары механикасының ғыл. мектебін құрушылардың бірі. А. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 7 монография, 4 авторлық куәліктің авторы.

**АЙТБАЕВ** Өмірзақ (5.4.1936 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. қазіргі Отырар ауд. Балтакөл а.) – филол. ғыл. докт. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003) және ҚР Әлеум. ғыл. академиясының акад (1998). Қаз-МУ-дың (1959, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер (1959–62), ҚР ҒА-ның Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл.



*Ө.Айтбаев*

қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер (1962–2012). Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында (1994–95), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде (1996–97) оқытушылық қызметтер атқарды. 1998 жылдан «Қайнар» ун-тінде декан, проф. 2004 жылдан Халықар. «Қазақ тілі» қоғамының президенті. А-тың ғыл.-зерттеулерінің негізгі бағыттары қазақ тілінің лексикологиясы мен терминологиясы мәселелеріне арналған. «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. А. 500-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Парасат» (1997), «Құрмет» (1998) ордендері және медальдармен марапатталған.

**АЙТМҰХАМБЕТОВ** Абай Ахметғалиұлы (5.12.1943 ж.т., Қостанай обл. Меңдіқара ауд. Бурабай а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1995), проф. (1992), ҚР ҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-дың (1969, қазіргі ҚазҰУ) физ.-матем. ф-тін және аспирантурасын (1975) бітірген. Оқыту-



*А.Айтмұхамбетов*

шы, доцент, физ.-матем. ф-тінің деканы (1969–87), Қызылорда пед. ин-тының ректоры (1987–92), Көкшетау ун-тінің ректоры (1992–2006) қызметтерін атқарды. 2007 жылдан Қостанай мемл. ун-тінде ректордың кеңесшісі. Негізгі ғыл. еңбектерінің бағыты ғарыштық және элементар бөлшектер физикасына арналған. А. 150 ғыл. еңбектің, 3 монографияның авторы.

**АЙТХОЖИН** Мұрат Әбенұлы (29.6.1939, Солт. Қазақстан обл. Петропавл қ. – 19.12.1987, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1977), проф. (1980), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983). Қазақстанда молекулалық биол. мен биотехнол-ның негізін қалаушылардың бірі. ҚазМУ-ды (1962, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚР ҒА-ның Ботаника ин-тында кіші (1965), аға ғыл. (1967) қызметкер, директор (1978–83), Молекулалық биол. және биохимия ин-тында директор (1983–87), Қазақстан ҒА-ның президенті (1986–87) болды. 1976 ж. «Жоғары сатыдағы өсімдіктердің рибонуклеопротеидті бөлшектері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. А. – клеткалық макромолекулалардың (нуклеин қышқылдары мен белоктың) синтезі саласында аса құнды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Эукариоттық клеткаларда кездесетін клеткалық бөлшектердің жаңа класын, ақпараттық рибонуклеин қышқылдарының (ақпараттық РНҚ-ның) рибонуклеопротеидтік түрін (РНП-ті) – информо-



*М.Айтхожин*

соманы ашқан. А. бидай дәнінің эмбриогенезі, пісіп-жетілуі, тұқымынан өнуі кезінде оның клеткаларында жүретін құбылыстарды: ақпараттық РНҚ-ның биогенезін, түзілуін, сақталуын және оның құрылымдық ерекшеліктерін зерттеді. Өсімдік рибосомаларының физ.-хим. қасиеттерін анықтап, олардың жануар рибосомаларына ұқсас екенін байқады. Жануар мен өсімдік клеткаларының суббөлшектерінен тұратын әрекеті күшті будан рибосомалар алуға, оларды зерттеуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Бұл зерттеулердің эволюц. теориясы дамытуда үлкен маңызы болды. Биохим. тәжірибелерді автоматтандыру саласында белсенді басшылық жасады. ҚР ҒА-ның жанынан Молекулалық биол. және биохимия ин-тын ашқан (1983). Осы ин-т құрамында клеткалық және генетик. инженерия, трансгеноз лаб-ларын, Биотехнология орт-н (1987) ұйымдастырған. А. Лениндік сыйл. лауреаты (1976). Ол Халықар. бей-

бітшілік қорының Алтын медалімен (1987), Халықтар достығы орденімен (1987) марапатталған. А. тұрған үйге Алматыда мемориалдық тақта орнатылған. Молекулалық биол. және биохимия ин-ты оның есімімен аталады.

**АЙТХОЖИНА** Нағима Әбенқызы (22.2.1946 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Петропавл қ.) – биол. ғыл. докт. (1990), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Нью-Йорк ҒА-ның толық мүшесі (1994). ҚазМУ-дың биол. ф-тін (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ботаника интында кіші, аға ғыл. қызметкер (1974–81), Молекулалық биол. және биохимия ин-тында жетекші ғыл. қызметкер (1983–87), ал 1988 жылдан директоры, сонымен қатар ҚР ҒА-ның биол. және мед. ғылымдары бөлімінің акад.-хатшысы (1996) қызметтерін атқарды. 1982 ж. «Изучение действия полиенового антибиотика розеофунгина на клетки микроскопических грибов и эритроциты животных» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. А-ның негізгі ғыл жұмыстары жоғары сатыдағы организмдер геномының құрылымдық қызметі мен тұқым қуалаушылық ақпаратының молекулалық механизмдерін зерттеуге арналған. А. 90-нан астам ғыл. жарияланымның авторы. Қазақстанда алғаш рет Ғарыштық биол. және биотехнол. тақырыбын зерттеп, ғарышкерлер Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаевқа биотехнол. бойынша ғыл. тәжірибелердің бағдарламасын жасады. А. бірнеше халықар. конгрестер мен симпозиумдарда (АҚШ, Германия, Израиль, Үндістан, т.б.) ғыл. баяндамалар жасады. «Парасат» орденімен (2001) марапатталған.



Н.Айтхожина

**АЛТАЕВ** Шауқат Әбенұлы (5.1.1927 ж.т., Қостанай обл. Жітіқара ауд. Исабай а.) – тех. ғыл. докт. (1973), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Қазақ кен-металлургия ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген (1950). 1950–59 ж. Қазақстан ҒА-ның Кен ісі ин-тында аспирант, кіші және аға ғыл. қызметкер, 1959–76 ж. Қарағандыдағы Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында, Қарағанды Көмір ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі. 1976–81 ж. Кен ісі ин-ты директорының орынбасары болды. 1981 жылдан осы ин-тта лаб. меңгерушісі. А-тың зерттеулері Қазақстан кенін тиімді игеруге бағытталған. Ол Қарағанды шахталарында көмір өндіру құнын арзандататын техника мен технол-сын, сондай-ақ Жезқазған шахталарындағы кеңүңгіраралық (камерааралық) кентіректердің шайырмен иньекциялау арқылы беріктігін арттыру тәсілін жасап, өндіріске енгізді. Тау-кен жабдықтарын жасау үшін құрылымдық материалдарды жергілікті шикізаттан алуды негіздеді. А. кентастың өзіндік құнын 2 есе, ал күрделі қаржыны 3–4 есеге кемітуге мүмкіндік беретін кен қазудың жаңа бағыты – геотехнологияны Қазақстан кен өнеркәсібінде қолдануға жетекшілік етті. А. бұрын кентіректерде қалдырылып, шығынға кететін кен қорын қайталай қазу арқылы жер асты кен қазбаларын кешенді пайдаланудың ғыл.-тех. негізін салды. А. 450 ғыл. еңбектің, оның ішінде 13 монографияның авторы. ҚР Мин. каб. сыйл. лауреаты. Бірнеше медальдармен марапатталған.



Ш.Алтаев

**АЛТЫНБЕКОВ** Бауэр Ембергенұлы (17.3.1931, Алматы қ. – 2005) – ғалым, мед. ғыл. докт. (1976), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қарағанды мемл. мед. ин-тын бітірген (1958). Қазақ еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тының ғыл. қызметкері (1958–71), Ақтөбе мед. ин-тында жалпы гигиена кафедрасының меңгерушісі (1971–74). Қазақстан ҒА-ның Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1974–90), Қарағанды мед. ин-тының (1990–95), ал 1995 жылдан Шымкент мед. ин-тының кәсіби аурулар мен жалпы гигиена кафедраларының меңгерушісі болды. «Қарағанды көмір бассейні жұмысшыларының денсаулық жағдайы және кәсіби гигиена» деген



Б.Алтынбеков

тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі еңбектері еңбек гигиенасы мен адам физиологиясы, эргономика, кәсіби патология, әлеум. гигиена мәселелеріне арналған. А. Семей ядр. полигонының және антропогендік экологияның сол аймаққа тигізіп отырған зардаптарын да зерттеген. Ол еңбек гигиенасымен шұғылданушылардың қазақстандық мектебінің негізін қалады. А. 190 ғыл. еңбектің, оның ішінде 9 монография мен 2 авторлық куәліктің авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**АЛШЫНБАЕВ**, А л ш ы н б а й Мұхтар Рахымұлы (26.1.1926 ж.т., Қызылорда обл. Сырдария ауд.) – тех. ғыл. докт. (1969), проф. (1973), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003) және Ресей а. ш. ҒА-ның корр. мүшесі (1978), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1980). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын бітірген (1951). 1951–94 ж. Қазақ мемл. а. ш. ин-тында ассистент (1955–56), кафедра меңгерушісі (1958–65, 1968–88), проф. (1988–94) болды. 1994 жылдан Қазақ а. ш-н механикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тының бас ғыл. кеңесшісі. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. машиналарын пайдалануға, оларды жетілдіруге, сонымен қатар топырақ өңдеуде, дәнді дақылдар себуде және жинауда, астық тазалау мен сұрыптауда, арамшөптерге қарсы күресте, жемшөп өндіруде, малға азық беруде қолданылатын машиналарды зерттеуге арналған. Еңбектерінде Қазақстан жағдайында алғаш рет егіншілік және мал ш-н механикаландыру құралдарының ғыл.-тәсілдемелік негіздерін жасады, жылжымалы а. ш. агрегаттардың жұмысшы бөліктерін зерттеуге статист. динамика ережелерін қолданып, ілімдік тұрғыдан түсінік берді. Суғармалы егіншілікті, атап айтқанда, күріш дақылын егіп-өсіруді механикаландырудың нақты мәселелерін қарастырды, яғни астық тазалағыш агрегаттарды, әр түрлі сепкіштерді дұрыс пайдалану, машина-трактор тіркесімдерінің қолайлы құрамын таңдау жөнінде тәжірибелік ұсыныстар енгізді. Сондай-ақ, республиканың а. ш-на қажетті инж. мамандарды дайындауға үлкен үлес қосты.

**АМАНТАЕВ** Бәкет (3.1.1929 ж.т., Ақмола обл. Атбасар ауд.) – филос. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003; 1972 жылдан корр. мүшесі). Алматы мемл. заң ин-тын (1949) және ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) аспирантурасын (1953) бітірген. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында аға оқытушы, доцент, ин-т директорының орынбасары (1953–57), 1971 жылдан Филос. және құқық ин-тында аға ғыл. қызметкер, ҚР ҰҒА-ның филос. кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, филос. мен шет тілдері кафедрасы ғыл. кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Ғыл. жұмысының бағыты тарихи материализм, қазақ шаруашылығының жаңа даму жолына түсуі, кеңес адамдарының саяси-қоғамдық белсенділігін арттыру мәселелеріне арналған. «Социализм және қазақ шаруашылығының рухани бет-бейнесі мен оның әлеум. табиғатының түбегейлі түрде өзгеруі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**АСАНОВ** Қасым Әбуұлы (1.1. 1931, Атырау обл. Құрманғазы ауд. Өтер а. – 14.5.2008, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1976), проф. (1983), ҚР ҒА-ның акад (1996), Соц. Еңбек Ері (1965). Қазақ а. ш. ин-тын (1951), Мәскеу а. ш. академиясын (1963) бітірген. 1955–69 ж. ұжымшар төрағасы, 1969–73 ж. Мәскеу а. ш. академиясында аға ғыл. қызметкер, 1973–87 ж. Шымкент обл. мемл. а. ш. тәжірибе ст-ның «Шымкент» кеңшар техникумының және дендрол. саяжайдың директоры болды. 1987 жылдан Қазақтың мал азығын дайындау және жайылым ғыл.-зерт. ин-тының директоры қызметін атқарды. А-тың ғыл. еңбектері, негізінен, Қазақстанның онт.-шығыс және батыс аймақтарындағы жайылымға қолайлы жерлерді зерттеуге арналған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.



*М.Алшынбаев*



*Б.Амантаев*



*Қ.Асанов*

**АСЫЛБЕКОВ** Мәлік-Айдар Хантемірұлы (15.1.1929 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шардара ауд. Шардара кенті) – тарих ғыл. докт. (1974), проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері. Шымкент мұғалімдер интын (1948) және ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1954) бітірген. 1958 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-ты-



*М.-А.Асылбеков*

ның кіші ғыл. қызметкері, ҒА-ның қоғамдық ғылымдар бөлімінде ғалым-хатшы (1963–68), аға ғыл. қызметкер (1968–80), бөлім меңгерушісі (1981–84, 1985–92), ин-т директорының орынбасары (1984–85) болды. «Қазақстан темір жол кадрларының қалыптасуы және дамуы. 1917–1970» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл. қызметінің негізгі бағыты – 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дағы Қазақстанның әлеум.-экон. және саяси жағдайы мен демографиясының даму процестері. 250-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде 15 монография жазды.

**АТШАБАРОВ** Бахия (1.9.1919 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Қарақұс а.) – мед. ғыл. докт. (1967), проф. (1969), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. дәрігері (1961). Алматы мемл. мед. ин-тын (1942, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1942–45). Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-тының ғыл. қызметкері, директорының орынбасары, директоры болды (1952–84). 1966 ж. «Поражение нервной системы при свинцовой интоксикации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. А-тың негізгі ғыл. еңбектері еңбек гигиенасы, кәсіби аурулар, әсіресе, қорғасыннан улану кезінде зақымданған жүйке жүйесінің патогенезі мен клиникасына арналған. А. Семей полигонының адамдар денсаулығына



*Б.Атшабаров*

тигізетін зиянын тексеріп, полигонның оңт. аймағында созылмалы сәуле аурулары адамдар мен жануарларда жиі болатынын анықтады. Сондай-ақ ол халықтық медицина тарихын зерттеумен де айналысты. А. 200 ғыл. еңбектің, оның ішінде 11 монография мен 7 авторлық куәліктің авторы. Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы, 2 рет Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**АУЫТОВ** Рахымжан Рахмединұлы (30.11.1939 ж.т., Алматы қ.) – а.ш. ғыл. докт. (1979), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (1997). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1962, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітіргеннен кейін осы ин-тта ассистент (1962), доцент (1970–73), декан, кафедра меңгерушісі (1974–95) болды. 1995 жылдан Қазақ мемл. басқару академиясының (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) проф. А. агрокешендердің экон. тиімділігін арттырудың бағдарламасын, а. ш. ұжымдарын шаруашылық есепке көшіру және ұжымдық мер-



*Р.Ауытов*

дігерлік пен жалгерлікті енгізудің ғыл. жобасын жасады. Сондай-ақ ол Қазақстанның а. ш. саласына нарықтық қарым-қатынастарды енгізу, ұжымдарды мемлекеттің қарамағынан алу, жалға беру, жекешелендіру жолдарын ғыл. тұрғыдан зерттеді. 120-дан аса ғыл. еңбектің авторы.

**АХАНОВ** Жахан Уалшерұлы (12.1.1936, Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті – 23.6.2004, Алматы қ.) – а.ш. ғыл. докт. (1986), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды бітірген (1960). 1960–84 ж. Топырақтану ин-тының кіші ғыл. қызметкері, ғалым-хатшысы, бөлім меңгерушісі, директордың



*Ж.Аханов*

орынбасары қызметтерін атқарды. 1984–95 ж. осы ин-ттың директоры, 1995–96 ж. ҚР ҰҒА-ның биол. ғылымдары бөлімінің акад.-хатшысы, ҒМ–ҒА-ның Топырақтану ин-тының директоры (1997–2001) болды. «Современные процессы почвообразования в дельтах рек Южного Казахстана» деген тақырыпта докт.

диcс. қорғаған. А. Қазақстандағы топырақты суландырудың ғыл. негізін жасаушылардың бірі. Ғыл. еңбектері сортаң топырақты суландыру, топырақ генетикасы, топырақтың техногендік ластануы және экология салдарынан бұзылған топырақты қалпына келтіру мәселелерін зерттеуге арналған. Сондай-ақ ол топырақ құнарлылығын арттырудың жаңа тұжырымдамасын ұсынған. А. 217 ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монографияның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1984).

**АХМАТУЛЛИНА** Нәзира Бадретдинқызы (9.11.1930 ж.т., Ақмола обл. Степняк қ.) – биол. ғыл. докт. (1985), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). Алматы мемл. мед. ин-тының емдеу ф-тін бітірген (1954). Қазақстан ҒА-ның Микробиология және вирусология ин-тында кіші (1958–64), аға (1964–73) ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1973–95) болды. 1995 жылдан ҚР ҒМ–ҒА-ның Жалпы генетика және цитология ин-тында эксперименттік мутагенез лаб-ның меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері молекулалық генетика мәселелерін, Қазақстанда полиомиелит ауруын жою және онымен күресу жолдарын зерттеуге арналған. А. адамның тұқым қуалау және өзгергіштік қасиетіне қоршаған ортаның радиац., хим. және биогенді ластағыштардың әсерін, мутант вирустарды сұрыптау әдісін қарастырып, вирус бөлінуін тездететін жаңа тәсіл ұсынды, грипп миксовирустарының биологиясын (Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1974) зерттеді. А-ның 250-ден астам ғыл. еңбектері отандық және шетелдік ғыл. басылымдарда жарық көрді.

**АХМЕДСАФИН** Уфа Меңдібайұлы (15.7.1912, Солт. Қазақстан обл. қазіргі Аққайың ауд. 2-а. – 21.10.1984, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1947), Қазақстан ҒА-ның акад. (1961), Соц. Еңбек Ері (1969). Орта Азия индустрия ин-тын бітірген (1935). КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде, кейін Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында бөлім меңгерушісі (1940–65), Қазақ тау-кен ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-т) кафедра меңгерушісі (1948–51), Қазақстан ҒА-ның Гидрогеол. және гидрофизика ин-тының директоры (1965–84) болды. Қазақстанның гидрогеол. мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Оның ғыл. еңбектері Қазақстан мен Орта Азия шөлді аймақтарының гидрогеол-сын зерттеуге арналған. А. жер асты су көздерін, олардың пайда болу, қалыптасу, таралу заңдылықтарын ашты. Сондай-ақ жер асты суларын картаға түсіру, гидрогеол. карталарды жасаудың жаңа тәсілдерін қарастырып, гидрогеол. болжамдаудың негізін қалады. А. ұсынған басты теор. және әдістемелік қағидалар тұңғыш рет Қазақстанның түбегейлі гидрогеол. болжам карталарын жасауға мүмкіндік берді, бұрын сусыз деп саналып келген шөлшөлейт аймақтарда көптеген тұщы сулы артезиан және грунт суларының алаптарын ашуға негіз болды. Ол жер астындағы тұзды және аз тұзды сулардың табиғи және пайдаланылатын, жылма-жыл толықтырылатын қорын анықтап, оны өнеркәсіпке а. ш-нда, елді мекендерде, мал жайылымдарында, сусыз жерлерді суғаруға тиімді пайдаланудың жолдарын негіздеді. А. гидрогеол. саласынан Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты (1955–59) болды, Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1980). Ленин орденімен, т.б. ордендер және медальдармен марапатталған.

**АХМЕТОВ** Зәки (4.5.1928, Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Ұзынбұлақ а. – 17.12.2002, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1965), проф. (1966). Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1978). ҚазМУ-ды бітірген (1948, қазіргі ҚазҰУ). 1948–51 ж. КСРО ҒА-ның Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану ин-тында аспирант, 1951–75 ж. Қазақ қыздар мемл. пед. ин-тында кафедра меңгерушісі, декан, 1975–84 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында директордың орынбасары, директор, Қазақстан ҒА-ның акад.-



*Н.Ахматуллина*



*У.Ахмедсафин*



*З.Ахметов*

хатшысы, 1984–86 ж. вице-президенті, Әдебиет және өнер ин-тының бөлім меңгерушісі (1986–2002). «Қазақтың өлең құрылысы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Зерттеулері қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселелеріне, қазіргі әдебиеттанудағы дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік шеберлік, поэтика, әдеби байланыстар проблемаларына арналған. Қазақ өлеңінің өзгешеліктері мен құрылымын зерттеудің ғыл. жүйесін жасады. Абайтану, әуезовтану мәселелерін текстол., тарихилық қырынан зерттеген іргелі ғыл. монографиялар жазды. Абайдың толық шығармалар жинағы басылымдарын (1954, 1957, 1970, 1995) дайындап, құрастырушылардың және түсініктемелер авторларының бірі болды. А. редакциясымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» жарық көрді (1996). Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1980), Абайдың шығарм. мұрасын зерттеу және «Абай» энциклопедиясындағы мақалалары үшін 1996 ж. А-ке ҚР Мемл. сыйлықтары берілді. «Өлең сөздің теориясы» аталатын монографиясы 1992 ж. Қытайда жарық көрді. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланған (1985).



**ӘБДІЛДИН** Жабайхан Мұбәрақұлы (16.2.1933 ж.т., Павлодар обл. Май ауд. Майтүбек а.) – филос. ғыл. докт. (1968), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1993). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1958) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында кіші (1958–60), аға ғыл. қызметкер (1960–65), бөлім меңгерушісі (1965–96), ин-т директоры (1973–84) қызметтерін атқарды. Қазақстан ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы (1984–86), ҒА-ның вице-президенті (1986–95) болды. 1968 ж. «Теориялық танымдағы бастама мәселесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ә-нің ғыл. еңбектері негізінен диалект. логиканың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған. Соның ішінде, әсіресе, нақты ұғым, бастама мәселелерін терең зерттей отырып, олардың филос. тарихы тұрғысынан негізделген диалект. анықтамасын жасады, логик. және гносеол. функцияларына сипаттама берді, қазіргі ғылым мен практикадағы логик.-әдістемелік рөлін айқындады. Оның басқаруымен диалект. логиканың категорияларын, заңдарын, принциптерін жан-жақты зерттеуге арналған ұжымдық монографиялары («Диалектикалық логика» аталатын 4 томдық іргелі еңбегі) жарық көрді. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты (1990–96) болып сайланды. 1994 ж. ҚР-ның тұңғыш Парламентінің депутаты, ҚР Парламентінің сенаторы, Сенаттың Халықар. істер, Қорғаныс және қауіпсіздік к-тінің төрағасы, Президент жанындағы адам құқы туралы комиссия төрағасы (1996–2005) болды. 2007 жылдан Еуразия ҰУ-нде проф. қызметін атқарады. Ә. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 30 жеке және ұжымдық монографиялардың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1974), Қазақ КСР-і Мемл. (1984) және ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық (1994) сыйлықтарының лауреаты. 2-дәрежелі «Барыс», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.



*Ж.Әбділдин*



*М.Әбділдин*

**ӘБДІЛДИН** Мейірхан Мұбәрақұлы (16.3.1938, қазіргі Ресей, Алтай өлкесі, Троицк ауд. Загаиново с. – 9.1.2012, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1985), проф. (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ) бітірген соң Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында лаборант, инженер (1959–61), Ленинград мемл. ун-тінде аспирант, стажер-зерттеуші (1961–65), Қазақстан ҒА-ның Астрофиз. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1966–70) болды. Бұдан кейін ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі (1970–81), проф. (1982–86), ректоры (1988–91), ал 1991 жылдан өмірінің соңына дейін осы ун-тте кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ә-нің негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары салыстырмалылық және гравитац.

теорияның күрделі мәселелерін шешуге арналған. Эйнштейннің жалпы салыстырмалылық теориясындағы денелер қозғалысы мәселелерін зерттеді, денелердің ілгерілемелі және айналмалы қозғалысының релятивистік теңдеулерін негіздеді. Эйнштейннің гравитация теориясы механикасының мәселелерін зерттеудің жаңа әдістерін дамытты, жалпы салыстырмалылық теориясы негізінде денелер қозғалысының адиабаттық теориясын жетілдірді, дененің меншікті айналысы жөніндегі мәселелерді зерттеуде гидродинамик. аналогияны қолдану идеясын ұсынды. Ә. 150-ден астам ғыл. еңбектердің, 2 монографияның авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ӘБДІРАЙЫМОВ** Сейфолла (25.9.1939 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Бірлік а.) – а. ш. ғыл. докт. (1990), проф. (1991), Қазақ КСР-інің еңб. сің. агрономы (1987), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1961, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және Одесса а. ш. ин-тының аспирантурасын (1964) бітірген. Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд-нда агроном (1961), Қазақстан А. ш. мин-нде жауапты қызметкер (1964–65), Қазақ қаракөл қой ш. ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1965–78). 1978 жылдан ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарады. Ә-тың ғыл.-зерт. еңбектері шөлейт аймақтарда өсетін мал азықтық өсімдіктер тұқымын шығаруға арналған. Ол құрғақшылыққа төзімді, жоғары өнімді мал азықтық шөптердің бірнеше сортын («Сырдариялық» изен, «Арыстық» терiскен, «Жансая» қара сексеуілі, т.б.) шығарды. 1990 ж. «Қазақстанның шөл жайылымдарын тиімді пайдалану мен оны жақсартудың теор. және практикалық негіздері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ә. 190 ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монографияның («Табиғи жайылымдарды жақсарту мен пайдаланудың жолдары», 1968; «Оңтүстік Қазақстан жайылымдары», 1975; «Қазақстанның арнайы жайылымдары», 1988) авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**ӘБДІРАХМАНОВ** Жаңалық Ниязұлы (7.11.1935 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Кеңтоғай а.) – мед. ғыл. докт. (1990), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы мемл. мед. ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және Қазақстан Өлкелік патология ин-тының (1964, қазіргі Гигиена және эпидемиология ғыл.-зерт. орт.) аспирантурасын бітірген. Қызылорда обл. Қармақшы ауд-ндағы аурухана меңгерушісі (1959–61), Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тының бөлім меңгерушісі, аға ғыл. қызметкері (1964–75), Алматы мемл. мед. ин-тының доценті, кафедра меңгерушісі (1975–90) болды. 1990–2001 ж. Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тының директоры. Ә-тың негізгі зерттеу жұмыстары рак ауруларын сәулемен емдеу тәсілдеріне, радиацияның зақымдаушы әсерінен қорғайтын дәрілерді пайдалануға және организмнің радиацияға бейімделушілігін зерттеуге арналған. Ә. өңеш рагымен ауыратын науқастарды радиац. бөлшек сәулемен емдеу арқылы олардың өмірін ұзартуға болатынын ғыл. тұрғыдан дәлелдеді.

**ӘБДІРАХМАНОВ** Қайдар Айтжанұлы (10.5.1936, Ақмола обл. Атбасар ауд. – 7.2.2012, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1983), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1958). Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында инженер, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі болды. 1996 жылдан «Казнедра» ғыл.-өндірістік бірлестігінде департамент директоры қызметін атқарды. Ә. көп циклді иілімді атыраптардың гранитоидты жыныстарының қалыптасуының формац.-петрохим. теориясын жасады, оның негізінде 12 петрохим. түрге жіктеді. Порфирлі жыныстардың сілтілілігі мен қышқылдығының арасындағы кері корреляттануды анықтау негізінде колчеданполиметалл кендерінің қалыптасу ерекшеліктерін тапты. Те-



*С.Әбдірайымов*



*Ж.Әбдірахманов*



*Қ.Әбдірахманов*

мір, марганец, полиметалл кендерінің түзілуіндегі көлденең және тік бағытты минералды-геохим. белдемділікті ашты. Ә-тың геол. және металлогения саласындағы іргелі теор. зерттеулері Қазақстанның Солт. Балқаш, Кіндіктас–Шу–Іле аймақтарындағы кендерді болжамдауға және игеруге негіз болды.

**ӘБУҒАЛИЕВ** Ізтелеу (16.12. 1930, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Жаңақала ауд. – 27.10.2004, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1976), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1984), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) және осы ун-ттің аспирантурасын (1956) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында (1957–59, қазіргі Ботаника және фитоинтродукция ин-ты) кіші ғыл. қызметкер, 1959 жылдан Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, директоры (1975–95), ҚР Ұлттық академ. агр. зерттеулер орт-ның акад.-хатшысы (1995–2004) болды. 1975 ж. «Қант қызылшасының тұқымын өсіруге және оның селекциясына, аймақтық егіншілік жүйесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ол Қазақстан а. ш. ғылымына жаңа бағыттарды – қант қызылшасының селекциясын, биотехнологияны, сорттық агротехниканы, өсімдік генофондын, биометрияны, т.б. енгізді; а. ш. дақылдарының (қант қызылшасының, жүгерінің, күздік бидайдың) жаңа сорттарын шығарды. Оның суғарылатын, суғарылмайтын, тәлімі, таулы жерлерде егіс жүйелерін жасауға және а. ш. дақылдарын өсіру технологиясын жақсартуға арналған ғыл. ұсыныстары мен әдістемелері а. ш. өндірісіне енгізілді. Ә. 260-тан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 10 авторлық куәліктер мен патенттердің иегері. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ӘДЕКЕНОВ** Серғазы Мыңжасарұлы (15.8.1956 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Егіндібұлақ а.) – хим. ғыл. докт. (1992), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1978). 1978–83 ж. Қарағанды хим.-металлургия ин-тының аға лаборанты, инженері, кіші ғыл. қызметкері, 1983–95 ж. Қарағанды органик. синтез және көмір химиясы ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері, лаб. меңгерушісі болды. 1995 жылдан Қазақстан ҒА-ның Қарағанды қ-ндағы Фитохимия ин-тының директоры. Негізгі ғыл. еңбектері сесквитерпенді лактондарды экол. таза заттар ретінде зерттеуге арналған. Биол. активті қосылыстарды зерттеу нәтижесінде Ә. қатерлі ісікке қарсы қолданылатын «Арглабин», гепатопротекторлық және антиоксиданттық қасиеті бар «Салсоколлин», қабыну процесіне қарсы қолданылатын «Калиор», антисептиктік және фунгицидті қасиеті бар «Цепсеудин» сияқты жаңа дәрілік препараттар тапқан. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Фитохимия ин-ты жанында фитопрепараттар шығаратын цех құрылды.

**ӘДІЛОВ** Қайыржан Нәукебайұлы (24.5.1936 ж.т., Қарағанды обл. Бұқар жырау ауд. Пушкин а.) – тех. ғыл. докт. (1980), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қарағанды политех. ин-тын (1958, қазіргі Қарағанды мемл. тех. ун-ті) бітірген. 1958–61 ж. Қарағанды көмір комб-тында кен шебері, Қарағанды көмірхим. ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1961–65), Мәскеу тау-кен ин-тының аспиранты (1965–68), 1968–83 және 1986–87 ж. Қарағанды политех. ин-тында оқытушы, доцент, проф. болды. 1983–86 ж. Кабул политех. ин-тында (Ауғанстан) дәріс берді. 1987–94 ж. Қазақ ұлттық тех. ун-тінің кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 1994 жылдан Қарағанды Жер қойнауын кешенді игеру ин-тының лаб. меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері көмір кендерінің өндірістік технологиясын жетілдіруге арналған. Ә. жер астынан кен өндірудің ағынды технологиясын жобалау теориясын жасады, кен өндіру процестері мен жүйелерінің беріктігін және қарқынды-


*І.Әбуғалиев*


*С.Әдекенов*


*Қ.Әділов*

лығын зерттеді, шахталар мен кеніштерді күкіртті газдардан арылту технологиясының физ.-хим. өлшемдерін анықтады, жер асты кен жұмыстарының экол. қауіпсіздігін негіздеді. Ә. 10 монографияның авторы.

**ӘЛИАКПАРОВ** Мақаш Тыныштықбайұлы (10.10.1937 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жарма кенті) – мед. ғыл. докт. (1984), проф. (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР Суретшілер одағының мүшесі (1994). Семей мемл. мед. ин-тын бітірген (1966). Шығыс Қазақстан обл. туберкулез диспансерінің рентгенолог дәрігері (1966–68), КСРО Денсаулық сақтау мин. Орт. рентген-радиол. ин-тының клиник. ординаторы, аспиранты, аға ғыл. қызметкері (1968–73, 1979–82), Семей мемл. мед. ин-тының ассистенті, кафедра меңгерушісі (1973–79, 1982–84), проректоры (1984–89) болды. Қарағанды мемл. мед. академиясының ректоры (1989–2001), Қазақстан фармацевтик. ин-тының ректоры (2001–07), «Болашақ» Қарағанды ун-тінің вице-президенті (2007–09) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан Қарағанды мемл. мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі. «Экспериментальная гепатоспленография после введения липасом с верографином» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл.-зерт. еңбектері рентгенол. әдістерді жетілдіруге, оған керекті жаңа контрасты препараттар шығаруға, адам денесіндегі іріңді жаралардың әсерінен ішектің жарылуын, қан мен лимфа айналымының сырқаттарын зерттеуге арналған. Сондай-ақ ол Орт. Қазақстанның мед.-экол. жағдайын зерттеп, жасөспірімдердің анатом. даму ерекшеліктерін анықтады. Іш құрылысының паранхиматозды органдарын сәулемен анықтау тәсілін тапты. Ә. Қазақстандағы сәулелік диагностик. ірі ғыл. мектебін құрды. Астанадағы «Отан қорғаушы», Теміртаудағы «Металлургтар», Қарағандыдағы «Тәуелсіздік» және «Абай» монументтерінің авторы және телавторы. Ә. қазақтың көрнекті қоғам қайраткерлері: Әйтеке, Төле, Қазыбек билер және Абай ұрпақтары туралы зерттеу еңбектер жазды. 300-ден астам ғыл. еңбектердің, оның ішінде 12 монография, 15 авторлық куәліктің авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ӘЛИАРОВ** Бірлесбек Қаниұлы (1.9.1939 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – тех. ғыл. докт. (1985), проф. (1992), Халықар. энергет. академиясының (1995) және ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). ҚазМУды (1961, қазіргі ҚазҰУ) және Алматы энергет. ин-тын (1983) бітірген. Қазақ энергет. ғыл.-зерт. ин-тында аға лаборант, инженер (1963), кіші (1966), аға (1972) ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1982), ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1988), директоры (1992–2002) қызметтерін атқарды. 2002 жылдан Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы АҚ-ның ғыл. жөніндегі атқарушы директоры. Ә. күлі көп Екібастұз көмірін отын есебінде қолдану мүмкіндігін зерттеуге және оны жағатын қазан құрастыруға қатысты. Сондай-ақ отынның жануы кезінде бөлінетін түтін құрамындағы улы заттарды кеміту мәселесін де зерттей отырып, нақты нәтижелер (мыс., азот тотығының мөлшері екі есе кеміді) алды. Ә. 150-ден астам ғыл. еңбектің авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1987). Қызылорда обл. Жаңақорған ауд-ның (2005) құрметті азаматы.

**ӘЛИЕВ** Мұхтар (2.2.1933 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Талап а) – мед. ғыл. докт. (1974), проф. (1976), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақстанның Халық Қаһарманы (1996). Алматы мемл. мед. ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1957–63 ж. Қазақстан Денсаулық сақтау мин-нің мекемелерінде дәрігер, 1963–80 ж. Алматы мемл. мед. ин-тында аспирант, ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, 1982–87 ж. Қазақстанның Денсаулық сақтау министрі, ал 1980 жылдан өзі негізін қалаған А.Н.Сызғанов атынд.Хирургия ғыл. орт-ның директоры және кафедра меңгерушісі (1991) болды. Негізгі ғыл. еңбектері торакальды (кеу-



*М.Әлиакпаров*



*Б.Әлиаров*



*М.Әлиев*

де қуысы), абдоминальды (іш қуысы), қан тамыры хирургияларына, трансплантал., эндоскоп. хирургия мен микрохирургия салаларының теор. және практик. мәселелеріне арналған. Оның ішінде бауырдың эхинококк ауруын лазермен күйдіру, аяқ-қол микрохирургиясы, қан тамырларын пластик. жолмен байланыстыру және асқазанға хирург.-пластик. операциялар жасау әдістері хирургиядағы елеулі жаңалық болып саналады. Ә. Қазақстанда және Орта Азияда алғаш рет балаларға бүйрек, бауыр алмастыру (трансплантация) операцияларын және өт жолына, аналық без ісігіне, соқыр ішекке эндоскоп. әдісті қолдануды ойдағыдай жүзеге асырды. Қан тамырларына жасалатын операцияны жетілдіріп, хирург. тәжірибеге енгізді. Ә-тің еңбектерінде ұйқы безіне аутотрансплантация жасау, бүйрек және айырша бездеріне лапароскопия әдісін қолдану ерекше орын алады. Сондай-ақ ол Қазақстанда алғаш рет қолқа мен тәждік (коронарлық) артерияларды жалғастыру операциясын жасаған. 34 авторлық куәлік пен патент алған. Ә. 350-ден астам ғыл. еңбектің, 12 монографияның, 18 өнертабыс пен патенттің авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1988).

**ӘМІРБАЕВ** Вильжан Мавлютинұлы (25.4.1931 ж.т., Алматы обл. Талдықорған қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1971), проф. (1977), Қазақстан ҒА-ның акад. (1990). ҚазМУ-ды бітірген (1954, қазіргі ҚазҰУ). Осы ун-тте ассистент (1954–56), КСРО ҒА-ның Математика ин-тында аспирант (1956–59), Қазақстан ҒА-ның Төралқасы жанындағы машина және есептеу математикасы лаб-ның кіші ғыл. қызметкері, меңгерушісі (1959–65) болды. Мәскеудегі ғыл. орталықтарда (1966–72) қызмет істеді. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-ты директорының орынбасары (1972–77), сонда лаб. меңгерушісі (1988–92), Мәскеу азаматтық әуе жолы инженерлері ин-тында кафедра меңгерушісі (1977–78), Мәскеу электронды техника ин-тында проф. (1978–87), Қазақстан ҒА-ның физ.-матем. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы (1987–93) қызметін атқарды. 1994 жылдан Мәскеу электронды техника институтының проф., Ресей ҒА микроэлектроникадағы жобалау проблемалары ин-тының бас ғыл. қызметкері. «Есептеу техникасындағы арифметикалық кодтардың жалпы теориясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері бас идеалдар сақинасының модульдік кодтау теориясына, Лаплас интегралын цифрлы бейнелеу әдістеріне арналған. Ол ақпараттану саласындағы іргелі алгебралық құрылымдарды есептеу процестерін ұйымдастыруға пайдаланды. 150-дей ғыл. еңбектің, 7 монографияның авторы. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1991).



*В.Әмірбаев*

**ӘУБӘКІРОВ** Жақия (Яқия) (18.8.1925, Қарағанды обл. Шет ауд. Ақтөбе а. – 23.6.2008, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (1972), проф. (1973), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). Қазақ КСР-інің еңб. сің. жоғары мектеп қайраткері (1970). Омбы пед. уч-щесін (1941), Қарағанды мұғалімдер ин-тын (1942), Омбы мемл. унтін (1949) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аспирант, ассистент, оқытушы, оқу ісі бойынша проректор және кафедра меңгерушісі (1949–63 ж. және 1967 жылдан кейін). Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) проф., кафедра меңгерушісі (1963–72) болды. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның а. ш-нда экон. заңдарды пайдалану, әлеум.-экон. өзгерістер, мемл. меншік пен жекешелендіру проблемаларын зерттеуге арналған.



*Ж.Әубәкіров*

**ӘУЕЗОВ** Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, бұрынғы Шыңғыстау болысының № 8 а-на қарасты Аяққараған, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 27.6. 1961, Мәскеу қ.; Алматыда жерленген) – Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), филол. ғыл. докт., проф. (1946), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1957). Ә. 1908 ж. Семейдегі медреседе оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 ж. осындағы қалалық бес кластық орыс қазына уч-щесіне оқуға орналасады. Уч-щені 1915 ж. аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. 1919 ж. семинарияны бітіреді. 1923 ж. Ленинград мемл. ун-ті қоғамдық ғылымдар ф-тінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға қабылданады. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1928 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің аспирантурасында оқыды. 1920–21 ж. Семей обл. атқару к-ті қазақ бөлімінің

және обл. соттың меңгерушісі міндетін атқарады. Қазақ АКСР-і Оқу-ағарту комиссариатының арнайы өкілдігімен 1924–25 ж. Семей қ-ндағы мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылады. 1926 ж. Семейге арнайы ғыл. экспед. ұйымдастырып, ауыз әдебиеті мұраларын жинайды. Ғыл. экспед-ның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 ж. кітап болып шығады. 1927–29 ж. Абай қолжазбаларының екі томдық толық жинағын баспаға әзірлейді. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ә. те тұтқындалады. Тергеу екі жылға созылып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Ә. сол жылы түрмеден босатылып, Қазақ а. ш. ин-тына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып уақытша жұмысқа орналасады және Қазақ пед. ин-тының аға оқытушысы, проф. міндетін атқарушы болып қызмет істейді. 1943 ж. Тіл, әдебиет және тарих ғыл.-зерттеу ин-тының аға ғыл. қызметкері болып қайтадан қызметке тұрады; сол жылдың қыркүйегінен бастап ҚазМУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасына проф. болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқиды. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, оның толық мүшесі (академик, №1 куәлік) болып сайланады, филол. ғыл. докторы, проф. атағы беріледі. Ол «Қазақ ССР тарихының» әдебиет тарихы бөлімін жазып, «Қазақ совет әдебиеті тарихын» жазуға жетекшілік етеді. Бірақ, 1951–54 ж. Ә. саяси-идеол. тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталады. 1953 ж. сәуір айының соңында қамауға алыну қаупі төнгенде, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болады. Онда А.А.Фадеев, К.М.Симонов, В.М.Кожевников, Н.С.Тихонов іспетті орыс жазушылары арааша түсіп, Ә-ті жазықсыз жазадан аман алып қалады. Қазақстанға қайтып келудің қауіпті екенін біліп, Мәскеу мемл. унтінің проф. болып орналасады. 1957–61 ж. Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Ә. қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абайдың өмірі мен шығарм.,


*М.Әуезов*

әдебиеттану мен фольклордың теор.-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңбектер жазды. Ә. абайтануды дербес ғылым саласы деңгейіне көтерді, оны зерттеудің бағытбағдарларын, принциптерін анықтады, жүйелі, біртұтас ғыл. тұжырымдамасын жасады. Ә. баспаға дайындаған Абай шығармаларының толық жинағы 1933 ж. жарық көрді. Абайдың өмірбаянын Ә. қайта-қайта түзетіп, толықтырып, бастан-аяқ төрт рет (1933, 1940, 1944, 1950) жазып шықты. ҚазМУ-да абайтану пәні бойынша оқыған дәрістерін жинақтап, іргелі монография («Абай Құнанбаев», 1967) жариялады. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде де Ә. дүниежүз. аса маңызды мәселелерді шешуге, халықтардың рухани ынтымақтастығын дамытуға елеулі үлес қосты. 1961 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тына оның есімі берілді, ин-т құрамында ғыл. бөлім ретінде Әуезов үйі (1963) ашылды, ескерткіштер орнатылды. Қазақ академ. драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, ауыл, көше, мектептер Ә. есімімен аталады. Ә-тің өмірі мен шығарм. жазушылар мүсіншілер мен кескіндемешілердің өнеріне арқау болды. Жазушы-ғалымның туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде аталып өтті (1997). Қазақ теледидары ұлы жазушы шығарм-на арналған 12 сериялы телехабар (авторы А.Тойбаева) түсірді. Әр жылдары КСРО мәдениет қайраткерлері өкілдерінің қатарында ГДР-де (1955), Үндістанда (1955, 1961), Чехословакияда (1956), Жапонияда, АҚШ-та (1960) болды. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты (1955, 1959). Лениндік сыйл. (1959) пен КСРО Мемл. сыйл. (1949) лауреаты. Ленин (1957), Еңбек Қызыл Ту (1945, 1956) және «Құрмет Белгісі» (1951) ордендерімен марапатталған.

**ӘШІМБАЕВ** Түймебай (20.5. 1918, Жамбыл обл. Шу ауд. Балуан Шолақ а. – 15.3.1995, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (1967), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1978).


*Т.Әшімбаев*

2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1941–45). Соғыс аяқталған жылы «ұлтшыл» деген жалған айыппен тұтқынға алынып, алты жыл (1945–51) саяси қуғын-сүргіннің азабын тартқан. ҚазМУ-ды

бітірген (1957). 1958 жылдан Экономика ин-тында ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы, сектор меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1973 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-ттың директоры болды. Ә-тың ғыл. еңбектері Қазақстандағы негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалану, өндіріс қарқынын жеделдету және оның экон. тиімділігін арттыру, инвестиция мен негізгі қордың ұдайы өндірісі, еңбек өнімділігін арттыру, қор қайтарымы және қор сыйымдылығы мәселелеріне арналған. Оның өндірістік мүдде, ынталандыру және экономиканы басқару жөніндегі зерттеулерінде нарықтық экономикаға көшу, республика өндіргіш күштерінің жағдайы, даму барысы проблемаларына баса назар аударылған. Ә. 350-ден астам ғыл. еңбектің авторы, олардың 17-сі монография.

**ӘШІМОВ** Әбдіғаппар (1.1.1937 ж.т., Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Бірлік а.) – тех. ғыл. докт. (1972), проф. (1973), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1981). Қазақ политех. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті), Мәскеудегі Болат және қорытпалар ин-тының аспирантурасын (1963) бітірген. 1963–89 ж. Қазақ политех. ин-тында аға инженер, доцент, кафедра меңгерушісі, 1976–85 ж. осы ин-ттың ректоры, 1989–91 ж. Матем. және мех. ин-ты директорының орынбасары, 1991–94 ж. Ақпараттану және басқару проблемалары ин-тының директоры, 1994–97 ж. ҚР Мемл. аттестац. к-тінің төрағасы болды. 1997 жылдан Ақпараттану және басқару проблемалары ин-тында бөлім меңгерушісі. Ә-тің негізгі ғыл. еңбектері бірегейлендірудің теор. негіздері, автоматтық басқару теориясы, жүйелік талдау, ұйымдастыру жүйелерін басқару, өндірістік процестерді жобалау мен ғыл.-зерт. жұмыстарын автоматтандыру, т.б. мәселелерді зерттеуге арналған. Халықтар достығы орденімен және медальдармен марапатталған.



*Ә.Әшімов*

**ӘШІМОВ** Ондасын Байкенұлы (21.3.1951 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Зеренді ауд. Зеренді а.) – тех. ғыл. докт. (1992), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Халықар. жоғары мектебі және ҚР Инж. академияларының акад. (2006). Қазақ политех. ин-тын бітірген (1973, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті). 1973–75 ж. сол ин-тта зерттеуші, 1975–96 ж. Алматы энергетика және байланыс ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы, лаб. меңгерушісі, проректор (1994–96) болды. 1996 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінің проректоры. Негізгі ғыл. еңбектері электрлі терм. аппараттарды құрастырудың, электр технологиясының және энергия сақтаудың теориясы мен практикасын зерттеуге арналған.



*О.Әшімов*

# Б

**БАЗАНОВА** Нәйлә Оразғұлқызы (11.11.1911, қазіргі Бішкек қ. – 11.1.1993, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1945), проф. (1946), Қазақстан ҒА-ның акад. (1951), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1960). Қазақ әйелдері арасынан шыққан тұңғыш биолог. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1932, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және аспирантурасын бітірген (1935). Осы ин-тта ассистент, доцент, проф. (1932–47), кафедра меңгерушісі (1946–66), Қазақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1948–51), Қазақстан ҒА-ның Биол. бөлімінің акад.-хатшысы (1951–62), Физиол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1966–86), ал 1986–93 ж. сол ин-ттың құрметті директоры болды. «Кейбір ауыл шаруашылық малдардың қан айналысы мен тыныс алуының реттелуінің онтогенездік дамуы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері ірі қара малдың ас қорыту ерекшеліктерін және жас төлдің өсуі мен физиологиясын зерттеуге арналған. Ол малдың ішек-қарнындағы мембраналы ас қорыту механизмін ашып, ішек-қарын кене-



*Н.Базанова*

ресіндегі ас қорыту күйіс малына да тән екенін дәлелдеді. Малды пропион қышқылды ашытқы қосылған сүрлемнің жаңа түрімен азықтандыруды ұсынды. 2–5-сайл. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты (1946–62). Ленин (1960), Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (1966), екі рет «Құрмет Белгісі» (1944, 1951) ордендерімен марапатталған.

**БАЙБАРАҚОВ** Ешімбет (18.7.1938 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Ұзынбұлақ а.) – экон. ғыл. докт. (1987), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. а. ш. қызметкері (1990). Алматы зоотех.-малдәрігерлік (1962) және Қазақ а. ш. ин-тын бітірген (1969). Әкімш.-шаруашылық органдарында жауапты қызметтер атқарған (1962–74). Бұдан кейін



*Е.Байбарақов*

«Абай» өндірістік құс ш. бірлестігінің бас директоры (1974–94), «Абай» аймақтық акцион. компаниясының президенті болды (1994–96). Қазақ мемл. басқару академиясының проректоры (1994–96), ал 1999 жылдан сонда проф Б-тың ғыл.-зерт. жұмыстары құс ш. технологиясын жетілдіруге, ондағы өнімнің өзіндік құнын кемітуге, еңбек өнімділігін және шығын қайтарымдылығын арттыруға негізделген. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**БАЙҒҰНШЕКОВ** Жұмаділ Жаңабайұлы (8.7.1947 ж.т., Жамбыл обл. Тараз қ.) – тех. ғыл. докт. (1985), проф. (1987), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Инж. академиясының акад. (1992). Қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-тін бітірген (1971) соң осы ун-тте инженер, ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) стажер-зерттеуші, аспирант, аға оқытушы, доцент, проф. (1972–90), Англиядағы Мидлсекс (1996–98), Ноттингем ун-ттерінде (2000) ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді. Мех. және машинатану ин-тында лаб. меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры (1991–2002), Қазақ ҰТУ-нің машина жасау, технологиялар және экология ин-тының директоры (2000–02) болды. 2002 жылдан Қазақстан – Британ тех. ун-тінің проректоры. «Жоғары класс механизмдерін талдау мен сұрыптаудың сандық әдістері және оларды жаңа



*Ж.Байғұншеков*

түсіргіш-тиегіш және манипуляциялық құрылғыларды жобалауда қолдану» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері механизмдер мен машиналар теориясына арналған. Ол жоғары класты механизмдерді талдаудың және жинақтаудың сандық тәсілін тапты. Соның нәтижесінде жаңа негіздегі жүк көтергіш және манипуляц. құрылғылар жасалды. Б. 400-ге жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 15 монографияның, 80 авторлық куәлік пен патенттердің авторы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл. лауреаты (1980), Халықар. және Ресей инженерлері одағының В.Т.Шухов атынд. алтын медалімен марапатталған (1992).

**БАЙЗАҚОВ** Сәбит (21.3.1940 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Саға а.) – экон. ғыл. докт. (1988), проф. (1989), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақ а. ш. ғыл. академиясының акад. (1994), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (1999). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген соң осы ин-тта ассистент (1965–72), доцент (1972–90), декан (1988–91), проф. (1990–91), Қазақ а. ш. ғыл. академиясының бас ғыл. хатшысы (1991–94), ҚР ҰҒА-да бас ғыл. хатшы (1994–96) болды. Қазақ ұлттық агр. ун-тінің ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (1996–2002), А. ш. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы (2002–2003) міндетін атқара-



*С.Байзақов*

ды. Орман биоценологиясы проблемалары ғыл. орт-ның жетекшісі әрі орманшылық, екпе ормандар және көгалдандыру кафедрасының проф. (2004–11), 2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін Орман ғыл.-инновац. ин-тының директоры. «Пути совершенствования кадастрово-экономической оценки лесных ресурсов и ее использования в управлении процессами воспроизводства лесов (на примере Казахской ССР)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б. орман және орман ш-ның сандық, сапалық тұтастығын ғыл. жағынан негіздеп, оның басты прин-

циптерін жасады. Б. 150-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 4 монография, 2 патент, 8 ұсыныстың авторы. А.И.Бараев атынд. сыйл. лауреаты (2009), «Құрмет» орденімен (2010), медальдармен марапатталған.

**БАЙҚОҢЫРОВ** Өмірхан Аймағамбетұлы (14.9.1912, қазіргі Қарағанды обл. Ұлытау ауд. – 15.3.1980, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1972), проф. (1959), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), Қазақ КСР-інің еңб. сің. жоғары мектеп қызметкері (1971). Қазақ кен-металлургия ин-тын (1940, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Жезқазған кен басқармасында әкімш. қызметтер (1941–52) атқарған. Қазақ кен-металлургия ин-тының (1952–62; 1960 жылдан Қазақ политех. ин-ты) ректоры, Қазақстан ҒА-ның акад.-хатшысы және Кен ісі ин-тында лаб. меңгерушісі (1962–64), Қазақ политех. ин-тында кафедра меңгерушісі (1965–80) болды. Негізгі ғыл. еңбектері жер астында кен қазу жұмыстарын кешенді механикаландыруға, қазба орындарының сейсмик. қауіпсіздігін және тау-кен жыныстарының физ.-мех. қасиеттерін зерттеуге, т.б. арналған. Ол жер астынан кен алу жүйелерінің матрицалық жіктелімін және оларды үйлесімдендірудің геом. тәсілін жасады. Сондай-ақ кен өндірудің тех.-экон. тиімділігі жоғары кенүңгірлік жүйемен шапшаң бұрғылаудың жаңа тәсілін тауып, өндіріске енгізген. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.



*Ө.Байқоңыров*

**БАЙМАҚАНОВ** Мұрат Тәжімұратұлы (1.11.1933 ж.т., Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1973), проф. (1993), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1957). Қазақстанның Әділет мин-нде (1957–59) қызмет атқарып, Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тының аспирантурасын (1962) бітірген. Философия және құқық ин-тының (кейін Мемлекет және құқық ин-тының) кіші (1962–63), аға (1966–71) ғыл. қызметкері, ғыл. хатшысы (1963–66), бөлім меңгерушісі (1971–92), ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1973–84) және директоры (1984–90) қызметтерін атқарды. ҚР Конституц. сотының төрағасы (1992–95) болды. 1995 жылдан «Қайнар» ун-тінің және «Әділет» жоғары құқық мектебінің проректоры. «Социализм тұсындағы құқық қондырмасы дамуындағы қайшылықтар» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б-тың ғыл.-зерт. жұмысының негізгі бағыттары – мемл. құқық пен өкілеттілік жүйесі, конституц. құқық, мемлекет және құқық теориясының мәселелері. Қоғамның құқықтық қарым-қатынастарындағы, құқықтық санадағы сан алуан қарама-қайшылықтарды зерттеп, қоғамдық санада құқықтық түсініктің пайда болуы мен қалыптасуын қарастырған іргелі зерттеу жұмыстарына жетекшілік етті. Қазақстан Республикасы Конституциясының жобасын, сондай-ақ мемл. басқару органдары туралы заң жобаларын жасауға қатысты. «Мемлекетті басқаруды және құқықты дамытудың заңдылықтары» респ. ғыл. кеңесін басқарды. 1978–93 ж. Қазақстан саяси ғылымдар ассоциациясын басқарды. Б. 150-ден астам еңбектің, оның ішінде 14 монографияның авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1973).



*М.Баймақанов*

**БАЙМҰРАТОВ** Ораз (14.9. 1935 ж.т., Солт. Қазақстан обл., қазіргі Мағжан Жұмабаев ауд. Дүйсеке а.) – экон. ғыл. докт. (1973), проф. (1975), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1991), Халықар. және ҚР Инж. академияларының акад. (1992). Мәскеу алтын және түсті металдар ин-тын бітірген (1957). Экон. ин-тының ғыл. қызметкері, аспиранты, бөлім меңгерушісі (1957–80), өндіргіш күштерді зерттеу кеңесі төрағасының орынбасары (1980–83), төрағасы (1983–94) қызметтерін атқарды. Қайта құру кезеңінде Кеңес Одағы Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланып, ондағы Республикалар кеңесі төрағасының орынбасары (1991–92) болды, кейін Қазақстан Республикасы Жоғ. Кеңесінде қаржы, бюджет және банктер жөніндегі тұрақты к-тін (1994–



*О.Баймұратов*

95) басқарды. 1996 жылдан Қазақстанның Қаржы-банк менеджменті ғыл.-зерт. ин-тының директоры. 1971 ж. «Экономическая эффективность капитальных вложений в промышленное производство» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б-тың зерттеулерінің негізгі бағыты – ғыл.-тех. прогрестің экон. тиімділігі, экономиканың басым бағыттарын анықтау теориясы, аймақтарда өндіргіш күштерді дамыту, Қазақстанның әлеум.-экон. даму мүмкіндіктері, нарықтық қарым-қатынасқа көшу мәселелері. Б. Қазақстанның әлеум.-экон. даму бағыттарын ғыл. болжау, Алматы қ., Балқаш, Арал, Каспий өңірлерін кешенді дамыту бағдарламаларын әзірлеуге ат салысты. Б. 230-дан астам ғыл. еңбектің авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1980).

**БАЙПАҚОВ** Карл Молдахметұлы (17.11.1940 ж.т., Алматы обл. Талғар қ.) – тарих ғыл. докт. (1986), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003) және ҚР Әлеум. ғыл. академиясының акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). Ленинград (1964, қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-тін бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында кіші (1966–71), аға ғыл. қызметкер (1971–73), бөлім меңгерушісі (1973–88), археол. орт-ның жетекшісі (1988–91), ин-т директорының орынбасары (1991) қызметтерін атқарды. 1991 жылдан Археол. ин-тының директоры. «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың ортағасырлық қала мәдениеті (VI–XVIII ғасырлар)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Қазақстанның ортағасырлық қалалары тарихын, қала мен дала арасындағы өзара байланысты зерттеп, ғылымда жаңа бағытты дамытты. ЮНЕСКО ұйымдастырған «Жібек жолы» халықар. экспед-на Қазақстан тарапынан жетекшілік етті (1991). ЮНЕСКО-ның Орт. Азия тарихымен айналысатын Халықар. ғыл. к-ті мен «Ұлы Жібек жолы» Қазақстан ұлттық к-тінің мүшесі. Б. 22 монография, 200-ден астам ғыл. мақаланың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1986). «Парасат» орденімен марапатталған.



*К.Байпақов*



*И.Байтулин*

**БАЙТУЛИН** Иса Омарұлы (15.1. 1928 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ.) – биол. ғыл. докт. (1979), проф. (1980), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) бітірген соң осы ун-тте аспирант, Ботаника бағының меңгерушісі, ассистент, аға оқытушы, биол. ф-тінің деканы және кафедра меңгерушісі (1952–75) болды. Қазақстан ҒА-ның Бас ботаника бағының директоры (1975–83), Қазақстан ҒА-ның Биол. бөлімінің акад.-хатшысы (1988), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1990–94), Ботаника (1983–94, қазіргі Ботаника және фитоинтродукция) ин-тының директоры қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы ин-ттың құрметті директоры. Дүниежүз. 16-Ботан. конгрестің құрметті вице-президенті болып сайланған (АҚШ, 1999). 1977 ж. «Экоморфоз корневой системы растений в аридной зоне Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері өсімдік анатомиясы мен физиологиясына арналған. Б. Қазақстанда ризология ғылымының негізін салды. Қазақстанның шөл, шөлейтті аймақтарындағы өсімдіктердің тамыр жүйесінің негізгі белгілерін зерттеді. Оның басшылығымен сырттан әкелінген өсімдіктерді Қазақстанда жерсіндірудің жүйелі-экол. тәсілі ұсынылды. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**БАҚТЫБАЕВ** Әбілхайыр (25.8. 1938 ж.т., Тәжікстан, Қорғантөбе қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1992), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Тәжік мемл. ун-тін (1961) және КСРО ҒА-ның Ленинград физ.-тех. ин-тының аспирантурасын (1970) бітірген. Алғашында Қорғантөбе қ-ндағы орта мектепте мұғалім (1961–62), Тәжік мемл. ун-тінде аға лаборант, ассистент, аға оқытушы, ф-т деканының орынбасары (1962–66, 1971–73) болған. Шымкент қ-ндағы Қазақ хим.-технол. ин-тында аға оқытушы (1973–75), кафедра меңгерушісі (1975–93) және 1993 жылдан Халықар. қазақ-түрік ун-тінің Шымкент қ-ндағы бөлімшесінде кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. «Кинетика разрушения совершенных кристаллов и гетерегенных материалов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл.-зерт. еңбектері негізінен қатты дене физика мәселесіне арналған. Б. 77 ғыл. еңбектің авторы.

**БАЛАБЕКОВ** Оразалы Сәтімбекұлы (14.10.1941 ж.т., Жамбыл обл. қазіргі Байзақ ауд. Жетібай

а.) – тех. ғыл. докт. (1985), проф. (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу хим. машина жасау ин-тын бітірген (1963). Қазақ хим.-технол. ин-тында ғыл. және оқытушылық қызметтер (1963–92) атқарды. Шымкент қ-ндағы Хим. технол. және өнеркәсіптік экол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1992–94), «Қазхимжобалау ғыл.-зерт. ин-ты» акцион. қоғамының президенті (1994–97) бол-



*О.Балабеков*

ды. 1998 жылдан «Ғылыми-инженерлік технологиялық институт» акцион. қоғамының бас директоры әрі Қазақстан ҒА-ның Оңт. Қазақстан бөлімшесінің акад.-хатшысы (1992 жылдан). Негізгі ғыл. еңбектері мен өнертабыстары хим. өнеркәсіп технологиясы мен өнеркәсіп орындарының экологияға ықпалын азайтуға қажетті жаңа процестер мен аппараттарды жасаудың теор. негіздерін жетілдіруге, шаң мен газдан тазартудың жаңа өнеркәсіптік сұлбасын жасауға арналған. Оның жетекшілігімен аппараттардың үш түрлі класы қалыпқа келтіріліп өндіріске жіберілген. Ол 380 ғыл. жарияланымның, оның ішінде 16 монографияның, 82 авторлық куәлік пен патенттің, сондай-ақ табиғат қорғау қызметтері мен кәсіпорындарына арналған бірыңғай нормативтік құжат болып табылатын «Өнеркәсіптік кәсіпорынның экологиялық паспорты» деп аталатын мемл. стандарттың авторы. КСРО өнертапқышы (1982) және құрметті химигі (1991). «Құрмет Белгісі» орденімен (1981) марапатталған.

**БАЛҒОЖИН** Шәбден Әбділғапарұлы (25.5.1925, Алматы қ. – 15.7.2004, сонда) – тех. ғыл. докт. (1971), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген (1950) соң осы ин-тта аспирант, оқытушы, доцент, проф.



*Ш.Балғожин*

(1950–74), Кен ісі ин-ты директорының орынбасары (1974–88), директоры (1976–87) және лаб. меңгерушісі, Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі (1976–93), ал 1993 жылдан зейнет демалысында болды. 1970 ж. «Научно-технические основы совершенствования организации очистных работ на шахтах Карагандинского бассейна» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-нің 260-тан астам ғыл. жарияланымы бар; ғыл.-зерт. еңбектері көмір шахталарындағы кен қазбаларын бекіту мәселелерінің теор. негіздеріне, кен жұмыстарын жаппай электрлендіруді жетілдіруге арналған. Ол Қарағанды шахталарынан көмірді алудың тиімді әдістерін өндіріске енгізуді, шахталарды метан газынан тазалау және оны энергет. шикізат көзі ретінде пайдалану жолдарын ұсынды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

**БАЛМҰҚАНОВ** Сайым Балуанұлы (20.9.1923 ж.т., Ақтөбе обл. Темір ауд. Қалмаққырылған а.) – мед. ғыл. докт. (1959), проф. (1961), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Алматы мемл. мед. ин-тын (қазіргі Қазақ мемл. мед. ун-тін) бітірген (1943). Хирургия ин-тының аспиранты, ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі (1946–53), Алматы мед. ин-тында рентгенол. және радиол. кафедрасының меңгерушісі



*С.Балмұқанов*

(1953–60), Өлкелік патол. ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1960–62), Онкол. және радиол. ғыл.-зерт. ин-тында директордың орынбасары (1962–95), директоры (1969–74), лаб. меңгерушісі болды. 1996 жылдан осы ин-ттың құрметті директоры. 1958 ж. «Влияние функционального состояния нервной системы некоторых лучевых реакций» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Б-тың негізгі ғыл. еңбектері онкология және радиология, сәулемен емдеу мәселелеріне арналған. Б. қатерлі ісікті анықтау, одан сақтану әдістерін жетілдіру, уытты ісіктерді хирург. жолмен және жаңадан шыққан радиомодификаторларды пайдаланып, сәулемен емдеу әдістерін тапты. Ол дүние жүзі дәрігерлерінің «Ядролық соғысты болдырмау» халықар. қозғалысының қазақстандық ассоциациясының төрағасы. Халықар. Бейбітшілік сыйл. лауреаты (Жапония, 1997), 2 рет Ленин орденімен марапатталған.

**БАТТАЛОВА** Шәрбан (15.8.1921 ж.т., Қарағанды обл. Шет ауд.) – хим. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1993). Мәскеу мемл. ун-тін (1948) және оның аспирантурасын (1952) бітірген. 1952 жылдан Хим. ғылымдары ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1956–59 ж. осы ин-ттың тапсыруымен Қазақ қыздар пед. ин-тында химия кафедрасын ұйымдастырып, онда дәріс берді) болды. «Қазақстанның кейбір бентониттерінің катализдік және тазартқыштық қасиеттері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері алюмосиликаттар катализіне және әр түрлі хим. заттардың сорбтану қасиеттерін зерттеуге арналған. Ол Қазақстандағы минералдық шикізаттардан алынатын қосылыстарды тазарту мақсатымен көмірсутектерге және сорбенттерге әсер ететін катализаторлар алу, оларды қолдану мәселелерімен шұғылданды, алюмосиликаттардың катализдік әсері мен сорбтану қасиеттері арасындағы байланысты анықтады. Б. 200 ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монографияның авторы, 6 авторлық куәлігі бар. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.



*Ш.Батталова*



*Ф.Бәйімбетов*



*С.Бәйішев*

**БӘЙІМБЕТОВ** Фазылхан (22.12.1939, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Алтынсарин а. – 2011, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1995), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Новосибирск мемл. ун-тін (1963), Тбилиси мемл. унтінің аспирантурасын (1968) бітірген. 1963–73 ж. Қостанай пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, доцент, 1973–99 ж. ҚазМУда (қазіргі ҚазҰУ) доцент, кафедра меңгерушісі, декан (1990–92) болды. 1999 жылдан проректор. 1994–95 ж. ҚР ҰҒА физ.-матем. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысының орынбасары болды. Б-тің негізгі ғыл. еңбектері заттардың сұйық, газ тәрізді және плазма күйлерінің физикасына, плазмадағы және тығыз газдағы тасымалдау процестері мен релаксац. құбылыстардың кинетик. теориясын зерттеуге арналған.

**БӘЙІШЕВ** Сақтаған (1.10.1909, Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Ақжар а. – 18.6.1982, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, экон. ғыл. докт., проф. (1962), Қазақстан ҒА-ның акад. (1956), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Марксизм-ленинизм ин-тын бітірген (Алматы, 1937). Қазақ марксизм-ленинизм ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1937–38), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы (1938–41) қызметтерін атқарды, осылармен бір мезгілде Алматы жоғары оқу орындарында дәріс оқыды. 2-дүниежүз. соғысының басынан аяғына дейін қатысқан (100-атқыштар бригадасының, 364-атқыштар дивизиясының саяси бөлім бастығы, Кеңес Армиясы Саяси бас басқармасы аппаратында жауапты қызметкер болды). 1946–56 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тының директоры, 1956–68 ж. Қазақстан ҒА-ның вице-президенті қызметімен қатар Экономика ин-тының директоры (1963–67), 1968–82 ж. осы ин-ттың бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Осы жылдары ол елімізде ғыл. кадрлар даярлау, жаңа ғылым салаларын қалыптастыру ісіне елеулі үлес қосты. Оның ұсынысы бойынша Партия тарихы ин-тында арнаулы аударма секторы құрылды. Мұнда көптеген әлеум.-экон. ұғымдардың қазақ тіліндегі баламалары тұңғыш рет тілдік айналымға енгізіліп, әлеум.-экон. әдебиетті ғыл. тұрғыда аударудың негізі қаланды. Б-тің ғыл. еңбектері Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың тарихын, республика экономикасының даму кезеңдері мен саяси экономика мәселелерін зерттеуге арналған. Б. 300-ден аса ғыл. мақала, 7 монография жариялады. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1968). КСРО орден, медальдарымен марапатталған.

**БӘКЕНОВ** Мұхтар Мұқашұлы (6.7.1933 ж.т., Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1983), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад.

(2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1985), ҚазМУ-ды бітірген (1956, қазіргі ҚазҰУ). Ақшатау кен басқармасында геолог (1956), 1956–60 ж. Майқайың кешендік геол.-барлау экспед-ның геологы, аға геологы, 1960–84 ж. Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аспирант, кіші ғыл. қызметкер, доцент, декан, проректор (1985–90), 1990–92 ж. Қазақстан Геол. және жер қойнауын қорғау к-тінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1992 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінде кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның сирек және асыл металл кендерін зерттеуге арналған. Б. бұл кендерді формац.-генетик. топқа бөлудің жаңа ғыл. негізін және металлогендік аудандастырудың жаңа принциптерін ұсынды, кентас түзілуінің эндогендік аймақтылығының сұлбасын жасады, асыл металдардың геохим. орналасуының жаңа түрлерін тапты. Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. лауреаты (1989).



М.Бәкенов

**БЕЙСЕМБАЕВ** Серікбай (27.12.1912, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а. – 20.12.1989, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1969), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Харьков сауда ин-тын бітірген (1936). 1936–37 ж. әскер қатарында, 1937–39 ж. Қазақстан БЛКЖО ОК-нің нұсқаушысы болды. 1939–44 ж. Минск, Борисов және Архангельск қ-ларындағы әскери уч-щелерде қызмет етті. 1944–48 ж. Қазақстан КП ОК-нің Жоғары партия мектебі директорының орынбасары, 1949–51 ж. сонда аға оқытушы, 1952–55 ж. ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, 1955–63 ж. Қазақстан КП ОК-нің ғыл. және мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1964 жылдан ғұмырының соңына дейін Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тының директоры болды. Негізгі ғыл.-зерттеулері Қазақстан мен Орта Азиядағы саяси партиялардың құрылу тарихына, КОКП ұйымдарының қызметін талдауға арналған. Республикада архивтік құжаттардың жиналуын ұйымдастыру, кадрлар даярлау ісіне үлес қосты. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1971). Еңбек Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.



С.Бейсембаев

**БЕЙСЕНОВА** Әлия Сәрсенқызы (25.3.1932 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу кенті) – геогр. ғыл. докт. (1984), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Халықар. жоғары мектеп ғыл. (1996), «Экология» халық (1995) және ҚР Білім (2005) академияларының акад. Қазақ КСР-і еңб. сің. жоғары мектеп қызметкері (1987), ҚР Президенті жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі (1998). ҚазПИ-дің геогр. ф-тін (1954, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1963) бітірген. Қазақ біріккен мемл. баспасының редакторы (1954–59), Қазақ календары редакциясының аға редакторы (1959–60), Қазақ пед. ин-тының физ. геогр. кафедрасының ассистенті (1963–65), аға оқытушысы (1965–68), доценті (1968–81), кафедра меңгерушісі (1981–91), деканы (1991–2004) қызметтерін атқарды; 2004 жылдан ун-т жанындағы ғыл.-әдістемелік орттың жетекшісі. «Қазақстан табиғатын зерттеу және физика-географиялық идеялардың дамуы (көне заманнан 1917 жылға дейін)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – Қазақстанның физ. географиясы, экологиясы мәселелері. Б. жоғары және орта мектептерге арнап оқулықтар, әдістемелік құралдар жазды. Оның ұйымдастыруымен ұлттық экол. білім беру тұжырымдамасы жасалды, Алматы мемл. ун-тінде экол. кафедрасы құрылып, Қазақстандағы тұңғыш эколог-географ мамандар даярланды. Б. 350-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 20 монография, геогр. атлас пен оқулықтардың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (2001). «Құрмет» (1997), «Парасат» (2007) ордендерімен, медальдармен марапатталған.



Ә.Бейсенова

**БЕКЛЕМИШЕВ** Николай Дмитриевич (25.9.1915, Мәскеу обл.

Малахов дер. – 20.10.2002, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1955), проф. (1958), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1962). Вильнюс ун-тін бітірген (1939). 1940 ж. Қазақстанға жер аударылды. 1940–45 ж. Алматы обл. Балқаш ауд. Құйған а-нда ауылдық дәрігерлік бөлімше меңгерушісі, 1945–49 ж. Алматы мемл. мед. ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) ассистенті, 1949–72 ж. Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1972–86 ж. Қазақ эпидемиол., микробиол. және жұқпалы аурулар ғыл.-зерт. ин-тында (қазіргі Гигиена және эпидемиол. ғыл.-зерт. орт.) директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары болды. 1986 жылдан қазіргі Гигиена және эпидемиол. ғыл.-зерт. орт-нда әуелі құрметті директор, одан соң құрметті кеңесші қызметтерін атқарды. 1953 ж. «Хронический бруцеллез» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл.-зерттеулері иммунол., аллергол., силикоз, сарып (бруцеллез) сырқаттарының себебін анықтау, емдеу тәсілдерін табу мәселелеріне арналған. Ол Қазақстанда тараған тыныс жолы аллерг. ауруларының себебін анықтау тәсілдерін жетілдірді және адам денесінің аллергендерге жауап реакциясын зерттеді, сарып микробы тудыратын аллерг. реакцияның табиғи сырын ашты. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1980). Қазан революциясы, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.

**БЕКТҰРҒАНОВ** Нұралы Сұлтанұлы (7.1.1949 ж.т., Астана қ.) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Ұлттық инж. (1993), Халықар. инж. академияларының акад. (1994). Қазақ политех. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген (1971). Химия-металлургия ин-тында (Қарағанды қ.) инженер, кіші және аға ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы, лаб. меңгерушісі (1971–92) болды. Қазақстан ҒА Орт. Қазақстан бөлімінің акад.-хатшысының орынбасары, Қарағанды обл. әкімінің орынбасары (1992–97), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің ішкі саясат департаментінің директоры (1997–2000), ҚР Білім және ғылым министрі, вице-министрі (2000–04), «Химиялық-технологиялық зерттеулер орталығы» респ. мемл. кәсіпорнының бас директоры; «Жер, металлургия және байыту жөніндегі ғылымдар орталығының» бас директоры, президенті; «Самғау» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» Басқарма төрағасының орынбасары (2004–08) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» Басқармасының Төрағасы. «Физико-химические основы и технология подготовки окисленных и смешанных руд тяжелых цветных металлов к флотационному обогощению методом гидротермальной сульфидизации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қиын байытылатын полиметалл шикізатын кешенді өңдеудің күрделі хим. байыту процестерін зерттеуге арналған. Б. тотыққан минералдардың сульфидті минералдарға түрленуінің физ.-хим. заңдылықтарын ашты. Оның негізінде ауыр түсті металдардың тотыққан кентасын флотац. байытуға дайындаудың жаңа технол. тәсілдері ұсынылды. Б. 500-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 20 монографияның, 75 КСРО және ҚР авторлық куәліктері мен патенттерінің авторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2005). Бірнеше медальдармен марапатталған.

**БЕКТҰРОВ** Әбікен (25.12.1901, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 22.12.1985, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1945), проф. (1946), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1945). Омбы а. ш. ин-тын (1931), Орта Азия мемл. ун-тінің аспирантурасын (1935) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан (1935–51), Қазақстан ҒА Хим. ғылымдары ин-тының директоры (1946–68), сол ин-ттың анорганик. синтез лаб-н және анорганик. хим. бөлімінің мең-



*Н.Д.Беклемишев*



*Н.Бектұрғанов*



*Ә.Бектұров*

герушісі (1968–85). Қазақстан ҒА-ның Минералдық қор бөлімінің акад.-төрағасы болды (1968–85). «Қаратау фосфоритінен алынатын термофосфаттардың химиясы мен технологиясын зерттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері минералды тыңайтқыштар өндіру мен минерал тұздарды өңдеудің химиясына және технологиясына арналған. Б. фосфатты шикізаттарды өңдеудің қышқылдық, терм., сондай-ақ фторсызданған мал азықтық фосфат өндірудің циклондық әдістерін тауып, өндіріске енгізді. Қаратау фосфоритінен минералдық тыңайтқыштар өндіру әдістерін жүйеледі. 500-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монографияның, 20-ға жуық КСРО авторлық куәліктерінің авторы. Ленин, Қазан революциясы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. 1991 жылдан Қазақстан Хим. ғылымдары ин-ты Б-тың есімімен аталады.

**БЕКТҰРОВ** Есен Әбікенұлы (14.12.1931 ж.т., Өзбекстан, Ташкент қ.) – хим. ғыл. докт. (1974), проф. (1976), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. тех. және ғыл. қайраткері (1986). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1957) бітірген. 1958–97 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары интында полимерлер физ.-хим. лаб-ның кіші, аға ғыл. қызметкері, меңгерушісі (1966–97) болды. 1997 жылдан осы ин-ттың бас ғыл. қызметкері. 1972 ж. «Еріткіштер табиғатының дифильді макромолекулалардың гидродинамикалық қасиеттеріне әсері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері суда еритін және ісінетін полимерлер мен полиэлектролиттердің кешенді түзілуін және физ.-хим. қасиеттерін зерттеуге арналған. Ерітіндідегі баяу әсерлесетін жүйелерді зерттеудегі уақыттың мәнін алғаш рет көрсетті. Еріткіш табиғатының сұрыпталып өзгеру әдісінің жаңа нұсқасын ұсынды. Полимерлердің құрылымына, макромолекулалардың термодинамик. иілгіштік қасиетіне ортаның әсер етуі сияқты бірқатар заңдылықтарды ашты. 850-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 32 монографияның, 18 авторлық куәліктің авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. (1986) және ЮНЕСКО-ның Н.Бор атынд. алтын медалінің лауреаты (1997).

**БЕНЬКОВСКИЙ** Василий Григорьевич (25.1.1925, Украина, Одесса қ. – 21.1.1986, Ресей, Уфа қ.) – тех. ғыл. докт. (1952), проф. (1953), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Одесса мемл. ун-тін бітірген (1940). 1940–67 ж. «Қазақстанмұнай» бірлестігінде жұмыс істеді. 1960–67 ж. Қазақстан ҒА-ның Мұнай және табиғи тұздар химиясы ин-тының директоры, 1967–86 ж. КСРО ҒА Башқұрт бөлімшесінің Хим. ин-тында лаб. меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері мұнай химиясы мен физ.-химиясына арналған. Б. төмен температурада мұнай эмульсиясы мен оның құрамындағы көмірсутектерінің өзгерістерін, мұнайды алғашқы өңдеу кезінде алынатын азотты негіздердің құрылысын зерттеген. Жер асты мұнай құбырларын хим. жолмен қорғау әдістерін анықтау мәселелерімен шұғылданды. Пайдаланылған күкірт қышқылын қайта өңдейтін қондырғылар жасауға қатысты. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

**БЕРДІБАЙ** Рахманқұл (2.12. 1927, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. Ащысай кенті – 3.4. 2012, Түркістан қ.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1984), ҚР-ның еңб. сің. мәдениет қызметкері (1992). Қызылорда пед. ин-тын бітірген (1949). Оңт. Қазақстан обл-ның Жетісай, Түркістан ауд. орта мектеп директоры, ауд. оқу бөлімінің инспекторы (1949–53), ҚазМУ-дың аспиранты (1953–55), «Қазақ әдебиеті» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1955–58), Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1959–68), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының жауапты хатшысы (1968–70), Әдебиет және өнер



*Е.Бектұров*



*В.Г.Беньковский*



*Р.Бердібай*

ин-тында ғыл. қызметкер, фольклор бөлімінің меңгерушісі (1970–97), 1997 жылдан өмірінің соңына дейін Халықар. қазақ-түрік ун-ті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. «Қазақ романдарының теориялық мәселелері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Б-тың ғыл.-зерттеулерінің ауқымы өте кең. Ол қазіргі заманғы қазақ әдебиеті мәселелеріне, оның ішінде роман жанрының проблемаларына терең талдаулар жасады. Эпостық жырлардың шығу тегі мен олардағы тарихи оқиғалар көріністеріне жан-жақты барлау жасап, қазақ эпостарының өзге түркі халықтары әдеби мұраларымен тамырластығын ашып көрсетті. Мұсылмандық шығыс әдебиетіндегі ұлы тұлғалардың өмірі мен шығарм-н зерттеп, олардың қазақ әдебиетіне тигізген ықпалын саралады. Ғалымның «Байқалдан Балқанға дейін» (1996) еңбегі үшін 1998 ж. «Түрік дүниесіне қызмет» халықар. сыйл. берілді. Ол алты томдық «Қазақ әдебиетінің тарихын», бірнеше оқулықтарды, т.б. іргелі еңбектерді жазуға қатысты. Ұзақ жылдар бойы Алматы қ-лық қазақ әдебиеті мен өнер ун-тінің ректоры ретінде тағылымы мол рухани-ағартушылық жұмыс жүргізді. Б. Түркия Түрік тілі құрылымының, Халықтық (экологиялық), Халықар. Айтматов академияларының акад., Ш.Уәлиханов атынд., М.Қашқари атынд. Халықар., «Түркі әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**БЕРСІМБАЕВ** Рахметқажы Іскендірұлы (8.3.1947 ж.т., Ресей, Алтай Респ. Қосағаш ауд. Жазатыр а.) – биол. ғыл. докт. (1986), проф. (1989), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Новосибирск мемл. унтін бітірген (1969). 1975–95 ж. ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, декан болды. 1995 жылдан Жалпы генетика және цитология ин-тының директоры, Еуразия ұлттық ун-тінің проректоры. Б-тың негізгі ғыл. еңбектері жануарлар мен өсімдіктер геномының функционалдық құбылыстары заңдылығының молек. механизмдерін, гендік реттеуіш жүйелерді клеткалық және тіндік деңгейде зерттеуге арналған. Генетик. тұрақсыздықтың, өсімдіктер генетикасының арнайы мәселелерін зерттеп, ген активтілігінің каскадтық жолмен реттелуін дәлелдеді. Дрозофила шыбынындағы мутацияның генетик. тұрақсыздығын анықтады. Геномның клеткалық және молек. реттелу механизмін зерттеді. 1983–84 ж. Лондон қ-ндағы Ұлттық мед. ғыл. ин-тында, Ганновердегі мед. ғыл.-зерт. орт-нда (1988; 1991); Гейдельбергтегі Еуропалық молек.-биол. лаб-нда (1988) және Астон унтінде (1994) ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді.


*Р.Берсімбаев*


*У.Бишімбаев*

**БИШІМБАЕВ** Уәлихан Қозыкеұлы (27.10.1946 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Тұрар Рысқұлов а.) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Ұлттық Инж., Халықар. Инж. Академияларының акад., Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері. Қазақ хим.-технол. ин-тын бітірген (1968). Мәскеу хим.-технол. интында аспирант (1969–72), Қазақ хим.-технол. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1972–76), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс инты Қызылорда бөлімшесінің директоры (1976–90), Қызылорда агроөнеркәсіптік өндіріс инженерлері ин-тының ректоры (1990–96), Тараз мемл. ун-тінің ректоры (1996–2001), Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің ректоры (2001–12) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан ҚР-ның Мәжіліс депутаты. «Рациональное использование нефтебитуминозных пород и некондиционного сырья Западного Казахстана и Приаралья» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері табиғи қорларды тиімді пайдаланудың хим. технологиясына, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған. Батыс Қазақстан мен Арал өңіріндегі мұнайлы битумды, сапасыз сазды жыныстарды және өнеркәсіп қалдықтарын өңдеу мен өндірісте қайта қолдану әдіс-тәсілдерін зерттеді. Б. 800-ден аса ғыл. еңбектің, оның ішінде 31 монографияның, 14 патенттің, 6 авторлық куәліктің авторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2005). «Құрмет Белгісі» (1982) және «Құрмет» (2003) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**БИЯШЕВ** Ғақаш Зәкиұлы (10.10.1906, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Қамысты а. – 20.11.1987, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1947), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қа-


*Ғ.Бияшев*


*С.Н.Боев*


*И.И.Бок*

зақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Орта Азия мемл. ун-тін бітірген (1931). 1931–36 ж. Аққабақ тәжірибе ст-нда ғыл. хатшы, Бүкілодақтық мақта ш. ғыл.-зерт. ин-тында (Ташкент) ғыл. қызметкер, аспирант, 1936–50 ж. Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, 1950–57 және 1961–65 ж. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, 1957–61 ж. Қазақ а. ш. ғылымдары академиясының вице-президенті, 1965–78 ж. Қазақстан ҒА-ның Ботаника интының директоры, 1978–87 ж. лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері өсімдіктер генетикасы мен селекциясына арналған. Б. қант қызылшасы мен қоза биологиясын зерттеп, оларды Қазақстанда өсіру жүйесін жасады. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

**БОЕВ** Сергей Николаевич (17.1. 1905, Батыс Қазақстан обл. Орал қ. – 12.6.1987, Алматы қ.) – ветеринария ғыл. докт. (1953), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1947). Саратов зоотех.-малдәрігерлік ин-тын бітірген (1932). 1932–54 ж. Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тының лаб. меңгерушісі, директордың орынбасары (1954–55). 1956–80 ж. Зоол. ин-тында лаб. меңгерушісі, 1980–87 ж. ғыл. кеңесші болды. Негізгі ғыл. еңбектері үй малдары мен тұяқты жабайы аңдарда кездесетін гельминттерді зерттеуге арналған. Ол малда болатын құрттардың, әсіресе, тұяқты жануарлардың өкпесіндегі жұмыр құрттардың (нематодалар) түр сипатын, жүйеленуін зерттеді. Өкпе құрттарының 11 жаңа түрін ашты, туыстас, тұқымдас жіктеулерін жетілдірді; қойдың, сиырдың, түйенің, шошқа мен бұғының ас қорыту органдарында болатын құрттар терең зерттеліп, олармен күресу шаралары белгіленді. Ол тұңғыш рет ішек-қарын құрттарынан сақтану мақсатында малға фенотиазин дәрісін тұзбен, жеммен қоса пайдалану тәсілін ұсынды. Қазақстанда кездесетін трихинеллез, көп камералы эхинококкоз ауруларының табиғатын зерттеді. Гельминтологияда егіз-қосарлы түрлерді, табиғи ошақты аурулардың пайда болуының теор. мәнін ашуға көп үлес қосты. К.И. Скрябин атынд. сыйл. лауреаты (1980). 2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**БОК** Иван Иванович (10.10.1898, Башқортостан, Белебей қ. – 30.9. 1983, Санкт-Петербург қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1948), проф. (1948), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақ КСР-інің ғыл. мен техникаға еңб. сің. қайраткері (1955). Орал тау-кен ин-тын бітірген (1928). 1928–36 ж. Орал геол. барлау партиясының бастығы, Қазақ геол. тресінде аға геолог, 1938–68 ж. Қазақ тау-кен металлургия ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) доцент, кафедра меңгерушісі болды. 1968–75 ж. Қазақстан ҒА-ның әлем және жер жөніндегі ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы болды. Б. Қазақстанның ультранегіздік жыныстарының петрологиясы жөніндегі іргелі еңбектердің, кен орындарының геологиясы, кен түзілу теориясы бойынша алғашқы оқулықтардың авторы, Орт. Қазақстанның (Сарыарқаның) болжамдық металлоген. картасын құрастыруға қатысқан. Никель сульфидті кен орындарының қалыптасу мәселелерін жете зерттеп, Қазақстанның никель-кобальт кендерінің жіктелімін жасаған. Лениндік сыйл. лауреаты (1958). Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**БООС** Эрнст Гербертович (17.8. 1931 ж.т., Украина, Нижнегорск ауд. Кир-Ички дер.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1976), проф. (1978), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1955–56 ж. Физ.-тех. ин-тында аға инженер, 1956–70 ж. Ядр. физ. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, 1970–90 ж. Жоғары энергия физикасы ин-тында лаб. меңгерушісі, 1990–94 ж. осы ин-ттың директоры болды. 1994 жылдан Физ.-тех. ин-тында лаб. меңгерушісі. 1975 ж. «Адрондардың

көптік құрылымын үдеткіште мүмкін болатын энергия арқылы протон-нуклонды әсерлеу бойынша зерттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері жоғары энергиялы протондардың нуклондармен және атом ядроларымен серпімсіз өзара әсерлесуін зерттеуге арналған. Ол элементар бөлшектерді статист. бірегейлендіру тәсілін және зарядталған бөлшектердің иондану шығынының тығыздығын анықтаудың автоматтық тәсілін тапты. Қазақстанда энергетиканың жаңа салаларын дамыту мәселесімен де айналысады. Б. 400-ге жуық ғыл. жарияланымның авторы.



Э.Г.Боос



В.М.Боровский



Р.А.Борукаев

**БОРОВСКИЙ** Владимир Михайлович (18.8.1909, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 15.3.1984, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1956), проф. (1958), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1962). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) ун-тін бітірген (1934). КСРО ҒА ұйымдастырған Орал облндағы (қазіргі Батыс Қазақстан обл.) Жәнібек орман-топырақ зерттеу стационарын басқарды (1934–40). Қызылорда обл. су ш. бөлімінде аға инженер (1940–45), Топырақтану-мелиорация ст-ның директоры (1945–51), Алматыдағы «Средазгипроводхлопоктың» бөлім меңгерушісі (1951–54). ҚазМУ-дың доценті (1954–56), Қазақстан Топырақтану ин-тының бөлім меңгерушісі (1956–58), директордың орынбасары (1956–68), директоры (1968–84) болды. 1955 ж. «Почвы древней дельты Сыр-Дарьи и пути их сельскохозяйственного освоения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанда топырақты мелиорациялау, суғармалы егіншілік, топырақтану, экология, топырақты игеру мен аудандастыру мәселелеріне арналған. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген кең ауқымды зерттеулеріне сүйене отырып, Сырдария, Іле, Шу, Жайық, Талас өзендерінің төм. ағысындағы жерлерді игеру жобасын жасады (Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1984). Б. 230-дан астам ғыл. еңбектердің, оның ішінде 8 монографияның авторы. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**БОРУКАЕВ** Рамазан Асланбекович (24.1.1899, Ресей, Солт. Осетия, Правобережный ауд. Зильга а. – 9.7.1967, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1954), проф. (1958), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1958). Ленинград тау-кен ин-тын бітірген (1931). 1931–38 ж. Бозшакөл геол. бөлімінің бастығы, Қазақ геол. тресінің бас инженері, бастығы, КСРО ҒА-ның Қазақстан бөлімшесінде геол. секторының меңгерушісі, геол.-геогр. бөлімінің бастығы (1938–40), 1941 жылдан Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында директордың орынбасары, директоры (1964–67) болды. Қ.И.Сәтбаевтың жақын әріптесі әрі көмекшісі болған. Б-тың негізгі ғыл.-зерт. жұмыстарының бағыты Қазақстан палеозой дәуірінің тау жыныстарының стратиграфиясын, тектоникасын, палеогеографиясын және кен орындарын зерттеуге арналған. Ол Бозшакөл мыс-молибден кенін ашты. Оның басшылығымен хлорит, фосфорит, полиметалл және бірнеше көмір кені ашылды, сумен қамтамасыз ету мәселелері шешілді. Б. Қазақстанның әр түрлі масштабтағы геол. картасының авторы және редакторы. Лениндік (1958), Қазақ КСР-і Мемл. (1982) сыйлықтарының лауреаты. Қызыл Жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.

**БУКЕТОВ** Евней Арыстанұлы (23.3.1925, Солт. Қазақстан обл., қазіргі Шал ақын ауд. Бағанаты а. – 13.3.1983, Қарағанды қ.) – тех. ғыл. докт. (1967), проф. (1967), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1950, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1950–60 ж. сонда аспирант, ассистент, аға оқытушы, доцент, проректор, 1960–72 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тының директоры (Қарағанды қ.), 1972–80 ж. Қарағанды мемл. ун-тінің ректоры, 1980–83 ж.

Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі болды. «Мыс электролит шламдары арасынан селен және теллур табу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері түсті, асыл және сирек металдар металлургиясына, анорганик. және физ. химия салаларына арналған. Ол сирек және шашыраңқы элементтерді алу үшін әсерлі адсорбенттерді дайындаудың, кентастар мен концентраттарды келесі сатыда өңдеуге дайындау үшін шахта түріндегі аппараттарды қолданудың, металлург. процестерді жеделдетудің жаңа ғыл. бағытын дамытты. Лисаков, Аят кен орындарындағы марганец және темір кентастарын (олардың құрамынан глинозем мен ванадийді бөліп ала отырып) кешенді пайдалану үшін зор еңбек етті. Оның тікелей басшылығымен Балқаш тау-кен металлургия комб-тында мыс электролитін күшәладан тазарту тәсілі зерттеліп, өндіріске енгізілді. Б. сілтілі және қышқылды ортада халькогендер мен халькогенидтер химиясын және технологиясын зерттеп, оның негізін салды (КСРО Мемл. сыйл., 1969). Мыс-электролиттік шламдардан селен, теллур элементтерін бөліп алудың пиро- және гидрохим. әдістерін ұсынды. Д.И. Менделеевтің периодты жүйесіндегі хим. элементтер аналогтарының классификациясына түзетулер енгізді. Металлург. тотықсыздандырғыштар арқылы көмірді сутектендіру мүмкіндігін дәлелдеді. Қазақ, орыс тілдерінде әдеби шығармалар (публицистика, ғыл. және мәдениет қайраткерлері жайлы естеліктер) жариялап, У.Шекспир, В.В.Маяковский, т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды. 226-дан астам ғыл. еңбектің, 9 монография, 116 авторлық куәліктің авторы. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1969). Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған. Қарағанды мемл. ун-ті, Қарағанды қ-нда Б. есімімен аталатын көше бар.


Е.Букетов


Б.А.Быков


Н.Білиев

**БЫКОВ** Борис Александрович (15.12.1910, Ресей, Кострома обл. Галич қ. – 14.5.1990, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1957), Қазақстан ҒА-ның акад. (1961), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1968). ҚазМУ-ды бітірген (1939, қазіргі ҚазҰУ). Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында (қазіргі Ботаника және фитоинтродукция ин-ты) ғыл. қызметкер, директордың орынбасары (1946–60), директор (1960–65), лаб. меңгерушісі (1965–75), ғыл. кеңесші (1976–90) болған. Негізгі ғыл. еңбектері геоботаника мен өсімдіктер жүйеленіміне арналған. Ол 1951–52 ж. Каспий маңы геоботаника экспед-н, 1957–62 ж. Орт. Қазақстандағы биокешендік зерттеулерді, 1964–70 ж. республиканың шөлді өңіріндегі жайылымдарды тиімділікпен пайдалану және жақсарту жөніндегі экспедиц. зерттеулерді басқарды. Республиканың, оның ішінде Жамбыл, Оңт. Қазақстан, Солт. Қазақстан, Атырау облыстарының геоботаник. карталарын құрастырды. Қазақстанның жайылымдары мен шабындықтарының жіктелімін жасады.

**БІЛИЕВ** Назарбай Қыдырұлы (15.9.1935 ж.т., Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Жарқамыс а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1981), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Ресей Жаратылыстану ҒА-ның акад. (1996), ҚР-ның еңб. сің. ғылым және техника қайраткері (1998). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ), КСРО ҒА-ның Матем. ин-тының аспирантурасын (1963) бітірген. 1957–60 ж. Гурьев (қазіргі Атырау) пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы болды. 1963–65 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. секторында жұмыс істеді. 1965–88 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі болды. 1988 жылдан Теор. және қолданбалы математика ин-тының директоры, сонымен қатар 1999 жылдан ҚР ҒА-ның Физ.-матем. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы. «Эллиптические системы дифференциальных уравнений 1-го порядка на плоскости дробных пространств и краевые задачи» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері функ-

ция және функционалдық теория тәсілдерін дербес туындылы дифференц. теңдеулерге қолдану саласына, комплекс айнымалы функциялар теориясына арналған. Ол Никольский – Бесов кеңістігіндегі жалпыланған аналит. функциялар теориясын одан әрі дамытып, оның анализде, геометрияда және механикада қолдану аясын кеңейтті. Б. 150 ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы. Халықар. Хорезми сыйл. лауреаты (1999).

# В

**ВЕРНИГОР** Виктор Андреевич (5.1.1930 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Көкпекті ауд.) – а. ш. ғыл. докт. (1969), проф. (1971). Қазақстан А. ш. академиясының акад. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1952, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ мал. ш. ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, аға ғыл. қызметкер, ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, мал азықтандыру бөлімінің меңгерушісі (1952–69), Солт. мал ш. ғыл.-зерт. ин-тының (1969–78) және Қазақ мал ш. технологиясы ғыл.-зерт. ин-тының (1978–93) директоры, ал 1993 жылдан осы ин-ттың мал азығын дайындау технологиясы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1969 ж. «Силосование кукурузы, корнеплодов и бобовых культур и рациональное использование силоса в кормлении сельскохозяйственных животных» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері мал азығы технологиясына арналған. Ол азықты сүрлемге салу кезіндегі терм., биохим. және микробиол. процестердің өзара байланысын, тиімді параметрлерін тапты. В-дың жетекшілігімен малға азық дайындаудың технологиясы жетілдірілді. Ол алғаш рет Қазақстанда қызылша, асқабақ, картоп, жер алмұрты (топинамбур), т.б. дақылдардан малға құрама сүрлем дайындаудың технологиясын жасады. В. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*В.А.Вернигор*



*В.В.Веселов*

**ВЕСЕЛОВ** Василий Васильевич (17.7.1940, Украина, Харьков қ. – 2005, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1988), проф. (1992). ҚР ҰҒА-ның акад. (2004), Украин Технол. кибернетика ғыл. академиясының акад. (1994), Ресей Жаратылыстану ҒА-ның корр. мүшесі. (1997). Киев мемл. ун-тін бітірген (1965). Қазақстан ҒА Гидрогеол. және гидрофиз. ин-тында инженер, аға инженер, кіші ғыл. қызметкер (1965–69), Қазақ геофиз. тресі Іле геофиз. экспед-нда бас гидрогеолог, ақпараттық-логик. жүйелер партиясының бастығы (1969–71), Қазақстан Геол. мин-нің тәжірибелік-әдістемелік экспед-ның бас геологы (1976–88), Қазақстан ҒА-ның Гидрогеол. және гидрофиз. ин-ты директорының орынбасары, (1988–90), 1990 жылдан директоры (1990–2005) қызметін атқарды. Оның негізгі ғыл. еңбектері гидрогеол. объектілер мен процестердің матем. және ақпараттық үлгісін жасау проблемаларына арналған. Ол гидрогеол. жүйелердің үлгісін жасау, басқару және үйлестіру мәселелеріне жүйелік-ақпараттық тұрғыдан келудің теор. және қолданымдық негіздерін жасады. Бұл гидрогеол. объектілердің тұрақты жұмыс істейтін матем. үлгілерін жасау мен пайдаланудың компьютерлік технологиясын, соның негізінде Оңт. және Солт. Қазақстанның, Арал және Каспий аймақтарының гидрогеол. ақпараттық жүйелерін іске асыруға мүмкіндік берді. Қазақстан ҒА-ның Қ.И. Сәтбаев атынд. сыйл. лауреаты (1991). «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

# Г

**ГАЛУЗО** Илларион Григорьевич (8.4.1899, Ресей, Витебск обл. Даргейка дер. – 10.10.1977, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт.

(1946), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1946). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) малдәрігерлік ин-тын бітірген (1926). 1946 жылдан КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі төрағасының орынбасары, Қазақстан ҒА Төралқасының акад.-хатшысы (1946–51) болды. 1946–77 ж. Қазақстан ҒА-ның Зоол. ин-тында лаб. меңгерушісі, директор (1951–67) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері қансорғыш және қотыр кенелер (КСРО Мемл. сыйл., 1951) мен кейбір қарапайым жәндіктер (тейлерия, токсоплазма, кокцидия, трипанозома) фаунасына, экологиясына және биологиясына арналған. Г. жануарлардың жұқпалы аурулары жөніндегі Е.Н.Павловский ілімін одан әрі дамытып, мал ауруларының табиғи ошақтылығы жөнінде теор. тұжырым жасады, тейлериоз, безноитиоз ауруларының қоздырғыштарының тіршілігін, табиғаттағы айналым жолдарын, айналаға таралуын зерттеді; токсоплазмозды анықтау, одан сақтану әдістерін тапты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.


*И.Г.Галузо*

**ГВОЗДЕВ** Евгений Васильевич (12.12.1918, Ресей, Псков обл. Остров қ. – 21.1.2012, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1967), проф. (1968), Қазақстан ҒА-ның акад. (1979), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1978). ҚазМУ-ды бітірген (1944, қазіргі ҚазҰУ). 1944–97 ж. Қазақстан ҒА-ның Зоол. ин-тында аспирант, лаб. меңгерушісі, директор (1971–88), бас ғыл. қызметкер (1988–97), 1976–88 ж. Қазақстан ҒА-ның вице-президенті болды. 1997 жылдан Зоол. ин-тының құрметті директоры. «Фауна, систематика и экология гельминтов диких животных (рыб, птиц, грызунов и зайцеобразных) Казахстана и природная очаговость гельминтозов домашних птиц» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері жалпы гельминтол. мәселелеріне, Қазақстан балықтары, үй және жабайы құстары, сүтқоректілері паразиттерінің фаунасы мен жүйеленіміне арналған. Г. Қазақстан жерінде бұрын зерттелмеген гельминттер фаунасына көп көңіл бөліп, гельминтоздардың табиғи ошақтылығы жөнінде бірқатар мәселелердің шешімін тапты. Қазақстанда жерсіндірілген пайдалы жануарлардың паразиттер фаунасы, ауланатын жануарлар денесінде масылдық тіршілік ететін жалпақ құрттар мен таспа құрттардың биологиясын зерттеп, жабайы тауықтәрізділер мен қазтәрізділердің гельминтоз ауруларын таратудағы рөлін анықтады, гельминттердің ғылымға беймәлім 8 түрін тапты. Г. 2 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту және 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.


*Е.В.Гвоздев*

**ГИЛЬМАНОВ** Мұрат Құрмашұлы (23.4.1942 ж.т., Қырғызстан, Ош қ.) – биол. ғыл. докт. (1990), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1966, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1968–83 ж. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында аға лаборант, кіші, аға ғыл. қызметкер болды. 1983 жылдан Молек. биол. және биохимия ин-тында лаб. меңгерушісі. Г-тың негізгі ғыл. жұмыстары өсімдіктегі азот айналымының энзимологиясын зерттеуге арналған. Ол жоғары сатыдағы өсімдіктердің минералды азот ассимиляциясы процесінің негізгі көзі – НАДФГДГ-ны никотинамидадениндинуклеотидфосфатглютаматдегидрогеназа) алғаш рет тауып, маңызын дәлелдеді. Өсімдіктердің өсуіне қажетті гормон – цитокининнің молек. және клеткалық механизмдерін ашты. Г-тың басқаруымен жүргізілген зерттеулер гүлді өсімдіктердегі азот айналымының негізгі сатыларын реттеуде және оның негізгі функциясын түсінуде, практик. биотехнол. жаңа мүмкіндіктер ашты. Г. 92 ғыл. жарияланымның, 2 шетелдік патенттің, 9 авторлық куәліктің авторы.


*М.Гильманов*

**ГОЛИКОВ** Владимир Андреевич (1.4.1938 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1985), проф. (1990). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1960–92 ж. Г. Қазақ а. ш.

механикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тында кіші ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, бөлім бастығы. 1992–97 ж. Қазақ А. ш. ғыл. академиясының механикаландыру және электрлендіру бөлімінің акад.-хатшысы қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Ұлттық академиялық агр. зерт. орт-нда бөлім меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанда мал азығын дайындайтын агрегаттар (тіркесімдер) мен жұмыс механизмдерін жобалаудың ғыл.-тех. негіздері мен тәсілдерін жасауға арналған. Оның ғыл. жетекшілігімен жасалған мал азығы цехтарына керекті түрлі машиналар республиканың мал ш. кешендері мен фермаларында кеңінен қолданылады.



*В.А.Голиков*



*М.И.Горяев*



*Э.Ф.Госсен*

**ГОРЯЕВ** Михаил Иванович (1. 10.1904, Ресей, Пермь обл. Горнозаводск қ. – 11.8. 1981, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1943), проф. (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1946). Пермь мемл. ун-тін бітірген (1928). 1931–37 ж. Ленинград сүт өнеркәсібі ин-тында, 1938–39 ж. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі, 1939–41 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің Хим.-технол. ин-тында лаб. меңгерушісі, директор (1942–46), 1946–55 ж. Қазақстан ҒА-ның вице-президенті. 1946–81 ж. Қазақстан Хим. ғылымдары ин-тында лаб. меңгерушісі болды, табиғи және физиол. активті қосылыстар бөлімін басқарды. Негізгі ғыл. еңбектері эфир майларын зерттеуге, оларды өнеркәсіптік жолмен өндіру әдістерін жетілдіруге арналған. Маңғыстау мұнайының құрамындағы қатты парафиндерден белок бөліп алып, оны мал азығы ретінде пайдалануды ұсынды. А. ш-нда қолдану үшін өсімдік өсуін жеделдететін жаңа заттар алып, оларды өндіріске енгізді. Қазақстанда бірінші болып табиғи қосылыстарды хроматограф. әдістермен зерттеді. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ГОССЕН** Эрвин Францевич (18.7.1931 ж.т., Украина, Днепропетровск обл. Молочанск ауд. Лесное с.) – а. ш. ғыл. докт. (1991), проф. (1997), ҚР ҰҒА-ның (1992), Қазақ а. ш. ғыл. академиясының акад. (1999). Көкшетау обл-ndағы (қазіргі Ақмола обл.) Қотыркөл техникумын (1953), Қорған (Ресей) а. ш. ин-тын (1961) бітірген. 1953–59 ж. Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, 1959–82 ж. Қазақ астық ш. ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. істері жөніндегі орынбасары болды. 1982–91 ж. Бүкілодақтық а. ш. ҒА-ның Шығыс бөлімшесі төрағасының орынбасары, 1991–96 ж. Қазақ а. ш. ҒА-ның акад.-хатшысы қызметтерін атқарды. 1996–97 ж. Қазақ мемл. агр. ун-тінің проф. Қазақ жер өңдеу ғыл.-зерт. ин-ты және өсімдіктерді қорғау ғыл.-зерт. ин-тында бас маман, ғыл. қызметкер (1997–2006), 2007 жылдан Көкшетау мемл. ун-тінің кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Негізгі ғыл. жұмыстары топырақ қорғау, егіншілік жүйесі мен астық өндірісінің технологиясын жетілдіруге арналған. Г. эрозияға қарсы қолданылатын техника бойынша 4 авторлық куәлік алған, 220-дан аса ғыл.-зерт. еңбегі бар. Лениндік сыйл. лауреаты (1972). «Достық» орденімен марапатталған (1997).

**ГРИБАНОВСКИЙ** Анатолий Павлович (2.9.1936 ж.т., Ресей, Омбы обл. Москален ауд. Николаевка с.) – тех. ғыл. докт. (1982), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1960). Г. 1960–62 ж. Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд-ндағы кеңшарда механик-бақылаушы, машина-трактор шеберханасының меңгерушісі болды. 1962–91 ж. Қазақ а. ш-н механикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1991–92 ж. Қазақ а. ш. ҒА-ның механикаландыру және электрлендіру бөлімінің акад.-хатшысы, ал 1992–96 ж. осы академияның 1-вице-президенті қызметтерін атқарды.



*А.П.Грибановский*



*В.В.Григорук*



*В.К.Грузинов*

1996 жылдан ҚР Ұлттық академ. агр. зерттеулер орт. бас директорының 1-орынбасары. «Топырақ өңдеу үрдістерін зерттеп, құралдардың өлшемдерін негіздеп, өндіріске енгізу» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері топырақты аудармай өңдеу және қар тоқтатуға арналған машиналар мен құралдарды жобалау теориясы мен өлшемдеріне арналған. Ол дәнді дақылдарды егу, тыңайтқыш енгізу, әсіресе, топырақ эрозиясына қарсы қолданылатын машиналар мен құралдардың кешенін жасауда үлкен еңбек сіңірді. 136 ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 кітап, 18 авторлық куәліктің иегері. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1988). «Құрмет белгісі» орденімен (1986), медальдармен марапатталған.

**ГРИГОРУК** Владимир Васильевич (27.11.1937 ж.т., Украина, Киев обл. Кагарлык ауд. Ставы с.) – экон. ғыл. докт. (1990), проф. (1994). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Украина а. ш. академиясын бітірген (1963). 1963–67 ж. Көкшетау обл. «Комаровский» кеңшарының бас экономисі, 1967–69 ж. Целиноград (қазіргі Ақмола) обл. а. ш. басқармасында бөлім бастығының орынбасары, 1969–75 ж. Қазақ а. ш. экономикасы және ұйымдастыру ғыл.-зерт. ин-тының Целиноградтағы бөлімшесінде директордың орынбасары, 1976–87 ж. осы ин-ттың (Алматы) бөлім меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1988–91 ж. Қазақстан мемл. агроөнеркәсіп к-тінде басқарма бастығы, 1991–96 ж. Қазақ а. ш. академиясының экон. бөлімінің акад.-хатшысы болды. 1996 жылдан ҚР Білім және ғыл. мин-нің Ұлттық академ. агр. зерттеулер орт-нда басқарма бастығының орынбасары. Г-тың негізгі ғыл. жұмыстары жерді тиімді пайдалану, жер қатынастарын жетілдіру мәселелеріне арналған. Агроөнеркәсіптік кешендегі экон. қатынастарды нарық заңдылықтарына сай қайта құру, жоспарлау жүйесі, еңбек төлемі мен өнім бағасы жөнінде әдістемелік құралдарды дайындады.

**ГРУЗИНОВ** Владимир Константинович (7.1.1903, Ресей, Кемерово обл. Новокузнецк қ. – 15. 6.1971, Қарағанды қ.) – тех. ғыл. докт. (1959), проф. (1960), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Томскідегі Сібір технол. ин-тын бітірген (1927). 1927–37 ж. Ресей металлургия з-ттарында инженер, домна цехының бастығы. 1937–46 ж. Екатеринбургтегі Орал машина жасау з-тында металлургия з-ттарына арналған жабдықтарды жобалау жұмыстарын басқарды. 1946–62 ж. Екатеринбургтегі Орал политех. ин-тында доцент, проф., кафедра меңгерушісі, 1963–65 ж. Орт. қара металлургия ин-тының Қазақ бөлімшесі директорының орынбасары, 1965–66 ж. Қарағанды политех. ин-тында өзі ұйымдастырған зауыт жабдықтары кафедрасының меңгерушісі, 1966–71 ж. Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары болды. Негізгі ғыл. еңбектері қара металлургияның өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру мәселелеріне арналған. Г. домна цехтарын мех. жабдықтау жөнінде зерттеулер жүргізді. Ол Қазақстанда қара металлургия өнеркәсібінің шикізат қорын ұлғайту жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, Қостанай обл. қоңыр теміртас кентастарын кешенді пайдаланудың негіздерін жасады. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

# Ғ

**ҒАЗАЛИЕВ** Арыстан Мәуленұлы (9.10.1951 ж.т., Қарағанды қ.) – хим. ғыл. докт. (1991), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1977–81 ж. Қарағанды мемл. ун-тінің аға оқы-



*А.Ғазалиев*

тушысы, 1981–85 ж. Қарағанды кооп. ин-тының доценті, 1985–96 ж. Органик. синтез және көмір химиясы ин-тының ғыл. хатшысы, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1996–98 ж. Қарағанды мемл. ун-тінің проректоры болды. 1998–2004 ж. Органик. синтез және көмір химиясы ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары. 2004 жылдан ҚР ҰҒА-ның Орт. Қазақстан бөлімшесі акад.-хатшысының орынбасары, Қарағанды тех. ун-тінің ректоры. Ғ-тің негізгі ғыл.-зерттеулері жаңа биол. активті заттарды жасауға арналған. Ғ. 500-ден астам ғыл. жұмыстың, 10 монографияның авторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2003).

# Д

**ДАРҚАНБАЕВ** Темірбай Байбосынұлы (24.10.1910, Қостанай обл. Қарабалық ауд. – 13.8.1987, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1953), проф. (1953), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1954). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1936). ҚазМУ-да ассистент (1936–38), оқу ісі жөніндегі проректор (1943–46), кафедра меңгерушісі (1946–70) және ректор (1955–61), Қазақстан ҒА биол. ғылымдар бөлімінің акад.-хатшысы (1972–83), Молек. биология және биохимия ин-тында дәнді дақылдар лаб-ның меңгерушісі (1983–87) болды. 1952 ж. «Биохимическая характеристика яровых пшениц Казахстана в связи с их технологическими качествами» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Д. Қазақстан бидайының тағамдық маңызы мен технол. қасиеттеріне баға беріп, олардың құрамындағы белоктардың түзілу және кебу заңдылықтарын анықтады. Д. бидай дәнінде α-амилаза ферментінің жасырын түрде кездесетінін дәлелдеп, оның биосинтезін зерттеген. Амилаза ферментінің, глиадиндермен қатар бидай сорттарының сапалық көрсеткіші бола алатындығын анықтаған. Д. ҚазМУ-да өсімдіктердің зат алмасу биохимиясы (1965), Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында белок және нуклеин қышқылдары (1968) және дәнді дақылдар биохимиясы лаб-ларын (1973) ұйымдастырды. Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.



*Т.Дарқанбаев*

**ДӘУКЕЕВ** Серікбек Жүсіпбекұлы (17.2.1950 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1997), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ политех. ин-тын (1972, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1972–79 ж. Алматы обл. «Казгеофизика» өндірістік геол. бірлестігі экспед-нда инженер-геофизик, аға геофизик, бас инженер, бас физик (1992), ҚР Геол. және қоршаған ортаны қорғау министрінің 1-орынбасары, министрі (1993–97), ҚР Энергетика және табиғи ресурстар вице-министрі, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі (1997–2001), ҚР ҰҒА-ның президенті (2002–03), Геол. ин-тының директоры (2002–04). 2006 жылдан «Қазмұнайтеххим» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. «Основные проблемы геологии, размещения полезных ископаемых и развития минерально-сырьевого комплекса Казахстана в условиях реформирования экономики» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Д. 55 ғыл. мақала мен 3 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған.



*С.Дәукеев*

**ДИАРОВ** Мұфтах (9.8.1933 ж.т., Атырау обл. Махамбет ауд. Махамбет а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1972), проф. (1979), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1955, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Индер (Дендер) геол. барлау экспед-нда геолог, партия бастығы, бас геолог (1955–64), Қазақ мұнай барлау ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі

(1964–78), Мұнай және табиғи тұздар химиясы ин-тында директордың орынбасары, директор, лаб. меңгерушісі (1978–92), Қазақстан ҒА Батыс бөлімшесінің акад.-хатшысының орынбасары (1992–97) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан «Атырау–Ғылым» АҚ-ның вице-президенті. Негізгі ғыл. еңбектері Каспий ойпатындағы бор, борлы калий тұздары кендерін іздеу, барлау



*М.Диаров*

мәселелеріне арналған. Д. Дендер күмбезі өңіріндегі ірі-ірі элювийлі борат кендерін, аса ірі Сәтимола борат кенін ашушылардың бірі. Оның зерттеулері негізінде Орт. Каспий калийлі-борлы аймағы жіктелді.

**ДОБРОТИН** Николай Алексеевич (18.6.1908 ж.т., Ресей, Пенза қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1948), проф. (1951), Қазақстан ҒА-ның



*Н.А.Добротин*

акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). Дондағы Ростов қ-ндағы Солт. Кавказ мемл. ун-тін бітірген (1929). Сол қаладағы Энергетика ин-тының оқытушысы (1929–31), КСРО ҒА-ның Физика интында аспирант, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, директордың орынбасары (1931–76), КСРО ҒА Төралқасының ғыл. хатшысы (1950–55) қызметтерін атқарған. Қазақстан ҒА-ның Жоғары энергия физикасы ин-тында лаб. меңгерушісі (1968–76), директордың орынбасары, Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі, Физ.-матем. бөлімшесінің акад.-хатшысының орынбасары (1976–87) болды. 1987 жылдан зейнеткер. Мәскеуде тұрады. Негізгі ғыл. еңбектері атом ядросы мен ғарыштық сәулелер физикасына арналған. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1951). 3 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

**ДОМБРОВСКИЙ** Бронислав Александрович (18.1. 1885, Украина, бұрынғы Херсон губ. Елизаветград қ. – 16.7.1973, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1936), проф. (1930), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. мен тех. қайраткері (1945). Киев ун-тін (1912) бітірген. 1929 жылдан Қазақстанда жұмыс істеген. Елімізде жануарлардың салыстырмалы анатомиясы мен морфологиясының қалыптасуы және дамуы Д-дің атымен ты-



*Б.А.Домбровский*

ғыз байланысты. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) өзі құрған мал анатомиясы кафедрасын басқарды (1929–37, 1939–50, 1951–54). 1937–39 және 1954–71 ж. ҚазМУ-да жануарлар морфологиясы және зоология кафедраларына басшылық етті. 1971 жылдан өмірінің аяғына дейін осы кафедрада кеңесші-проф. болды.

**ДОСЖАНОВ** Тұрғанбай Нұрланұлы (15.5.1928 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд.) – биол. ғыл. докт. (1984), проф. (1993). ҚР



*Т.Досжанов*

ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1955–57 ж. Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, 1957–67 ж. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі, ректордың оқу ісі, ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1967–71 ж. Зоол. ин-тында лаб. меңгерушісі, 1971–87 ж. директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1991–94 ж. осы ин-ттың директоры болды. 1995 жылдан Зоол. ин-тының бас ғыл. қызметкері.

**ДРОБЖЕВ** Виктор Иванович (11. 4.1940 ж.т., Ресей, Алтай өлкесі, Усть-Пристань ауд. Коробейниково с.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1982), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Томск мемл. ун-тін бітірген (1962). 1962–68 ж. Қазақстан ҒА-ның Ионосфера секторында инженер, аспирант, кіші ғыл. қызметкер, 1968–70 ж. 14-кеңестік антарктик. экспедында аға ғыл. қызметкер, 1970–

83 ж. Қазақстан ҒА Ионосфера секторының аға ғыл. қызметкері, 1990–94 ж. Қазақстан ҒА физ.-матем. бөлімшесінің акад.-хат-



*В.И.Дробжев*

шысының орынбасары, 1983–96 ж. Ионосфера ин-тының директоры, 1996–97 ж. ҚР Ғылым министрінің орынбасары, 1997 жылдан ҚР Білім және ғыл. минде департамент директоры қызметтерін атқарған. 1999 жылдан Ионосфера ин-тының директоры. Негізгі ғыл. еңбектері әр түрлі уақыттық және кеңістіктік масштабтағы табиғи және жасанды жарыө көздері тудыратын иносферадағы толқындық ұйытқуларды зерттеуге арналған. Д. орта ендік иносферасындағы динамик. процестердің толқындық тұжырымдамасын негіздеді және олардың радио және геофизик. диагностикасын жасады.

**ДҮЙСЕМБИН** Қабдырахман (15.10.1931 ж.т., Павлодар обл. Успен ауд. Үшкөл а.) – биол. ғыл. докт. (1971), проф. (1985). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1953–81 ж. Қазақстан ҒА-ның Физиол. ин-тында (қазіргі Адам және жануарлар физиологиясы ин-ты) кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, 1981–90 ж. ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі болды. 1990 жылдан Адам және жануарлар физиологиясы ин-тының директоры. 1970 ж. «Закономерности молокообразования и молокоотдачи у кобыл и некоторых видов жвачных животных» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Д-нің негізгі ғыл. еңбектері лактация (сүттену) физиологиясы-



*Қ.Дүйсембин*

на арналған. Ол физиология саласында жаңа бағыт – лактацияның нейрогормондық реттелуінің негізін салды.

**ДҮЙСЕНБЕКОВ** Зайролла (18.10.1937 ж.т., Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а.) – а. ш. ғыл. докт. (1985), проф. (1987), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Павлодар обл. «Баянауыл» кеңшарында бас агроном, ди-



*З.Дүйсенбеков*

ректордың орынбасары (1960–62), Қазақ мемл. а. ш. ин-тында аспирант, ассистент, аға оқытушы, доцент (1962–87), декан (1974–84), кафедра меңгерушісі (1987–93), Қазақ мемл. жерге орналастыру жөніндегі жобалау ин-тының директоры (1993–94) қызметтерін атқарған. 1994 жылдан Жер қоры және жерге орналастыру мемл. ғыл.-өндірістік орт-тың бас директоры. Д. – Қазақстанда а. ш. дақылдарының шығымдылығын болжаудың ғыл.-әдістемелік негіздерін алғаш зерттеушілердің бірі. Негізгі ғыл. зерттеулері аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, егіншіліктің табиғи мүмкіндігін, биоклимат және топырақ құнарлылығын, материалдық әрі энергет. шығындарды ұтымды пайдалануға арналған.

**ДЬЯЧКОВ** Борис Александрович (20.1.1935 ж.т., Ресей, Дондағы Ростов қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1987), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Дондағы Ростов қ-ндағы мемл. ун-тті бітірген (1958), 1958–60 ж. Тарғын геол. түсірім экспед-ның инженері, 1960–68 ж. Алтай геол. түсірім экспед-нда партия бастығы, 1969–76 ж. Шығыс Қазақстан өндірістік геол. бірлестігінде аға инженер, Өскемен геол. барлау экспед-ның бас геологы (1976–77). Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тының Алтай бөлімшесінде асыл және сирек металдар лаб-ның меңгерушісі



*Б.А.Дьячков*

(1977–88), бөлімше меңгерушісінің орынбасары (1988–93) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері гранитоидты магматизмнің қайталамалы дамуының теор. моделіне және сирек металдар металлогениясына арналған. Д. Қалба алтын кенінің Көніш кешенінің плагиогранит-гранодиоритті интрузияларымен ге-

нетик. байланысын дәлелдеді. Жер қыртысының геотектоногендік сатылы дамуын, Алтай–Шыңғыстау кенді белдеуі мен әр түрлі тереңдіктегі жылжымалы белдемдердің даму моделін негіздеді.

# Е

**ЕГОРОВ** Николай Петрович (28.8.1938 ж.т., Ресей, Мәскеу қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1989), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003) және ҚР А. ш. ғыл. академиясының акад. (1991). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1961) және Қазақ мал ш. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1966) бітірген. Талдықорған обл-ның Сарқант ауд-ндағы «Пограничник» тәжірибелік-көрсеткіш кеңшарында аға зоотехник-селекционер (1961–62), Алматы обл. Қаскелең ауд-ндағы «Қазақ КСР-іне 50 жыл» кеңшарында, Қазақ құс ш. бойынша аймақтық тәжірибелік ст-нда бөлім меңгерушісі (1966–69), директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1969–76), директоры (1976–92), Қазақ құс ш. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1992–2000) болды. 2000 жылдан сол ин-тта бөлім меңгерушісі. «Методы повышения эффективности использования кормов при интенсивном производстве мяса птицы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл.-зерт. еңбектері Қазақстанның оңт. аймағы мен Орт. Азия республикаларының ыстық климатында құстарды дұрыс қоректендіруге, сыртқы орта факторлары мен құстар генотипінің өзара байланысын зерттеуге арналған. Е. 162 ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 3 монографияның авторы.


*Н.П.Егоров*

**ЕЛЕМЕСОВ** Көпмағамбет (8.2.1938 ж.т., Түрікменстан, Мары обл. Сақаршаға кенті) – а. ш. ғыл. докт. (1988), проф. (1989), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. қызметкері (1996). Түрікмен а. ш. ин-тын (1965), Мәскеу малдәрігерлік академиясының аспирантурасын (1971) бітірген. Түрікменстанның «Равнина» кеңшарында зоотехник (1962–66), Онт. Қазақстан обл-ның Созақ ауд-ндағы «Тасты» кеңшарының аға зоотехнигі (1966–68), Қазақ қаракөл ш. ғыл.-зерт. ин-тының ғыл. қызметкері, хатшысы, бөлім меңгерушісі (1971–76), Онт. Қазақстан обл-ның Қызылқұм ауд-ндағы «Шәуілдір» кеңшарының директоры (1976–80), Қазақстан А. ш. мин. Бас басқармасының бастығы (1980–88), «Қазрунокаракөл» ғыл.-өндірістік бірлестігінің президенті (1988–97), Түрікменстандағы Қазақстан Республикасының елшілігінде кеңесші (1997–99) қызметтерін атқарды. 1999 жылдан Қазақ а. ш. ғыл. академиясының вице-президенті, Ұлттық академ. агр. зерттеулер орт. бас директорының орынбасары. «Теоретические основы и практические приемы повышения племенных и продуктивных качеств каракульских овец в Казахстане» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл.- зерттеулері қаракөл қой тұқымын асылдандыруға және қой ш. өнімдерін өңдеу технологиясын жетілдіруге арналған. Қазақстанда ең алғаш қаракөл елтірісінің әр түрлі сорттарын өңдеу және сақтау технологиясын жасап, олардың физ.-хим. қасиеттерін, параметрлерін анықтады. Осы салада мех. конвейерді пайдалану, қаракөл шикізаттарын консервілеу, шаруашылықтарда жүнді сұрыптау, өңдеу орындарына өткізу ережелерін тұжырымдап, өндіріске енгізді. Е. 120 ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 8 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен (1982), медальдармен марапатталған.


*К.Елемесов*

**ЕЛЕШЕВ** Рақымжан (13.6.1938 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Қаратөбе ауд. Саралжын а.) – а. ш. ғыл. докт. (1984), проф. (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), РФ а. ш. ғылымдары академиясының акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (1998) және ҚР-ның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1999). ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) хим.-биол. ф-тін (1961) және Қазақ мемл. а. ш. ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) агрономия ф-тін (1967) бітірген. 1961 жылдан Қазақ мемл. а. ш. ин-тында ассистент (1961–69), доцент (1970–72), декан (1972–85), ғыл. жұмыстар жөніндегі проректор (1986–96) болып істеді. 1996 жылдан агрохимия және топырақтану кафедрасының меңгерушісі әрі ун-т жанындағы Аг-

робиол. және экол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры қызметтерін атқарады. «Формы фосфатов в орошаемых почвах Юго-Восточного Казахстана и приемы рационального использования фосфорных удобрений» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. бағыты – топырақтың құнарлылығын сақтау мен а. ш. өнімдерінің сапалық жағын және өнімділігін арттыру; жалпы ғыл.-зерттеулері тыңайтқыштар химиясына арналған. Е. агрожүйелердегі фосфордың трансформациялануының биохим. циклін зерттеу негізінде фосфор тыңайтқыштарын тиімді пайдаланудың жаңа әдістерін жасап шығарды. Е. 300-ден астам ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 15 монография мен оқу құралдарының авторы. Топырақтың қоректену режимдерін басқару мәселелерін зерттеу бойынша жүргізген ғыл. жұмыстар циклі үшін Ресей ҒА-ның Д.Н.Прянишников атынд. сыйл. алған (1990). ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2001). Батыс Қазақстан обл-ның және Қаратөбе ауд-ның құрметті азаматы (1998). «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталған.



*Р.Елешев*

**ЕРҒАЛИЕВ** Ғаппар Қасенұлы (17.10.1932 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Қамысты а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1956, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында аға лаборант (1956–58), кіші (1958–68), аға (1968–78) ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1978–91) қызметтерін атқарған; ал 1996 жылдан осы ин-тта лаб. меңгерушісі. 1989 ж. «Кембрии Южного Казахстана и Улытау (стратиграфия, ярусное и зональное расчленение, трилобиты» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның венд, кембрий және төм. ордовик кезеңдерінің стратиграфиясы мен палеонтологиясын зерттеуге, оның ішінде Қаратау мен Оңт. Ұлытаудың кембрий–ордовик қабаттарының биостратиграфиясы мен трилобиттерін кешенді зерттеуге арналған. Е. 120-ға тарта ғыл.-зерт. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1982).



*Ғ.Ерғалиев*

**ЕРҒОЖИН** Еділ (7.11.1941 ж.т., Алматы обл. Ескелді би ауд. Екпінді а.) – хим. ғыл. докт. (1974), проф. (1978), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1984). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Химия ғылымдары ин-тында аға лаборант (1962–63), аспирант (1963–65), кіші, аға ғыл. қызметкер (1965–68), лаб. меңгерушісі (1968–80), ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі (1980–88), декан (1980–83), осы ун-ттің 1-проректоры (1983–86), ректоры (1986–88). Химия ғылымдары ин-тының директоры (1988–94), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1994–95) қызметтерін атқарған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім (қазіргі Білім және ғылым) вице-министрі (1999–2002). 11-сайл. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты және ғылым мен техника саласындағы тұрақты комиссияның төрағасы болды (1986–90). «Жаңа ионалмастырғыш және тотығып-тотықсызданатын полимерлердің түзілу заңдылықтарының зерттелуі мен синтезі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Е. – жоғары молек. қосылыстар химиясы саласындағы белгілі ғалым, Қазақстандағы ион алмасу химиясы мен мембраналық технология, тотығып-тотықсызданғыш және краунқосылыстардың негізінде полимерлерді алу және зерттеу салаларындағы ғыл. мектептің негізін қалаушы. Тұзды суды тұщытатын электродиализдік қондырғы жасап, оны өндіріске тұңғыш рет енгізді (Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1982). Е. 8 монографияның, 3 оқулықтың, 214 авторлық куәліктер мен патенттердің, 570 ғыл. еңбектің авторы. Олардың 150-і шет елдерде халықар. ғыл. журналдарда жарияланды. Е. есімі Қазақстанның Алтын Құрмет кітабына жазылған (1976). «Парасат» ордені (2003), КСРО ҒА-ның С.И. Вавилов атынд. медалімен (1991), Тегеранда өткен 8-халықар. ал-



*Е.Ерғожин*

Хорезми атынд. ғыл. фестивальдың Алтын медалімен және дипломымен (1995) марапатталған. «Алтын адам – жыл адамы» және платиналы «Тарлан» сыйлықтарын алды (2000).

**ЕРЖАНОВ** Жақан Сүлейменұлы (10.2.1922, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Ақши а. – 27.2. 2003, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1963), проф. (1969), Қазақстан ҒА-ның (1970) және ҚР Инж. академиясының (1991) акад., Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Қазақ кен-металлургия ин-тын (1944, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) Қазақстан ҒА-ның аспирантурасын (1947) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Кен ісі ин-тында инженер (1942–44), кіші ғыл. қызметкер (1947–49), ҚазМУ-да (1949–51, қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушы, Днепропетровск кен ин-тының доценті (1951–60), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. секторында лаб. меңгерушісі, Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-ты директорының орынбасары және бөлім меңгерушісі (1960–68), Қазақстан ҒА Төралқасының Бас ғыл. хатшысы (1968–76), Қазақстан ҒА Сейсмология ин-тының директоры, Қазақстан ҒА-ның Жер жөніндегі ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы (1976–86), Қазақстан ҒА Матем. және мех. ин-тында (1987–91, қазіргі Теор. және қолданбалы матем. ин-ты), Механика және машинатану ин-тында лаб. меңгерушісі (1991–2003) қызметтерін атқарды. «Тау жыныстарының жылжу теориясы және оның құрылыстардың кернеу-деформациялық күшіне әсері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері жер механикасына, жер асты құрылыстарының беріктігі мен орнықтылығын және сейсмик. төзімділігін есептеу әдістеріне, жер қойнауындағы сейсмик. процестерді матем. модельдеуге, жер қабаты қатпарлануының матем. теориясына, жердің тектоник. даму механикасына, жердің айналуының жалпы теориясына, т.б. арналған. Е. 360-тан астам ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 38 монографияның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1974). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*Ж.Ержанов*

**ЕРМОЛОВ** Петр Васильевич (28.9.1938 ж.т., Өзбекстан, Наманган қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1982), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Ташкент политех. ун-тін бітірген (1961). Шығыс Қазақстан өндірістік геол. бірлестігінде геолог, аға геолог, Алтай іздеу-түсіру экспед-ның бастығы (1961–71), Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, осы ин-ттың Алтай бөлімшесінің меңгерушісі (1971–84) және Қарағанды бөлімінде (1984–86), сондай-ақ Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында (1986–88) лаб. меңгерушісі, Геол. ғылымдар ин-ты Қарағанды бөлімінің меңгерушісі (1988–91), Қарағанды қ-ндағы Жер қойнауын кешенді игеру проблемалары ин-ты директорының орынбасары, бас ғыл. қызметкері (1991–99) болып еңбек етеді. «Петрология гранитоидов Зайсанской складчатой области Восточного Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері метаморфтық және магмалық тау жыныстарының петрологиясын, колчедан-полиметалды және алтын кен орындарының геологиясын, минералогиясын зерттеуге арналған. Ол Шығыс Қазақстанның алғашқы 1:500000 масштабтағы геол. картасын құрастырған; 138 ғыл. жарияланымның, оның ішінде 11 монографияның авторы.



*П.В.Ермолов*

**ЕРШИН** Шахбаз Әлімгерейұлы (5.9.1926 ж.т., Өзбекстан, Ташкент қ.) – тех. ғыл. докт. (1975), проф. (1976), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1984). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1956) бітірген. Қазақ энергетика ғыл.-зерт. ин-тында кіші (1956–61), аға (1961–74) ғыл. қызметкер, ҚазМУ-да доцент (1974–75), проф. (1975–78), ал 1978 жылдан кафедра меңгерушісі болды. «Экспериментальное исследование турбулентного газового факела» деген тақырыпта докт.



*Ш.Ершин*

дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері күрделі конвективтік тасымалдау теориясының түрлі саласына және осы теорияның іс жүзінде қолданылатын көптеген тарауларына (сорғы ағыс, газды жалын, қасиеттері айнымалы сұйықтықтар қозғалысы, құйынды құбылыстар, т.б.) арналған. Қазіргі кезде ол газдағы, плазмадағы және сұйықтықтағы алмасу процестерінің өзара әсерлесу проблемасын зерттеу жұмыстарын басқарады, «Гипердыбыстық тура ақпалы ауа-реактивтік қозғалтқыштардың жұмыстық процесін зерттеу» жөніндегі халықар. жобаның ғыл. жетекшісі. Е. 150 ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 2 монографияның авторы, 1 авторлық куәлігі және 3 патенті бар.

**ЕСЕНОВ** Шаһмардан (5.8.1927, Қызылорда обл. Шиелі ауд. Тартоғай а. – 24.8.1994, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1968), проф. (1969), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967). Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) ин-тын бітірген (1949). Жезқазған геол.-барлау экспедında геолог, аға, бас геолог, бас инженер (1949–60), Қазақстан Геол. министрінің орынбасары (1960), Қазақстан Геол. министрі (1961–65 және 1974–78), Қазақстан Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1965–67), Қазақстан ҒА-ның президенті әрі Геол. ғылымдар ин-тының директоры (1967–74) қызметтерін атқарған. 1978 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) кафедра меңгерушісі болды. Оның негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның геологиясына, металлогениясына, кен байлықтарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіруге арналған. Е. 1952–67 ж. Үлкен Жезқазған кен өнеркәсібінің шикізат базасын нығайту мақсатында жүргізілген ауқымды металлоген. болжау және геол. барлау жұмыстарына тікелей ғыл. жетекшілік жүргізіп, бұл аудандағы мыстың барланған қорын бірнеше есе көбейтті. Полиметалл, марганец, темір, барит, т.б. стратег. маңызы бар шикізаттардың, құрылыс материалдары кен орындарының жаңа



*Ш.Есенов*

көздерін іздеу және барлау ісінің тиімді әдістерін ұсынып, өндіріске енгізді. Е-тің тікелей басшылығымен Оңт. Маңғыстау өңіріндегі аса ірі Жетібай, Өзен мұнай кендері қысқа мерзімде барланып, іске қосылды. Е. 200-ден астам ғыл.-зерт. еңбектің авторы. Лениндік (1966), Қазақ КСР-і Мемл. (1972) және Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтарының (1971) лауреаты. 2 рет Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

**ЕСПОЛОВ** Тілектес Исабайұлы (15.6.1952 ж.т., Жамбыл обл. Қордай ауд. Қарасай а.) – экон. ғыл. докт. (1997), проф. (2001), ҚР ҰҒА-ның акад. (2008). ҚР Білім беру ісінің үздігі (1998), Қазақ а. ш. академиясының акад. (1997), КСРО өнертапқышы, Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1998), ҚР Жоғары мектебі мен Халықар. жоғары мектебі ғыл. академияларының (2002) және ҚР Инж. академиясының (2004) акад. Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1975, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және Мәскеудегі Бүкілодақтық гидротех. және мелиорац. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1981) бітірген. Өзі оқыған ин-тта аға оқытушы, доцент, лаб. меңгерушісі болды. Бұдан соң Алматы индустр. колледжінің директоры (1993–97), Алматы индустр.-пед. академиясының (1997–2007), ал 2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақ ұлттық агр. ун-тінің ректоры қызметтерін атқарады.



*Т.Есполов*

«Проблемы оценки и управления воспроизводством ресурсного потенциала аридной территории Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты табиғи су-жер ресурстарын толық және ұтымды пайдаланудың негізінде еліміздің агроөндірістік кешенінің экол.-экон. тиімділігін арттыру болып табылады. Е. 300-ден астам ғыл. жұмыстың, 12 монографияның, 12 авторлық куәлік пен патенттердің авторы. «Парасат» (2005), 2-дәрежелі «Барыс» (2010) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ЕСІМ**, Е с і м о в Ғарифолла (15.4.1947 ж.т., Павлодар обл. Лебяжье ауд. Аққу а.) – филос. ғыл. докт. (1994), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). Семей пед. ин-тын (1970) және ҚазМУ-дың (1977, қазіргі ҚазҰУ) аспирантурасын бітірген. Семей пед. ин-тында аға оқытушы, доцент, декан (1977–83), кафедра меңгерушісі (1983–91), Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында аға ғыл. қызметкер (1991–92), Алматы мемл. ун-тінде (1993–94, қазіргі ҚазҰПУ) доцент, проф., декан (1994–2001), ҚазҰУ-да де-

кан (2001–07) қызметтерін атқарды. 2007 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты. «Абай дүниетанымындағы Алла мен адам болмысы (герменевтикалық талдау)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Е. – қазақ фило-



*Ғ.Есім*

софиясы тарихына, мәдениет теориясы мен тарихына арналған 300-ден астам жарияланымның авторы. С.Сәдуақасов атынд. сыйл. (1994) пен респ. Абай қоры сыйл. (1995), Иасауи атынд. «Katev» Халықар. қоры сыйл. лауреаты (2000). «Құрмет» орденімен марапатталған.

# Ж

**ЖАНҒАЛИЕВ** Аймак (15.8.1913, Батыс Қазақстан обл. Сырым ауд. Ащысай а. – 2009) – биол. ғыл. докт. (1969), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Қазақ мемл. а. ш. интын (1935, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Онт. Қазақстан обл. Төле би (бұрынғы Қаратас) ауд-нда агроном болған (1935–36). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақ егіншілік ғылзерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1946–49), ин-т директоры (1949–53), Гурьев (қазіргі Атырау) мемл. а. ш. тәжірибе ст-ның, Қазақ жеміс-жүзім ш. ғыл.-зерт. ин-тының ұйымдастырушысы, тұңғыш директоры (1953–59),



*А.Жанғалиев*

Қазақстан ҒА-ның Биол. ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы, Төралқа мүшесі (1962–70) болды. 1970 жылдан Қазақстан ҒА-ның Бас ботаника бағында қызмет істеді. Ол 1970–80 ж. жабайы жеміс-орман өсімдіктері бөлімін басқарды. Сондай-ақ 1980 жылдан Ботаника және фитоинтродукция ғыл.-зерт. интында лаб. меңгерушісі, сондай-ақ «Өсімдіктер генофондысы» ЖШС-нің бас директоры қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстандағы жеміс ағаштарының биол. алуан түрлілік генофондысын сақтау және оны тиімді пайдалануға арналған. Ж. бақ ш. жүйеге келтіріп, жеміс-жидек және жүзім ағаштарын өсіру әдістерін жетілдірді, жеміс-орман ағаштарының селекциясы мен генетикасын зерттеді. 2-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЖӘКЕЛОВ** Әбдіғаппар Кенжебайұлы (9.5.1932 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Жалпақтөбе а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1954, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Солт. Қазақстан геол. басқармасының гидрогеологы, аға гидрогеологы (1954–58), Шымкент, Мойынқұм гидрогеол. партияларының аға гидрогеологы, тех. жетекшісі (1958–64), Қазақ гидрогеол. тре-



*Ә.Жәкелов*

сінің бас инженері (1964–66), Қазақ гидрогеол. басқармасының бас инженер, бастығы (1966–79), «Қазгидрогеология» өндірістік бірлестігінің бас директоры (1979–85), Алматы гидрогеол. экспед-ның бастығы (1985–90), Қазақстан ҒА-ның Гидрогеология және гидрофизика ин-ты директорының орынбасары (1990–99) қызметтерін атқарған. 1999 жылдан осы ин-ттың лаб. меңгерушісі. Ғыл. еңбектері жер асты суының орналасу және олардың қорларының түзілу, қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге, су қорын барлаудың теор. негіздері мен барлау әдістерін анықтауға, жер асты суын қалалар мен өндіріс орындарында, а. ш-нда тиімді пайдалануға арналған. Ж. Қазақстанның шөл және шөлейт аудандарында жер асты суы қалыптасуының конденсаттық және инфильтрац. теорияларын негіздеді. Биік таулы аудандарда қалыптасқан жер асты суы ағынының артезиан алаптарына қарай жылжу заңдылықтарын ашты. КСРО Мемл. сыйл. (1981), Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. (1991) лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЖӘРМЕНОВ** Әбдірәсіл Алдашұлы (26.1.1956 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ.) – тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде аға лаборант (1976–77), Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб., бөлім меңгерушісі (1977–93), Қарағанды мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1985–87), Қазақстан ҒА-ның Орт. Қазақстан бөлімі төрағасының орынбасары (1992–93) болды. 1993 жылдан Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу ұлттық орт. директорының орынбасары, 1-орынбасары. Негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары мысты электролиздік рафинадтау, сондай-ақ электр мембраналық және гидролиздік процестер негізінде ерітіндідегі ауыспалы металл тұздарын бөлу мәселелеріне арналған. Ж-тің басшылығымен өндірістік электролиттерді тазалаудың тиімділігі жоғары және экол. таза технологиясы жасалып, өндіріске («Балхашмыс» және Қарағанды тау-кен машиналары өндірістік бірлестіктерінде) енгізілді. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2001). «Құрмет» орденімен (2000) марапатталған.



*Ә.Жәрменов*

**ЖӘУТІКОВ** Орынбек Ахметбекұлы (1.5.1911, Қарағанды обл. Ақтоғай ауд. Қызыларай а. – 15.5.1989, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1961), проф. (1961), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1974). ҚазПИ-ді (1934, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. ҚазПИ-де ассистент, аға оқытушы, доцент, декан, директордың ғыл. жұмыс жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушісі (1934–51), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. секторында аға ғыл. қызметкер, сектор меңгерушісі (1951–65), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында директордың орынбасары, лаб. меңгерушісі (1965–87), Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі, Физ.-матем. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы (1969–85), Қазақстан ҒА Матем. және мех. ин-тында лаб-ның бас ғыл. қызметткері (1987–89) болды. «Дифференциалдық теңдеулердің шексіз системаларын зерттеу» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қозғалыстың орнықтылық теориясына, матем. физика теңдеулеріне, дифференц. теңдеулердің шексіз жүйелеріне, теор. және қолданбалы механикаға, математика тарихы мен оның методологиясына арналған. Ж. – респ. физ.-матем. мектебін ұйымдастырушылардың бірі (1968). Бұл мектеп қазір Ж-тің есімімен аталады. Ол республикамызда математик ғалымдарды дайындауда және математиканы насихаттауда көп еңбек сіңіріп, отандық математиктер мектебін қалыптастырды. Ж. 200-ден астам ғыл. еңбектің, 5 монографияның, 15 оқулық пен оқу құралының авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1976). Қазан революциясы, 2 рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*О.Жәутіков*

**ЖЕҢСІКБАЕВ** Александр Әліпқанұлы (21.8.1947, Болгария, Бургас қ. – 4.9.2009, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1980), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Днепропетровск мемл. ун-тін (1970), аспирантурасын (1973) бітірген, сонда ассистент (1973–74). ҚазМУ-да аға оқытушы (1974–76), доцент (1976–81), кафедра меңгерушісі, проф. (1981–2000), ҚР ІІМ-нің Алматы жоғары тех. уч-щесі бастығының орынбасары (1994–97), ҚР Жоғары аттестац. комиссиясының төрағасы (1998–2000, қазіргі ҚР Білім және ғыл. мин-нің Қадағалау және бақылау к-ті), ҚР Білім және ғыл. мин-нің Математика ин-тының директоры (2000–06), осы ин-ттың бас ғыл. қызметкері (2007–09) болды. «Моносплайндардың экстремалдық қасиеттері және ең жақсы квадратуралық формулалар» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері функциялар теориясы мен функционалдық талдау (анализ) саласына арналған. Ж. жүргізген зерттеулердің нәтижесінде үздіксіз және дифференциалданатын функциялардың жуықтауы интерполяц. сплайн арқылы дәл баға-



*А.Жеңсікбаев*

ланды. Соболев класындағы функциялардың өте тиімді квадратуралық формуласы жөніндегі белгілі Колмогоров-Никольский есебі шешілді. Сплайндар үшін алгебраның негізгі теоремасы дәлелденді. Дәл және дәл емес ақпараттар бойынша көп айнымалы функциялардың әр түрлі кластары үшін операторларды қалпына келтірудің тиімді тәсілдері алынды. Ж. 70-тен аса ғыл. мақаланың, соның ішінде 3 монографияның авторы. Ленин комсомолы сыйл. (1978), 1-дәрежелі Хорезми атынд. сыйл. (Иран, 1999) лауреаты. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**ЖОЛДАСБЕКОВ** Өмірбек Арысланұлы (1.3.1931, Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Қызылсу а. – 27.7.1999, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1972), проф. (1973), Қазақстан ҒА-ның акад. (1979), Халықар. Инж. академиясының акад. (1992). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1974). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1954). Қазақ хим.-технол. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан (1954–58), Мәскеу тоқыма ин-тында аспирант, ассистент (1958–62), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, проректор (1962–70) қызметтерін атқарды. ҚазМУ-дың (1970–86, қазіргі ҚазҰУ) ректоры қызметінде болып, осы оқу орнының бұрынғы Кеңес Одағындағы жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналуына елеулі үлес қосты. Осы оқу орнының қолданбалы механика кафедрасында меңгеруші (1986–88), Қазақстан ҒА-ның Мех. және машинатану ин-тында лаб. меңгерушісі, директор, құрметті директор (1988–94) қызметтерінде болды. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі к-т төрағасы (1994–95), 1996 жылдан өмірінің соңына дейін Парламент Мәжілісі депутаты әрі ондағы Әлеум.-мәдени даму жөніндегі к-т төрағасы болды. Ж. дүние жүзі мойындаған ғалым ретінде Халықар. инж. академиясының вице-президенті (1991), 1993 ж. Ислам елдері инж. академиялары федерациясының вице-президенті, 1997 ж. Америка инженер-механиктер қоғамының мүшесі болып сайланды. Қазақстан Республикасы Инж. академиясының (1995) негізін қалап, оның тұңғыш президенті болды. «Жазық иінтіректі механизмдер теориясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ол жазық рычагты жоғ. класты механизмдер кинематикасы, кинетостатикасы, серпімді буынды механизмдер динамикасы салаларында ғыл.-зерттеулер жүргізіп, жазық және кеңістіктік жоғары класты механизмдер мен манипуляциялауыш құрылғылардың графиктік-аналит. және аналит. теориясын негіздеді. Соның нәтижесінде Ж-тің басшылығымен әлемдік практикадағы теңдесі жоқ түбірінен жаңа жүк көтергіш, жүк тиегіш-түсіргіш, грейдерлік, жүк қармауыш және манипуляциялауыш құрылғылар жасалып, өндіріске енгізілді. Ж. 400-ден астам ғыл. еңбектің, 18 монографияның, 30-дан аса оқулықтар мен оқу құралдарының, 126 авторлық куәлік пен шетелдік патенттердің авторы. Қазақстан мемл. сыйл. лауреаты (1983). Ленин орденімен, 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. Механика және машинатану ин-тына, ҚазҰУ қалашығындағы Студенттер сарайына, ун-т музейіне, Алматы, Шымкент қ-ларындағы көшелерге Ж. есімі берілген.



*Ө.Жолдасбеков*



*А.Жұбанов*

**ЖҰБАНОВ** Ахмет Қуанұлы (29. 4.1906, Ақтөбе обл. Темір ауд. – 30.5.1968, Алматы қ.) – өнертану ғыл. докт. (1943), Қазақ КСР-інің халық арт. (1944), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), проф. (1948). Ленинград (1929–32, қазіргі Санкт-Петербург) муз. техникумында дәріс алады. 1932 ж. Ленинградтағы Актер шеберлігі мектебінің (қазіргі Санкт-Петербург театр өнері академиясы) аспирантурасына түседі. 1933 ж. Алматыда ашылған муз. драма уч-щесіне ұстаздық қызметке шақырылып алынады. Ж. 1930 жылдан өмірінің соңына дейін қазақ музыкасының тарихы мен теориясын зерттеумен айналысты. Ж-тың жетекшілігімен 20 ғ-дың 30-жылдары қазақ музыкасын зерттейтін ғыл. кабинет, муз.-тәжірибелік шеберхана, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі төралқасы жанынан өнертану секторы (қазіргі Әдебиет және өнер ин-тының музыка бөлімі) ашылды. Алматы консерваториясының (1945–51, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) ректоры, осы консерваториядағы өзі ашқан халық аспаптар кафедрасының меңгерушісі (1954–61) болды. Әдебиет және өнер ин-тының музыка бөлімін (1961–68) басқарды. Ж-тың қазақ халқы-

ның ән-күй шығарм-ның табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Қазанғап туралы моногр. ғыл.-зерт. еңбектері – қазақ музыкасының ғыл. тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды. 1942 ж. жарық көрген «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» аталатын еңбегінде Ж. қазақ халқының бір ғасырлық муз. мәдениетінің тарихын жүйелеп шықты. Осы кітабы үшін оған өнертану ғыл. докт. атағы берілді. Ж. 1936 және 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Оның ғыл. еңбектері халық ортасынан шыққан әнші, күйші, композиторлар шығарм-ғына арналған. Қазақстан Мемл. сыйл-ның лауреаты (1967). Ленин орденімен, т.б. ордендермен, медальдармен марапатталған. Алматы қ. көшелерінің біріне, Респ. муз. мектеп-интернатқа Ж. есімі берілген (1968).

**ЖҰБАНОВ** Болат Ахметұлы (4.2.1929 ж.т., Ақтөбе обл. Темір ауд. 9-а.) – хим. ғыл. докт. (1967), проф. (1969), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1979), Нью-Йорк ғыл. академиясының мүшесі (1994). Мәскеу хим.-технол. ин-тын (1952) және аспирантурасын (1955) бітірген. КСРО ҒА-ның Элементорганик. қосылыстар ин-тының кіші ғыл. қызметкері (1955–56), Қазақстан ҒА-ның Хим. ғыл. ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері (1956–68), директоры (1968–88), Қазақстан ҒА-ның Хим.-технол. ғыл. бөлімшесінің акад.-хатшысы (1972–94), ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасының ұйымдастырушысы және меңгерушісі әрі проф. (1963–69). «Исследование реакции полиамидирования жирноароматических аминов» атты тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 1969 жылдан Қазақстан ҒА-ның Хим. ғыл. ин-тының полимерлер синтездеу лаб-ның меңгерушісі, бас ғыл. қызметкері. Негізгі ғыл. еңбектері макромолекула түзілу процесін зерттеуге, жаңа мономерлерді, жылуға және отқа төзімді, медицинада қолданылатын полимерлерді, композиц. материалдарды алуға арналған. Поликонденсациялық процестердің теориясы мен практикасын дамытуға үлкен үлес қосты. «Ассоциативті поликонденсация» деп аталатын полимер түзілудің



*Б.Жұбанов*

жаңа процесінің негізгі принциптерін жасады. Ж. полимерлер алуға мүмкіндік беретін поликонденсац. процестер катализінің ғыл. негіздерін жасады. Жаңа дәрілік препараттар – анальгетиктер, анестетиктер, туберкулез бен қатерлі ісікке қарсы және кардиотропты заттар алды. Ж. 1300-ден астам жарияланымның, оның ішінде 20 монографияның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. (1984), Қ.И.Сәтбаев атынд. Мемл. сыйл. (2000) лауреаты. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЖҰБАНОВ** Қайыр Ахметұлы (29.7.1935 ж.т., Ақтөбе обл. Темір ауд.) – тех. ғыл. докт. (1981). проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (1996). Мәскеу мұнай ин-тын бітірген (1958). Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тының аға лаборанты, кіші және аға ғыл. қызметкері (1958–69), Қазақстан ҒА-ның Органик. катализ және электрхимия ин-тында лаб. меңгерушісі (1969–76) болды. 1976 жылдан ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, сонымен бірге 1992 жылдан ҚазМУ-дың жанындағы Жаңа хим. технология мен материалдар ғыл.-зерт. ин-тының директоры. Ж-тың негізгі ғыл.-зерттеулері мұнайды өңдеу мен мұнай химиясына, органик. синтезге арналған. Ж. майларды өңдеудің, жуғыш заттар



*Қ.Жұбанов*

мен парфюмер.-косметик. препараттар, жанар және жағар бұйымдарды алудың жаңа технологияларын зерттеді. Органик. және бейорганик. реакцияларға арналған тиімді өнеркәсіптік катализаторларды жасады. Органик. және бейорганик. шикізат негізінде дәрілік препараттарды алды. Шағын зауыттарда балық майын, ланолин, антисептик, таза мед. тұз, валидол, салицил қышқылын, сахарин, сорбиттерді, т.б. алу технологиясын жасады. Ж. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1974). «Құрмет» орденімен (1999) марапатталған.

**ЖҰМАҒҰЛОВ** Бақытжан Тұрсынұлы (18.8.1953 ж.т., Алматы обл. Қапал ауд. Қапал а.) – тех. ғыл. докт. (1997), проф. (2001), ҚР ҰҒА-ның акад. (2009), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1999). ҚазМУ-ды (1979, қазіргі ҚазҰУ) және Әділет жоғары құқық мектебін (1999) бітірген. ҚазҰУ-да аға инженер, аға оқы-

тушы, доцент, проректор (1979–91), 2008 жылдан ректоры, ҚР Инж. академиясы төралқасының хатшысы, вице-президенті, президенті (1991–2001), ҚР Білім және ғыл. мин-нің 1-вице-министрі (2001–02), 2002 ж. ҚР Президенті Әкімш-нің ішкі саясат бөлімі меңгерушісі, ҚР Премьер-министрі кеңсесінің Әлеум.-мәдени даму бөлімі меңгерушісі, «Нұр Отан» ХДП-ның 1-орынбасары (2005–07), ҚР Парламенті Мәжілісінің вице-спикері (2007–08), ҚазҰУ-дың ректоры (2008–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан ҚР-ның Білім және ғылым министрі. «Математические модели и фильтрации неоднородной жидкости и их приложения в компьютерных технологиях для нефтяных месторождений» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ғыл.-зерттеулерінің негізгі бағыты мұнай өндірудің технол. процестерін матем. модельдеу, мұнай кендерін игеруді автоматты талдаудың компьютерлік жүйесін жасау мәселелеріне арналған. Ол сұйықтық пен газ механикасының модельдері үшін жуықтама әдістерінің матем. проблемаларын зерттеді, мұнай өндіру өнеркәсібі үшін болжау мен талдаудың автоматты жүйелерін жасады. Ж. Халықар. инж. академияның акад., президенті, Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1994). «Парасат» орденімен, медальдармен марапатталған.



*Б.Жұмағұлов*

**ЖҰМАДІЛДАЕВ** Асқар Серқұлұлы (25.2.1956 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Шиелі кенті) – физ.-матем. ғыл. докт. (1988), проф. (1990), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2004). Матем. және мех. ин-тында (қазіргі Матем. ин-ты) кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер (1980–90) болды. 1990 жылдан сол ин-тта лаб. меңгерушісі, 1999 жылдан Қазақ-Түрік ун-тінің, 2004 жылдан Қазақ-Британ ун-тінің проф. «Оң характеристикалы Ли алгебрасының когомологиялары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ж-тің негізгі ғыл.-зерт. еңбектері Ли алгебрасының когомология теориясына арналған. Ол оң сипаттамалы Ли алгебрасының когомологиялары мен деформацияларын және олардың қолдануын зерттеген. Векторлық өріс алгебрасының бөлшектенбейтін кеңеюін есептеген. Ассоциативті емес алгебраның тепе-теңдіктерін тапты. Ж. Германиядағы Гамбург (1995), Мюнхен (1995–96), Билефельд (1997–99) ун-ттерінің проф. болып, Кэмбридж ун-тінің жанындағы Ньютон ин-тында (1997), А.Салам атынд. Халықар теор. физ. орт-нда (Италия, 1998, 2001–03), Швеция корольдік ҒА-ның Миттаг-Леффлер атынд. Матем. ин-тында (1998–99), Оксфорд (Англия, 2000), Фильдс атынд. Матем. ин-тында (Канада, 2001), Жоғ. Ғыл. Зерт. ин-тында (Париж, 2001–03, 2005, 2007), Шредингер ин-тында (Вена, 2002), Макс-Планк матем. ин-тында (Бонн, 2005) қызметтер атқарды. Германияның, АҚШ-тың, Жапонияның, Қазақстанның мемл. стипендияларын, Швеция корольдік ҒА-ның, ИНТАС қорының гранттарын алған. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің, ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1990–95) болды. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл. (1987), ҚР Мемл. сыйл. (2011), Ә.Бөкейханов атынд. сыйл. (2011), Әл-Хорезми атынд. Халықар. сыйл. (Иран, 2012) лауреаты.



*А.Жұмаділдаев*

**ЖҰМАЛИЕВ** Қажым (Қажығали) (28.12.1907, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Қаратөбе ауд. – 16.12.1968, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1947), проф. (1950), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967. Орынбор ересектер мектебінде (1923–25), Шымкент а. ш. техникумында оқыған. ҚазПИ-ді (1932, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Орал пед. ин-тында (1932–37, қазіргі Батыс Қазақстан мемл. ун-ті), ҚазПИ-де сабақ беріп, қазақ әдебиеті кафедрасын (1937–68) басқарды. Ж. 20 ғ-дың 30-жылдарынан бастап қазақ фольклорын, әдебиет тарихы мен теориясын зерттеумен шұғылданды. 1946 ж. «Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 1958–60 ж. 2 томдық «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері», 2 томдық «Әдебиет тарихы» (1960), «Әдебиет теориясы» (1938; 2-бас., 1964, 3-бас., 1969), «XVIII–



*Қ.Жұмалиев*

ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1967) кітаптары ұзақ уақыт бойы респ. жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылды. Ж. – Махамбет шығарм. бірінші рет кең көлемде зерттеген ғалым. 1948 ж. «Махамбет» атты монографиясын жариялады. Ол Әдебиет және өнер ин-ты даярлаған «Қазақ совет әдебиеті очеркінің» (1948) бас редакторы, 6 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 18–19 ғ-лар аралығындағы қазақ әдебиетіне арналған 2-томы, 1-кітабының (1960) редакциясын басқарды және оның негізгі авторларының бірі болды. Ғалымның «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1946) еңбегі абайтануға қосылған үлкен үлес болып қабылданды. Онда Ж. Абайдың өмірі мен шығарм-на кең талдау жасады. Ж. зерттеулерінің бір саласы – әдебиет теориясына қатысты еңбектері. Ғалымның бұл саладағы еңбегі 1938 ж. шыққан «Әдебиет теориясы» деген кітабынан басталады. Өмірінің соңғы жылдары Ж. әдеби стиль мәселесін зерттеуге ден қойды. Ж. өмірінің отыз жыл уақытын оқытушылық қызметпен өткізді. Қазақ әдебиеттану ғылымы мамандарын даярлауға елеулі үлес қосты.

**ЖҰМАТОВ** Хамза (15.10.1912, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 26.5.1972, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1954), проф. (1959), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1960). Алматы мемл. мед. ин-тын (1937, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тында дәрігер-ординатор, аспирант, ассистент, доцент (1937–44) болды. Бүкілодақтық эксперименттік мед. ин-тында аға ғыл. қызметкер, КСРО Мед. ҒА-ның Вирусология ин-тында докторант (1944–47), осы академияның Эксперименттік мед. ин-тында (Ленинград) аға ғыл. қызметкер (1947–50), Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау мин-нің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ин-тында (1951–72, қазіргі Гигиена және эпидемиология ғыл.-зерт. орт.) жетекші ғыл. қызметкер және Қазақстан ҒА-ның Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі болды. 1961 жылдан өмірінің



*Х.Жұматов*

соңына дейін КСРО Мин. Кеңесі жанындағы Жоғары аттестац. комиссиясының (ЖАК) мүшесі болды. Негізгі ғыл. еңбектері вирустардың молекулалық биологиясы мәселелерін зерттеуге арналған. Ж-тың жетекшілігімен тұмау вирустарының штаммдары бөлініп алынып, жеке зертелді. Ол тұмау вирустарынан, полиомиелит ауруларынан вакцина егу арқылы сақтанудың әдістерін ұсынды. Ж. тұмау вирусын, адам және жануарларда ауру тудыратын вирустардың рибонуклеин қышқылдарын, жұқпалы гепатит ауруын, өсімдіктердің вирустық кеселдерін зерттеді. Ж. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1974). 2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**ЖҰРЫНОВ** Мұрат (7.12.1941 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Арыс қ.) – хим. ғыл. докт. (1981), проф. (1981), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1964) және Мәскеу хим.-технол. интының аспирантурасын (1970) бітірген. Қазақ хим.-технол. интында оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан (1965–82), Қарағанды мемл. ун-тінің оқу ісі жөніндегі проректоры (1982–85), Органик. синтез және көмір химиясы ин-тының директоры (1985–91), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің ректоры (1991–95) болды. ҚР Білім министрі (1995–97), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің президенті (1997–2001), 2001 жылдан Органик. катализ және электрхимия ин-тының директо-



*М.Жұрынов*

ры, ҰҒА-ның президенті қызметін атқарады. Негізгі ғыл. жұмыстарының бағыты – табиғи қосылыстардан биол. активті заттарды электрмен синтездеп алу. Ж-тың ғыл.-зерттеулері органик. қосылыстардың әр түрлі кластарының электрхим. қасиеттеріне және электрхим. синтездің жаңа әдістерін жасауға, дәрі-дәрмектер мен бұрын белгісіз физиол. активті қосылыстарды алуға арналған. Ж. 400-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 14 монографияның авторы. «Парасат» (2005), 3-дәрежелі «Барыс» (2011) ордендерімен, медальдармен марапатталған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2001).

# З

**ЗАКҮНБАЕВА** Гаухар Дәуленқызы (1.1.1932 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ.) – хим. ғыл. докт. (1970), проф. (1972),

ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). ҚазМУ-дың (1954, қазіргі ҚазҰУ) химия ф-тін бітірген. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында аспирант, аға лаборант, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1954–69), Органик. катализ және электрхимия ин-тында директордың орынбасары (1969–75), лаб. меңгерушісі (1969–88), ин-т директоры (1988–2001) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан осы ин-тта лаб. меңгерушісі әрі ин-ттың құрметті директоры. «Исследование адсорбционных и каталитических свойств металлов восьмой группы периодической системы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. жұмыстары катализаторды электрхим. тәсілмен зерттеу әдісін дамытып, түрлі катиондар қосу арқылы катализатор активтілігін, талғамдылығын, тиімділігін арттыруға арналған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1974). «Құрмет» орденімен және медальдармен марапатталған.



Г.Закұнбаева



В.П.Захаров



С.Зиманов

**ЗАХАРОВ** Вадим Павлович (21.5.1896, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 18.3.1983, Өзбекстан, Ташкент қ.) – тех. ғыл. докт. (1945), проф. (1950), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Мәскеу электртех. ин-тын бітірген (1923). Өзбекстанда инж., оқытушылық және ғыл.-зерт. жұмыстарында (1926–44 және 1929–56) болды. Қазақ энергет. ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1944–62), ғыл. кеңесші (1962–78) қызметтерін атқарды. 1978 жылдан өмірінің соңына дейін Орта Азия ирригация ғыл.-зерт. ин-тында (Ташкент) жұмыс істеді. З. кешенді су торабына арнап су ш. мен су энергетикасы салаларындағы жұмыстарды экон. тұрғыдан есептеу әдістерін ұсынды. Орта Азия республикалары мен Қазақстанда электрлендіру ісі және су энергетикасын дамыту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЗИМАНОВ** Салық (19.2.1921, Гурьев, қазіргі Атырау қ. – 4.11.2011) – заң ғыл. докт. (1961), проф. (1963), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Бүкілодақтық заң ин-тын бітірген (1948). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Гурьев обл. прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші (1946–47), Қазақ КСР-і Прокуратурасы жанындағы ерекше маңызды істер жөніндегі тергеуші (1947–48) қызметін атқарды. Қазақстан ҒА құқық секторының аспиранты, аға ғыл. қызметкері, сектор меңгерушісі (1948–52) болды. Алматы мемл. заң ин-тының директоры, ҚазМУ-да декан (1952–58), Қазақстан ҒА Философия және құқық ин-тының директоры (1958–69), осы ин-ттың бөлім меңгерушісі, құрметті директоры (1969–76), Қазақстан ҒА Төралқасының бас ғалым-хатшысы (1976–77) қызметтерін атқарған. 1995 жылдан Қазақ академ. ун-тінің ректоры, 1999 жылдан Қазақстан ҰҒА Төралқасының мүшесі. З. 1990–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесіне халық депутаты болып сайланды. Ол 1992–93 ж. ҚР Президенті жанындағы Консультативтік кеңестің, Мемл. саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі болды. З-тың ғыл.-зерттеу еңбектері, негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орт. Азияның басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Республикасының мемл. тәуелсіздігіне, т.б. өзекті мәселелерге арналған. Сондай-ақ З-тың құқық теориясына, қазақтың дәстүрлі құқықтық мәдениетіне, шариғат заңдарына қатысты бірнеше ғыл. еңбектері жарық көрді. Қазақ мемлекеттігі мен қазақ халқының тарихында шешуші рөл атқарған «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның» (25.10.1990) жобасын дайындау жөніндегі комиссияны басқарды. Ел тарихындағы екінші бір аса маңызды саяси актінің – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституц. Заңның (16.12.1991) жобасын дайындау жөніндегі комиссияның жетекші мүшелерінің бірі болды. Ол Жоғ. Кеңестегі Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын әзірлеу жө-

ніндегі Конституц. комиссияның мүшесі болды, мұнда ол сарапшылар тобын басқарды. З. 10 томдық «Қазақтың ата заңдары» энциклопедиясына ғыл. жетекшілік жасады. З. ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйл. (1993), Қазақстан Мемл. сыйл. (2002) лауреаты. «Парасат» орденімен (2002), 2 рет Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЗОЛОТАРЕВ** Теодор Лазаревич (16.8.1904, Украина, Одесса обл. Гросулово с. – 10.4.1966, Ресей, Мәскеу қ.) – тех. ғыл. докт. (1937), проф. (1935), Қазақстан ҒА-ның акад. (1963). Грузия политех. ин-тын бітірген (1927). Әзербайжан мұнай ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі (1927–32), Бүкілодақтық энергет. және электр ст-лары ғыл.-зерт. ин-тында (Мәскеу қ.) гидроэнергет. ресурстар тобының жетекшісі, КСРО ҒА-ның Су ш. мәселелері секциясы төрағасының орынбасары, төрағасы, КСРО Электр ст-лары халкоматында оқу орындары бас басқармасының бастығы, Мәскеу энергет. ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі, декан, директордың орынбасары (1932–62), Қазақ энергет. ғылзерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1963–66) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері гидроэнергет. және су ш. салаларына арналған. З. еліміздің ірі өзендерін кешенді түрде пайдалану жолдарын, гидротехниканың теор. негіздерін зерттеді, су электр ст-ларының гидродинамик. моделін жасады. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**ЗЫКОВ** Дмитрий Андреевич (7. 11.1892, Ресей, Тула обл. Скуратов ст. – 30.1.1975, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1940), проф. (1935), Қазақстан ҒА-ның акад. (1951), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1951). Воронеж а. ш. ин-тын бітірген (1921). Қазақстан Егін ш. халкоматының бас агрономы (1929–30), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында кафедра меңгерушісі (1930–41; 1946–51; 1968–75), ин-т директоры (1941–46), Қазақстан ҒА Төралқасы жанындағы өндіргіш күштерді зерттеу кеңесінің төрағасы (1955–68) қызметтерін атқарған. З. мал азығын өндіру, егіншілік пен өсімдік өсіру мәселелерін зерттеп, ғыл. тұрғыдан қорытты, зерттеу нәтижелерін республиканың а. ш. өндірісіне енгізді. Ауыспалы дақылдардың ғыл. негіздемелерін жасап, а. ш. өсімдіктерінің жаңа сорттарын алды. Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ЗЫКОВ** Юрий Дмитриевич (27. 3.1922, Ресей, Воронеж обл. Усмань ауд. Усмань с. – 19.9.2000, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1966), проф. (1968), Бүкілодақтық а. ш. академиясының акад. (1978), ҚР ҰҒА-ның акад. (1995), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1998). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақ мемл. а. ш. ин- тын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ мал азығы және жайылымы ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1951–61), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1961–72 және 1975–77), Қазақ шабындық-жайылым ш. ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1972–75), Шығыс бөлімшесі Төралқасы төрағасының 1-орынбасары (1977–81), Бүкілресейлік мелиорацияланған а. ш. жерлерін пайдалану ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1981–85) қызметтерін атқарған. 1985 жылдан Қазақ а. ш. ин-тында кафедра меңгерушісі болды. 1965 ж. «Семиреченская люцерна (Экология, морфология, биология и агротехника)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанда мал азығының тұрақты қорын жасау мәселелеріне (мал азықтық дақылдар агротехникасы мен биологиясы, көп жылдық және бір жылдық шөптердің тұқымын өсіру, далалық жерлерде мал азығын өндіру, т.б.) арналған. 1- және 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.


*Т.Л.Золотарев*


*Д.А.Зыков*


*Ю.Д.Зыков*

# И

**ИБРАГИМОВ** Шавкат Шигабутдинұлы (22.10.1923, Татарстан, Қазан қ. – 26.12.1989, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1965), проф. (1974), Қазақстан ҒА-ның акад. (1970), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). Қазан авиация ин-ты (1948) мен Мәскеу болат және қорытпа ин-тының аспирантурасын (1955) бітірген. Мәскеу және Қазан авиация з-ттарында (1948–52) жұмыс істеді. КСРО Мин. Кеңесі жанындағы Атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемл. к-ттің Обнинск қ-ндағы Физ.-энергет. ин-



*Ш.Ибрагимов*

тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1956–69), Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-ты директорының орынбасары (1969–70), осы ин-ттың директоры (1970–87), лаб. меңгерушісі (1987–89), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1974–86) қызметтерін атқарған. Оның негізгі ғыл. еңбектері қатты дененің радиац. физикасы мен радиац. материалтануға, ядр. сәуле мен заттың өзара әсерлесуін және сәулемен әсер еткенде материалдардың физ.-хим. қасиеттері мен құрылымының өзгерісін зерттеуге, сондай-ақ ядр. физ. мен ядр. энергетика мәселелеріне арналған. И. 10 өнертабыстың авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1976). Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

**ИВАНОВ** Николай Петрович (21.7.1939 ж.т., Алматы обл. Қаратал ауд. Қызылжар а.) – ветеринария ғыл. докт. (1986), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1961) және Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1967) бітірген. Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1961–75), бөлім меңгерушісі (1975 жылдан), директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1986–96) қызметтерін атқарған. 2000 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қазақ ұлттық агр. ун-тінде кафедра меңгерушісі.



*Н.П.Иванов*

«Бруцеллалардың әр түрлі формаларынан балау препараттарын дайындап жасау» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері малдың бруцеллез ауруының проблемаларына, оның ішінде бруцеллездің эпидемиологиясына және эпизоотологиясына арналған. И. мал бруцеллезін анықтауда қолданылатын жаңа эритроциттік диагностик. препараттар жасап ұсынды. И. 300-ден астам ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 6 монографияның авторы. Халықар. Сиба-Гейге (Швейцария) медалімен (1989), басқа да медальдармен марапатталған.

**ИЛЯЛЕТДИНОВ** Альфарид Низамұлы (16.1.1929, Қызылорда обл. Бесарық ст. – 2010) – биол. ғыл. докт. (1966), проф. (1968), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Мәскеу мемл. ун-тін (1951) және оның аспирантурасын (1954) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Топырақтану ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1954–57), ал 1957 жылдан Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, осы ин-т директорының ғыл. жөніндегі орынбасары (1960–61), директоры (1966–95), сонымен қатар Қазақстан ҒА-ның Биол. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы (1976) және Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі (1985–90) болды. «Мине-



*А.Илялетдинов*

ралды қосылыстардың биологиялық жолмен мобилизациялануы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері табиғаттағы органик. және минералдық заттардың айналымындағы микроорганизмдердің рөлін зерттеуге және оларды мал азығын өндіруде қолдануға арналған. И. өнеркәсіптің ластанған суларын ауыр металдар ионынан, цианидтерден және органик. ластанулардан тазарту үшін микроорганизмдерді пайдалану жөнінде іргелі ғыл.-зерттеулер жүргізіп, бұрын ғылымда анықталмаған факультативті анаэробты бактерияларды тап-

ты. Ол көп жылғы жүргізілген ғыл.-зерттеулердің нәтижесінде шырынды мал азығы – сүрлемнің құнарлылығын арттыру мақсатында құрғақ бактериялық ашытқыларды, физиол. мақсаттағы бентобак – пробиотиктерді тауып, оларды өндіріске енгізді. И-тың жетекшілігімен а. ш. малдарының төлдерінде және құс балапандарында кездесетін колибактериоз ауруын емдеу үшін сүт және пропион қышқылы бактерияларынан даярланған – лакотовит препаратын ветеринар. тәжірибеге енгізу жолға қойылды. И. 193 ғыл.-зерт. еңбектің авторы, 20 авторлық куәлігі бар. «Құрмет Белгісі» орденімен (1981) марапатталған.

**ИСАКОВА** Руфина Афанасьевна (23.7.1924 ж.т., Алматы обл. Саркант қ.) – тех. ғыл. докт. (1971), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1977). Қазақ тау-кен металлургия (1947, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) ин-тын және оның аспирантурасын (1952) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында аға лаборант (1947–49), кіші (1953–54), аға (1955–62) ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1962–91) қызметтерін атқарған. 1991 жылдан сол ин-тта бас ғыл. қызметкер. «Полиметалл қоспаларын вакуумге айдау селекциясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері вакуумдық металлургия саласына, металдарды вакуумде тазартуға және аса таза металдар алуға, түсті металлургияның бастапқы сульфидті шикізатын вакуумде терм. жолмен қайта өңдеуге арналған. Ол сынап-сүрмелі, алтын-күшәланы, алтын-сүрмелі, мыс-висмутты, мысқор-ғасынды және басқа да полиметалл қоспаларын вакуумде өңдеу технологиясын жасауға үлес қосты. И-ның жетекшілігімен лаб. ұжымы сульфидтерді вакуумдеу жөніндегі кинет. зерттеулер әдісін жасап, оны өндірісте игерді. Зерттеу нәтижелері Шымкент, Өскемен, Ертіс және Лениногор з-тарындағы штейндерді вакуумдеу жөніндегі өнеркәсіптік-тәжірибелік сынақтарда қолданылды. И. 400-ден аса ғыл.-зерт. еңбектің, оның ішінде 8 монографияның авторы; 82 авторлық куәлігі бар. «Құрмет Белгісі» (1984) орденімен және медальдармен марапатталған.


*Р.А.Исакова*

**ИСМҰХАМБЕТОВ** Жұмабай Ділмағамбетұлы (17.12.1937 ж.т., Ресей, Орынбор обл. Новоорск ауд. «Бұдамша» кеңшары) – а. ш. ғыл. докт. (1990), проф. (1996), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ а. ш. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген (1960). Сол жылдан Қазақ Өсімдік қорғау ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, аспирант, ғыл. хатшы, бөлім меңгерушісі (1969–76) болды. 1992 жылдан осы ин-т директорының орынбасары қызметін атқарады. Оның негізгі ғыл. еңбектері өсімдіктерді (шырша, қарағай, бақтарды қорғайтын екпе ағаштар, бидай, қант қызылшасы, темекі, қытай бұршағы, күнбағыс, мақта және көкөніс) зақымдайтын бунақденелілердің түрлік құрамын зерттеуге арналған. И. – өсімдіктерді және а. ш. дақылдарын зиянкестерден қорғаудың жүйесін ұсынған алғашқы ғалымдардың бірі. Бірқатар дақылдардың зиянкестері фаунасының қалыптасу заңдылығын, фитосанитарлық жағдайды оңтайландырудың негіздерін анықтаған.


*Ж.Исмұхамбетов*

# К

**КАМАЛОВ** Сухан Мақсұтұлы (21.12.1935 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Казталов ауд. Асанқұдық а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1989), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Орал геол. барлау эксп-нда геолог, экспед. бастығы, «Оралмұнайгазгеология» бірлестігінің бас директоры (1959–64), КСРО Геол. мин-нде бас геолог (1965–72), Ақтөбе экспед. (1972–


*С.Камалов*

75) мен Орал мұнай-газ барлау экспед-ның бас геологы, бастығы, «Оралмұнайгаз» бірлестігінің директоры (1976–90), Қазақстан Геол. және жер қойнауын қорғау к-ті төрағасының 1-орынбасары (1990–92), Қарашығанақ газ кәсіпшілігінің бас директоры (1993–94) қызметтерін атқарған. 1994 жылдан Орал қ-ндағы «Газжобалау» ғыл.-жобалау ин-тының директоры. К-тың ғыл. еңбектері Батыс Қазақстан аймағындағы мұнай және газ кендерін зерттеуге арналған. Қарашығанақ мұнай және газконденсат кенін ашуға үлес қосқан. Сондай-ақ Әукетайшағыл, Болғанмола, ТепловТокарев, Батыс Теплов және Каменка мұнай және газ кен орындарының геологиясын зерттеген.

**КАССИН** Николай Григорьевич (13.12.1885, Ресей, Киров обл. Гнусино с. – 28.10.1949, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1937), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1943). Санкт-Петербург тау-кен интын бітірген (1913). Қызметінің алғашқы кезеңін Қазақстанның солт.-шығыс бөлігі мен Гурьев (қазіргі Атырау) обл-ның гидрогеологиясы (1913–17) мен Ресейдің Киров обл-ның геологиясын (1918–24) зерттеуден бастаған. Геолог. к-тте геолог (1917–35), Қазақстанның Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Орт. ғыл.-зерт. геолог. барлау ин-тында аға геолог, сектор меңгерушісі (1935–41), Қазақ геология басқармасында кеңесші (1941–42), Қазақстан ҒА-ның Геолог. ғылымдар ин-тында кеңесші, аға ғыл. қызметкер (1942–49) болып істеді. Ол петрография, стратиграфия, геотектоника, металлогения, геоморфология, гидрогеология саласында жұмыс істеп, минералогия және палеонтологиямен де шұғылданды. Негізгі еңбектері Қазақстан жерінің геол. құрылымын зерттеуге, оның шикізат қорын игеруге арналған. К. – Қазақстанның геол. картасын тұңғыш жасаушылардың бірі; Бозшакөл мыс кенін (Р.А. Борукаевпен бірге) тұңғыш ашушы; жас альпілік вулканизмнің даму мүмкіндігін болжады, ол кейін (Семейтауда, Жетісу Алатауы, Кетпен жоталарында) дәлелденді. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1946). 2 рет Ленин, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

**КӘЛМЕНОВ** Тынысбек Шәріпұлы (5.5.1946 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Көксаяқ а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1983), проф. (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1996). Новосибирск ун-тін (1969, Ресей) бітірген. КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Матем. ин-тының аспиранты (1969–72), Қазақстан ҒА Матем. және мех. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1972–85), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі және декан (1985–91), Қазақ хим.-технол. ин-тының ректоры (1991–97), Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1997–2004) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан ҚР Білім және ғылым мин-нің Математика, информатика және механика ин-тының бас директоры. «О регулярных краевых задачах и спектре для уравнений гиперболического и смешанного типов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері вольтерлік емес трикоми операторы проблемасын шешуге арналған. Сондай-ақ ол гиперболалық, эллипстік және аралас типтегі теңдеулер үшін локальді емес шекаралық есептердің спектрлік теориясын құрды. К. 130-дан аса ғыл. еңбектің авторы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл. лауреаты (1978). «Құрмет» орденімен (2009), медальдармен марапатталған.

**КЕЛЬМАН** Вениамин Моисеевич (7.2.1915 ж.т., Украина, Киев қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1949), проф. (1953), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Киев мемл. ун-тін бітірген (1937). Украина ҒА-ның Харьков қ-ндағы Физ.-тех. интында аға ғыл. қызметкер (1937–41) болды. 2-дүниежүз. соғысқа қатысты (1941–45). КСРО ҒА-ның Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) Физ.-тех. ин-тында (1945–62), Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында лаб. меңге-


*Н.Г.Кассин*


*Т.Кәлменов*


*В.М.Кельман*

рушісі (1962–87), бас ғыл. қызметкер (1987–92) болып жұмыс істеді. 1992 жылдан АҚШ-та тұрады. Негізгі ғыл. еңбектері электрондық және иондық оптика саласына және ажыратқыштық шамасы жоғары бета- және масс-спектрометрлер жасауға арналған. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**КЕҢЕСБАЕВ** Iсмет (15.2.1907, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Жанысата а. – 16.1.1995, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1945), проф. (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1946). Санкт-Петербургтегі Шығыстану ин-тын бітірген (1931). Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссариатында әдіскер (1931–34), ҚазПИ-де оқытушы (1931–46, қазіргі ҚазҰПУ), Қазақ мемл. баспасының редакторы (1932–35), Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1933–36, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінде аға ғыл. қызметкер (1936–39). Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1943–51), Тіл және әдебиет ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1951–61), Тіл білімі ин-тының директоры (1961–78), осы ин-тта бөлім меңгерушісі (1978–87) қызметтерін атқарған. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін ҒА Төралқасының кеңесшісі болды. К. – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. Қазақ тілінің фонетикасы мен фразеологиясының зерттелуі К-тың есімімен байланысты. Көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде К-тың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» жарық көрді (1977, Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1978). К-тың басшылығымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961) және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1961), екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» (1978, 1981) жарыққа шықты. К. бірнеше рет дүниежүз. түркітанушылар симпозиумдарына қатысып, ғыл. баяндамалар жасады. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.



*І.Кеңесбаев*

**КОЗЛОВСКИЙ** Михаил Тихонович (9.2.1903, Беларусь, Могилев губ. Малятичи с. – 13.1.1972, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1952) проф. (1953), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1953). Одесса хим.-технол. ин-тын бітірген (1926). Одесса сот сараптамасы ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1926–39), ҚазМУ-де (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, декан, ғыл. жұмыстар бойынша проректор (1939–71) болып қызмет істеді. Сонымен бірге 1964 жылдан Қазақстан ҒА Төралқасының мүшесі және хим.-технол. ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы болды. Негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары сынап катодын электролизде пайдалануға, күшәла (мышьяк) қосылыстарын сынап катодында тотықсыздандыруға арналған. 1950 жылдан амальгама химиясы мен амальгамалық металлургия деген жаңа ғыл. бағыттарды зерттеп, оның негізін қалады. Кейін амальгамалық металлургия әдісі тазалығы жоғары металдар (мыс., висмутты) алуға қолданылды. Бұл жұмыстар өндірістік сынақтан өтіп, Шымкент қорғасын з-тына енгізілді. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*М.Т.Козловский*

**КОРСУНСКИЙ** Моисей Израилевич (19.4.1903, Ресей, Ростов қ. – 6.10.1976, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1945), проф. (1944), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) политех. ин-тын бітірген (1926). Ленинград Физ.-тех. ин-тының аспирантурасында (1926–28) оқыған. Томскідегі Сібір физ.-тех. ин-тында лаб. жетекшісі (1929–34), Украинадағы Харьков фармацевтика ин-тында кафедра меңгерушісі, Украина физ.-тех. ин-тында бөлім бастығы (1934–38), Харьков авиация ин-тында кафедра меңгерушісі, Харьков политех. ин-тында проф. (1952–62) қызметтерін атқарған. Қазақстан ҒА-ның Ядр.



*М.И.Корсунский*

физ. ин-тында бөлім меңгерушісі (1962–76) болды. Негізгі ғыл. еңбектері ядр. физикаға, қатты дене физикасына, шала өткізгіштер физикасына арналған. Ол – рентген сәулелерін және оның көмегімен заттың құрылысын, сондай-ақ ядр. изомерия құбылысын алғаш зерттеушілердің бірі. Оның көптеген ғыл. еңбектері зарядталған бөлшектерді фокустау әдісіне арналған. Шала өткізгіштердің фотоэлектрлік қасиетін зерттеу нәтижесінде олардағы аномалды фотоөткізгіштік құбылысын ашты. Медальдармен марапатталған.

**КӨЗДЕНБАЕВА** Раиса Салмағанбетқызы (3.4.1942 ж.т., Ақтөбе қ.) – мед. ғыл. докт. (1981), проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Ақтөбе мемл. мед. ин-тын (1965, қазіргі Батыс Қазақстан мед. ун-ті) және Мәскеу мемл. мед. ин-тының аспирантурасын (1968) бітірген. 1971 жылдан Ақтөбе мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі. К-ның негізгі ғыл. еңбектері фармакология мәселесіне арналған. Организмдегі зат алмасу процесінің бұзылуына дәрілік заттардың фармакол. әсерінің ерекшеліктерін анықтады. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (2001). «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.



*Р.Көзденбаева*

**КӨМЕКОВ** Болат Ешмұхамбетұлы (5.8.1940 ж.т., Жамбыл обл. Тараз қ.) – тарих ғыл. докт. (1994), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003), Ташкент мемл. ун-тін бітірген (1963). Мысырда аудармашы (1964–65), ҚР ҰҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында аспирант, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1965–96) болды. 1996 жылдан Қазақ мемл. заң академиясының Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, әрі Қыпшақтану орталығының, ин-тының директоры (1997–2008). 2009 жылдан Тарих және этнология ин-тында бас ғыл. қызметкер, 2010 жылдан ҚазақҰУ жанындағы Халықар. қыпшақтану ин-тының директоры. Қазақстанның ортағасырлық тарихын, тарихи географиясын араб, парсы, көне түркі жазба ескерткіштері негізінде зерттеумен шұғылданады. Тарих ғылымында алғаш рет көне түркі тайпасы – қимақтардың мемл. құрылымы болғанын ғыл. тұрғыда шығыс деректері бойынша негіздеген. Оның басшылығымен құрылған Халықар. қыпшақтану ин-ты Мысыр, Сауд Арабиясы, Ливия, Түркия, Иран, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Қырғызстан, Ресей, Украина, Армения, т.б. елдердегі ортағасырлық этностар тарихын зерттейтін ғалымдармен тығыз байланыс орнатқан. Ол 600 ғыл. жарияланымының авторы, 1983–85 ж. баспадан шыққан Ш.Ш.Уәлихановтың шығ. жинағының жауапты редакторы болды. Халықар. «Түркістан» (2000) энциклопедиясын шығаруға белсене қатысты, Стамбұлда түрік және ағылшын тілдерінде шығарылған 26 томдық «Түркі халықтары тарихы» энциклопедиясын (2002) әзірлеуге ат салысты.



*Б.Көмеков*

**КУЗЬМИН** Валентин Петрович (5.12.1893, Ресей, Самара губ. Антоновка с. – 8.5.1973, Целиноград, қазіргі Ақмола обл. Шортанды ауд. Шортанды кенті) – а. ш. ғыл. докт. (1962), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), Соц. Еңбек Ері (1962). Қазақстанда 1935 жылдан. Комаровск МТС-інде (Көкшетау обл.) тұқым өсіруші агроном, Шортанды тәжірибе ст-нда (қазіргі Ақмола обл.) селекция бөлімінің меңгерушісі (1936–52), Бүкілодақтық астық ш. ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1957–65), сонда ғыл. кеңесші (1965–73) болды. Негізгі ғыл. еңбектері егіс дақылдары селекциясы, өсімдік өсіру мәселелеріне арналған. К. Моңғолияның мәдени өсімдіктеріне сипаттама берді; тағамдық дақылдардың Қазақстан жағдайына лайық 40-тан аса сортын шығарды; сондай-ақ қуаңшылық аймақтардағы дақылдардың селекц. бағытын және тәсілдерін (КСРО Мемл. сыйл., 1952) зерттеді. Ленин және 2 рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.



*В.П.Кузьмин*

**КУРСКЕЕВ** Әбдірахман Козлоевич (15.9.1937 ж.т., Ресей, Солт. Осетия – Алания Республикасы, Ангушт а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1979), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ политех. ин-тын (1961, қазіргі


*Ә.Курскеев*


*Д.Кішібеков*


*З.Қабдолов*

Қ.И.Сәтбаев атынд. Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Қ.И.Сәтбаев атынд. Геол. ғылымдары ин-тында инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1962–76), Сейсмология ин-тында лаб. жетекшісі, ин-т директорының орынбасары, директоры, лаб. меңгерушісі (1976–2001), 1999 жылдан ҚР ҰҒА-ның Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы және Төралқа мүшесі болып қызмет етеді. Оның негізгі ғыл. еңбектері Жер қыртысының пайда болу заңдылықтарын, қазіргі геодинамик. процестер энергиясын зерттеуге арналған. К. әр түрлі жер сілкіністерінің алғы нышандарын анықтау және ошақ аумақтарының түзілу теориясын дамытты, жер сілкінісін болжау, сейсмик. қауіпті бағалау әдістерін ұсынды. К-тің жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Іле Алатауы мен Жетісу Алатауындағы жер сілкініс түзілетін аумақтардың, Алматы қ. әкімш. аудандарының сейсмик. аудандастыру карталары, Қазақстан мен Қырғызстанның шекаралас аумақтарының жер сілкінісін ұзақ мерзімді болжау карталары жасалды.

**КІШІБЕКОВ** Досмұхамбет (15. 12.1925 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд.) – филос. ғыл. докт. (1965), проф. (1967), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-і Жоғары мектебінің еңб. сің. қызметкері (1974). Қызылорда пед. ин-тының тарих ф-тін (1948, қазіргі Қызылорда мемл. ун-ті) және КСРО ҒА Филос. ин-тының аспирантурасын (1953) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысты. Қызылорда мемл. пед. ин-тында оқытушы (1948–49), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) кіші, аға ғыл. қызметкер (1953–64), кафедра меңгерушісі (1964–96), 1996 жылдан проф. қызметін атқарады. Негізгі ғыл. еңбектері қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, дәстүрлі дүниетанымына арналған. Халықтың өткені мен бүгінін ғыл. тұрғыдан саралау, оның діліне, болмысы мен әдет-ғұрпына, дүниеге көзқарасына филос. талдау жасау, тарих философиясы мәселесін зерттеумен айналысады. К. 580-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 47 монография мен оқулықтардың авторы. «Достық» орденімен, медальдармен марапатталған.

# Қ

**ҚАБДОЛОВ** Зейнолла (12.12. 1927, Атырау обл. Мақат ауд. Доссор кенті – 25.8.2006, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972). Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақстанның халық жазушысы (1994), ҚР (1984) және Қырғыз Республикасының (1995) еңб. сің. ғыл. қайраткері. ҚазМУ-ды (1950, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қ. «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1954–57), Қазақстан Компартиясы ОК-нің сектор меңгерушісі (1957–59), «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1959–61), ҚазМУ-да ассистент, аға оқытушы (1950–62), доцент, кафедра меңгерушісі (1975–2001) қызметтерін атқарған. «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ол «Жанр сыры» (кейінгі аты «Шеберлік мектебі», 1964) монографиясында қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының идеялық-көркемдік табиғатын ашып берді. «Әдебиет теориясының негіздері» (кейінгі аты «Сөз өнері») атты көлемді ғыл. еңбегінде әдебиеттің жанрлық тектері мен түрлері, сюжет пен композиция, мазмұн мен пішін, образ бен образдылық, көркем шығарма тілі сияқты іргелі теор. мәселелерге жан-жақты талдау жасады. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1998). «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы, «Парасат» (2001) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ҚАЙДАР** Әбдуәли Туғанбайұлы (13.12.1924 ж.т., Алматы обл.

Еңбекшіқазақ ауд. Талдыбұлақ а.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды бітірген (1951, қазіргі ҚазҰУ). 1951–54 ж. Қазақ КСР-і ҒА-да аспирант, 1954–95 ж. Қазақ КСР-і ҒА-ның Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1961–63, 1967–78), ин-т директоры (1978–95) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы ин-ттың құрметті директоры. «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негізі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Халықар. «Қазақ тілі» қоғамының президенті (1989), ҚР Президенті жанындағы ішкі саясат к-тінің мүшесі (1995). 400-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 44 монографияның авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1971), Түркияның «Dil kurumu» лингвист. қоғамының (1989), Башқортостан ҒА-ның құрметті акад. (1991). 3-дәрежелі Отан соғысы (1944), 2 рет Қызыл Жұлдыз (1945), Халықтар достығы, «Отан» (1996) ордендерімен, «Ана тілінің айбары» (Түркия) алтын белгісімен, медальдармен марапатталған.

**ҚАЙЫПОВ** Арықтай (10.10. 1914, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қарақұдық а. – 25.12.1993, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1964), проф. (1968), Қазақстан ҒА-ның акад. (1972). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1939, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және аспирантурасын (1943) бітірген. 1939 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесіне қарасты Шұбартау геол. партиясын басқарды. 1943–93 ж. Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, сектор жетекшісі, ин-т директорының орынбасары (1964–66), бөлім меңгерушісі болды. Қ-тың негізгі ғыл. жұмыстары металлогения саласына арналған. Қазақстанның және Орта Азияның металлоген. картасын құрастырушылардың бірі. Орт. Қазақстанда Ақмая сирек металл кен орнын ашқан. Қ-тың Ащысай және Зырянов кендерінде жүргізген зерттеулері жаңа кентас қабаттарын табуға, кендердің жалпы қорын анықтауға мүмкіндік беріп, Зыряновск қ-нда қорғасын комб-тының салынуына негіз болды. Оның Жетісу Алатауында, Шығыстағы Мижезек – Құсмұрын металлоген. белдемінде, Солт. Қазақстан мен Сарыарқа аудандарында жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде алтынның, мыстың, полиметалдың өндірістік кендерінің төм. палеозойдағы жанартаулық жыныстармен байланыстылығы Қазақстан аумағында алғаш рет анықталды. Бұрынғы еңбектері бойынша докт. дисс. қорғады. Қ-тың басшылығымен 11 томдық «Металлогения Казахстана» монографиясы жарық көрді (1977–83). КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1985). Халықтар достығы орденімен, медальдармен марапатталған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**ҚАЙЫПОВ** Мәлік Арықтайұлы (30.1.1956 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. Мәскеу физ.-тех. ин-тын (1979), Қазақ КСР-і ҒА Сейсмология ин-тының аспирантурасын (1982) бітірген. 1983 жылдан Қазақ КСР-і ҒА-ның Тау-кен ісі ин-тында аға инженер, кіші, аға ғыл. қызметкер, жетекші, бас ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарады. Қ. жер асты құрылыстарын жобалау кезінде құралымды оңтайландыру теориясын пайдаланудың қажеттілігін ғыл. түрде дәлелдеп ұсынды. Тау-кен қазбаларының элементтерін босатылған толқыннан қорғаудың қажеттілігін негіздеді және осы толқындарды тау жыныстарын бұзу технол. операцияларына қолданудың мүмкіндігін көрсетті. Қ. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл. лауреаты (1988).



*Ә.Қайдар*



*А.Қайыпов*



*М.Қайыпов*

**ҚАЛИЕВ** Ғани Әлімұлы (19.7. 1938 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Белбасар а.) – экон. ғыл. докт. (1981), проф. (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1994). Қырғыз мемл. ун-тін бітірген (1962). 1963–64 ж. Алматы халық

ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) оқытушы, 1968–84 ж. Қазақ а. ш. экономикасы және оны ұйымдастыру ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, сектор, бөлім меңгерушісі, ин-т директорының орынбасары, директоры (1988–96), 1984–88 ж. Қазақ қой өсіру технол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры, 1991–96 ж. Қазақ а. ш. ғылымдары академиясының президенті болды. 1980 ж. «Размещение, специализация и концентрация производства в овцеводческих совхозах Казахстана (опыт и проблемы)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары агр. теория және саясат мәселелеріне арналған. 1999 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.



*Ғ.Қалиев*

**ҚАРАТАЕВ** Мұхамеджан Қожасбайұлы (27.12.1910, Қызылорда обл. қазіргі Шиелі ауд. Телікөл а. – 9.6.1995, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1963), проф. (1965), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1974). ҚазПИ-ді (1933, қазіргі ҚазҰПУ), Ленинградтың (Санкт-Петербург) Тарих, филос. және әдебиет ин-тының аспирантурасын (1936) бітірген. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы (1936–38), төрағасы болып қызмет етті. Қ. бұл жылдары пед. жұмысты қоса атқарып, ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі (1938) болды. Жамбыл пед. уч-щесінде оқытушы (1947–51), Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасының редакторы, бас редакторының орынбасары, директоры (1955–60), Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1960–88), «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1967–79), 1988 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты директорының бас кеңесшісі болды. «Қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм проблемалары» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Қ. қазақ әдебиетінің түрлі мәселелерін қамтыған 700-ден астам мақаланың, 40-тан астам кітаптың авторы. Қазақ КСР-і Мемл. (1974), Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтарының (1985) лауреаты. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.



*М.Қаратаев*

**ҚАСҚАБАСОВ** Сейіт Асқарұлы (24.6.1940 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – филол. ғыл. докт. (1989), проф. (1996), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазПИ-ді (1964, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1968–70, 1979–81 және 1984–87, 1994–97), Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшысы (1970–79), КСРО ҒА Әлем әдебиеті ин-тының аға ғыл. қызметкері (1981–83), Қазақстан КП ОК-нің идеология бөлімінің кеңесшісі (1988–91), ҚР Президенті мен Мин. Каб. аппаратының қызметкері (1991–92), ҚР Мин. Каб. жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясының төрағасы (1992–94), Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы Еуразия ғыл.-зерт. орт-нда жетекші, декан (1997–2001) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тының директоры. 2012 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі. «Қазақ халық прозасының жанрлары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ фольклорының теориясы мен тарихына, әдебиет пен өнер мәселелеріне, этнография мен ауыз әдебиеті мұраларының текстологиясына арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. ҚР Мемл. (1992) және ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтардың (1996) лауреаты.



*С.Қасқабасов*

**ҚАСЫМОВ** Құлжабай Әбдіхалықұлы (25.9.1935 ж.т., Алматы обл. Көксу ауд. Талапты а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1972), проф. (1978). Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1963) бітірген. ҚазМУ-да ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1957–68), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1968–72), ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі, декан (1972–80), ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) ректор, кафедра меңгерушісі (1980–88), ҚазМУ-да кафедра меңге-

рушісі, декан (1988–2005) қызметтерін атқарды. 1971 ж. «Асимптотические разложения решений задачи с начальными скачками для обыкновенных дифференциальных, интегрдифференциальных и гиперболических уравне-



Қ.Қасымов

ний с малым параметром при старшей производной» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері кіші параметрлі жай дифференц., интегралды-дифферен. және гиперболалық теңдеулер теориясына, сондай-ақ сызықтық алгебраның сандық тәсілдеріне, матем. анализ мәселелеріне арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен (2004) марапатталған.

**ҚИРАБАЕВ** Серік Смайылұлы (23.3.1927 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – филол. ғыл. докт. (1964), проф. (1966), КСРО Пед. ғыл. академиясының корр. мүшесі (1968), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Қазақстан Республикасының (1977, 2005) және Қырғыз Республикасының (1995) еңб. сің. ғыл. қайраткері. ҚазПИ-ді (1951, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1952) бітірген. «Қазақ мемл. көркем әдебиет» баспасында аға редактор (1951), «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналының бөлім меңгерушісі (1951–52), «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналының редакторы (1952–55), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі (1955–58), Қазақстан Компартиясы ОК үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1958), ҚазПИ-де оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, проректор (1958–88), ҚР



С.Қирабаев

ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тының директоры (1988–95), бөлім меңгерушісі (1995–2007), 2007 жылдан бас ғыл. қызметкер қызметтерін атқарады. «Сәкен Сейфуллин» тақырыбында докт. дисс. қорғады. С.Көбеевтің, С.Сейфуллиннің, Ж.Аймауытовтың әдеби мұрасын тұңғыш зерттеуші. 700-ге жуық мақаланың, 30-дан астам сыни-зерттеу кітабының авторы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1994), ҚР Мемл. сыйлықтарының (1996) лауреаты. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы, «Отан» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ҚОЖАБЕКОВ** Зайнолла Камалейұлы (1.1.1929, Солт. Қазақстан обл. Мамлют ауд. – 27.5.2009, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1980), проф. (1981), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақ КСР-інің еңб. сің. жоғары мектеп қызметкері (1971). Омбы малдәрігерлік ин-тын бітірген (1952). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі (1952–86), ректор (1972–83), Қазақ ветеринария ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1986–97) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан өмірінің соңына дейін сол ин-ттың құрметті директоры болды. «Возрастные и породные особенности белкового и газоэнергетического обменов у овец Казахстана» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері қой-



З.Қожабеков

дың әр түрлі тұқымдарына тән жалпы биол. заңдылықтарды зерттеуге арналған. 12-сайл. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ҚОЖАМҚҰЛОВ** Төлеген Әбдісағиұлы (29.4.1946 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Жамбыл а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1986), проф. (1989), ҚР ҰҒА-ның акад. (2009). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1996).



Т.Қожамқұлов

ҚазМУ-ды (1967, қазіргі ҚазҰУ) және Ленинград қ-ндағы (1970, қазіргі Санкт-Петербург) физ.-тех. ин-тының аспирантурасын бітірген. ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі, декан, ун-т жанынан ал-

ғаш құрылған Тәжірибелік және теор. физ. ғыл.-зерт. ин-тын ұйымдастырушы және тұңғыш директоры (1970–98). Жетісу мемл. ун-тінің (1998–2001), ҚазҰУ-дың ректоры (2001–08) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан Қазақстан ҰҒА-ның вице-президенті. «Стохастическое квантование калибровочных полей на решетке. Теория и численный эксперимент» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері атом ядросы мен элементар бөлшектер теориясына, кванттық хромодинамикаға арналған. «Парасат» орденімен марапатталған (2004).

**ҚОЖАХМЕТОВ** Сұлтанбек Мырзахметұлы (15.9.1935 ж.т., Ақмола обл. Қорғалжын ауд. Қорғалжын а.) – тех. ғыл. докт. (1978), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983). Мәскеу алтын және түсті металдар ин-тын бітірген (1958). Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1971–81), директоры (1988–95). Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1982–87), ҚР ҰҒА-ның Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы (1994–99) қызметтерін атқарған. 2000 жылдан Металлургия және кен байыту ин-тының құрметті директоры. «Автогенные процессы плавки сульфидных медных и медноцинковых концентратов» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері металлургия мәселелеріне арналған. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1978). Халықтар достығы орденімен және медальдармен марапатталған.



*С.Қожахметов*

**ҚОЗЫБАЕВ** Манаш Қабашұлы (16.11.1931, Қостанай обл. Меңдіқара ауд. Тазкөл а. – 30.10.2002, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1969), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қостанай пед. ин-тында (1953–58), КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының Қазақ бөлімшесінде (1958–74), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1974–79, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), кейін ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру ин-тында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1979–86), Қазақстан ҒА Тарих, археол. және этнол. ин-ты тарихнама бөлімінің меңгерушісі (1986–88), 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-т директоры қызметінде болды. «Қазақстан коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. 500-ден астам ғыл. ариялaнымның, оның ішінде 30 монография, 50-ден астам ұжымдық еңбектердің авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд.(1970), Қазақстан Мемл. (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім (1997) сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденімен (2001) және медальдармен марапатталған.



*М.Қозыбаев*

**ҚОНАЕВ** Асқар Меңдіахметұлы (14.7.1929, Алматы қ. – 31.3. 1999, сонда) – тех. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1981), КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1974), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1976). Мәскеу болат және қорытпа ин-тын бітірген (1951). Теміртау металлургия з-тында болат қорытушы (1951–53), Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында ғыл. қызметкер, ин-т директоры (1953–88), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1972–74), президенті (1974–86), Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тының құрметті директоры (1996–99) болды. 1969 ж. «Пирогидрометаллургические способы переработки ванадиевого сырья Казахстана» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері кен өңдеудің физ.-хим. кешенді технологиясын дамытуға арналған. Қ. кремнийге бай сирек кездесетін металл кендері мен фосфориттердің тотығуын және қалпына келуінің жаңа заңдылықтарын тапты; қатарынан фосфор мен кешенді легирлеуші қорытпа алудың жаңа технологиясын жасады (Қазақ КСР-і Мемл. сыйл.,



*А.Қонаев*

1982); өнеркәсіптік көлемде фосфорлы темір кенін өңдеу технологиясын жасап өндіріске енгізді (КСРО Мемл. сыйл., 1984). 9–11-сайл. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты. Қазақ КСР-і Мемл. (1972), КСРО Мемл. сыйлықтардың (1978) лауреаты. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

**ҚОНАЕВ** Дінмұхамед Ахметұлы (12.1.1912, Алматы қ. – 22.8. 1993, сонда) – Қазақстан ҒА-ның акад. (1952), тех. ғыл. докт. (1963), 3 рет Соц. Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). Мәскеудегі



*Д.Қонаев*

Түсті металдар және алтын ин-тын бітірген (1936). Балқаш, Алтай, Риддер, Лениногор кен орындарында басшы қызмет (1936–42) атқарған. Қазақ КСР-і Халық комиссарлары кеңесі, кейіннен Қазақ КСР-і Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1942–52) болды. Қазақстан ҒА-ның президенті (1952–55) болып сайланды. Қазақ КСР-і Мин. Кеңесінің төрағасы (1955–60 және 1962–64 жылдары). Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы (1960–62 және 1964–86 жылдары), КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі (1971–87) болды. Қ. өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты: электртех., машина жасау, химия салалары тез дамыды. «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» монографиясы бойынша докт. дисс. қорғаған. Қ-тың ғыл. еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен тәжірибесінің аса маңызды мәселелеріне арналған. Ол карьерлерде кен өндірудің тиімді әдістерін зерттеумен және оларды өндіріске енгізумен айналысты. Қ. зерттеулері Қазақстанның кен қазу өнеркәсібінде өндіріс тиімділігін елеулі түрде арттыруға көмектесті. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде «Қазақстанда ашық әдіспен кен қазуды дамыту» монографиясының, «Қоңырат мыс кенін қазу» (1949), «Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру» (1966) атты ғыл. еңбектердің авторы. 2–11 сайл. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің және 3–11 сайл. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты. 8 рет Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Қазақстан ҒА-ның Тау-кен және түсті металлургия ин-тына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Қ. есімі берілді. Алматы қ-нда Қ-тың мұражай-үйі ашылды.

**ҚОШАНОВ** Аманжол (11.10. 1934 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Алқаағаш а.) – экон. ғыл. докт. (1979), проф. (1980), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1994). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1957). Ақтөбе кооп. техникумының оқытушысы (1957–59), Қазақстан ҒА Экон. ин-тының аспиранты, кіші, аға ғыл. қызметкері, ғыл. хатшысы, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры (1959–95). ҚР ҰҒА-ның вице-президенті (1996–99), ҚР ҰҒА Төралқасының мүшесі, акад.-хатшы (1999–2003) болды. 1995 жылдан Экономика ин-тында бөлім меңгерушісі. Қ. «Закономерности и проблемы индустриального роста Казахстана в период развитого социализма» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Қ. өтпелі экон. жағдайында Қазақстанда меншік қатынастарының өзгеруі, кәсіпкерліктің дамуы, ұлттық экон. мүдделер жүйесі, жаһандану және аймақтық интеграция жағдайында экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде іргелі ғыл.-зерттеулер жүргізіп, бұл мәселелер бойынша ғыл. бағдарлама жасауға ат салысты. Ол экон. теория бойынша өзіндік



*А.Қошанов*

ғыл. мектебін қалыптастырды. Қ. 450 ғыл. еңбектің, 40-қа жуық монографиялардың авторы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1983). «Парасат» орденімен (2004) және медальдармен марапатталған.

**ҚУБАТОВ** Рашид Жүсіпбекұлы (5.10.1928 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Батырана а.) – экон. ғыл. докт. (1971), проф. (1972). Ресей (1971) және Қазақстан (1992) А.ш. ғыл. академияларының толық мүшесі, ҚР ҰҒА-ның акад. (1995). Ташкент қаржы-экон. ин-тын (1950) және Мәскеу мемл. экон. ин-тының аспирантурасын (1953) бітірген. 1954–94 ж. бірқатар жоғары оқу орындары мен ғыл.-зерт. ин-ттарында ғыл.-пед. қызметтер атқарды. Қазақ ұлттық агр. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1994–97), 1998 жылдан қазіргі уақытқа дейін осы ун-тте проф. «Ауыл

шаруашылық өнімдерінің өзіндік құны» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты: а. ш. өнімдерінің өзіндік құнын және бағасын арзандату мен жетілдіру, сапасын



*Р.Кубатов*

арттыру жолдары, а. ш-ндағы өндірістік бірлестіктердің әлеум.-экон. мәселелері, өтпелі кезең экономикасы. Қ. 168 ғыл. еңбектің, оның ішінде 12 монографияның авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1971), медальдармен марапатталған.

**ҚҰЛҚЫБАЕВ** Ғабдолла Әбдіқожаұлы (4.2.1941, Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Сейфуллин



*Ғ.Құлқыбаев*

а. – 17.3.2006) – мед. ғыл. докт. (1990), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1963, қазіргі Қарағанды мемл. мед. академиясы) бітірген. Осы оқу орнында оқытушы (1963–79), Денсаулық сақтау мин-нің Кардиология ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1979–81) болды. Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-тында (1981–90) жұмыс істеді. 1990 жылдан Еңбек гигиенасы мен кәсіби ауруларды зерттейтін ұлттық ғыл. орт-тың директоры қызметін атқарады. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты теор. токсикология, өндірістік гигиена және мед. экология мәселелеріне арналған. Қ. 280-дей ғыл. еңбектің, 9 монографияның авторы.

**ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ** Іляс Райханұлы (21.6.1954 ж.т., Қарағанды қ.) – мед. ғыл. докт. (1991), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. Алматы мемл. мед. ин-тын (1977, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) және КСРО Денсаулық сақтау мин. Трансплантология және жасанды органдар ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1982) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тында ассистент, кафедра меңгерушісі (1983–2001) болып жұмыс істеді. 2001 жылдан Қарағанды мемл. мед. ин-тының (қазіргі Қарағанды мемл. мед. ун-ті) ректоры. 1999 ж. «Разработка интегральных методов оценки функционального состояния систем дыхания и кровообра-



*І.Құлмағамбетов*

щения при интенсивной терапии» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 240-тан астам ғыл. жарияланым мен 7 монографияның авторы. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл. лауреаты.

**ҚҰНАНТАЕВА** Күләш (3.3. 1931 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Никитинка а.) – пед. ғыл. докт. (1981), проф. (1982), КСРО Пед. ҒА-ның корр. мүшесі (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР-ның еңб. сің. қайраткері. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тын (1952, қазіргі Қазақ мемл. қыз-



*К.Құнантаева*

дар пед. ун-ті) бітірген. Орта мектепте мұғалім (1952–54), Алматы обл. жастар одағының хатшысы (1954–59), Қазақ КСР-і ЛКЖО ОК-нің хатшысы (1959–64), Қазақ КСР-і Жоғары және орта білім беру мин-нің орынбасары (1964–67), Алматы шет тілдері ин-тында (қазіргі Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті) проректор (1967–68), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында ректор (1968–84) қызметтерін атқарды. 1984 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі, проф. болып қызмет атқарады. «Развитие женского образования в Казахстане (1920–1975 гг.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің 9–10-шақырылымының депутаты. Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

**ҚЫПШАҚБАЕВ** Иса (15.1.1927 ж.т., Қызылорда обл. Сырдария ауд. Абай а. – 3.9.2012, Алматы қ.) – ғалым, проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1948, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-тін) бітірген. 1948–97 ж. Қазақ а. ш. ин-тында, Қазақ мемл. а. ш-н меха-

никаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тында (1970–78 ж., директор), Қазақ а. ш-н механикаландыру ғыл.-өндірістік бірлестігінде (1978–97 ж., бас директор) ғыл.-пед., басшылық қызметтер атқарды. Қазақ ұлттық агр. ун-тінде (1997) оқытушы қызметін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. техникасын механикаландыруға арналған. Қ-тың басшылығымен жасалған а. ш. дақылдарын егу және жинау, мал ш-ндағы қол еңбегі мен өндірістік процестерді кешенді электрмеханикаландыру, табиғи және мәдени жайылымдарды жақсарту, жемшөп жинау және дайындау, сумен қамтамасыз ету, т.б. жұмыстарды механикаландыруға арналып жасалған құралдар мен техникалар, жел эрозиясына ұшыраған және суландырылатын жерлерге егілетін а. ш. дақылдарын өңдеу және жинау жұмыстарын кешенді механикаландыруға арналған технология республика шаруашылықтарында кеңінен қолданылды. Оның ішінде а. ш. машиналарын жөндейтін және тех. қызмет көрсететін жабдықтар, топырақ өңдейтін машиналар кешені, т.б. өндіріске енгізілді. 100-ден аса ғыл. жарияланымның авторы, 16 авторлық куәліктің иегері. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.



*И.Қыпшақбаев*

# Л

**ЛАТЫШЕВ** Георгий Дмитриевич (4.11.1907, Ресей, Брянск обл. Бежица қ. – 3.4.1973, Киев қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1946), проф. (1940), Украина ҒА-ның корр. мүшесі (1948), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) политех. ин-тын бітірген (1929). Украина (1930–41, 1941–46, 1965–73), Ресей (1953–58) ғыл.-зерт. және жоғары оқу орындарында жұмыс істеді. Қазақстан ҒА-ның Ядр. физика ин-тын ұйымдастырып, оның директоры (1958–65) болды. Негізгі ғыл. еңбектері ядр. физикаға (γ-сәулесінің затпен әсерлесуі, ядр. резонанс, γ-дефектоскопия, ядр. спектроскопия) арналған. 1932 ж. К.Д. Синельников, А.И.Лейпунский және А.К.Вальтермен бірге КСРО-да тұңғыш рет жасанды үдетілген бөлшектермен атом ядросының жіктелуін жүзеге асырды. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1949).



*Г.Д.Латышев*

**ЛЕВИНТОВ** Борис Львович (26.4.1939 ж.т., Беларусь, Витебск қ.) – тех. ғыл. докт. (1986), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Магнитогорск қ-ндағы Тау-кен металлургия ин-тын бітірген (1961). 1964 жылдан Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен-байыту ин-тында аға, бас инженер, кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер (1964–94), 1994 жылдан бас ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарады. «Научное обоснование и разработка технологии рационального извлечения легирующих металлов из промышленных продуктов химического и металлургического производств» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қара және түсті металдар металлургиясына арналған. Л-тың басшылығымен металлургия өндірісіне қажетті қиын байытылатын сирек металдар шикізатын алудың физ.-хим. негізі мен технологиясы бойынша іргелі әрі қолданбалы зерттеулер жүргізілді. Темірфосфорлы қорытпаларды орынды пайдаланудың тиімділігі жоғары технол. сұлбалары жасалып, техниканың әр түрлі салаларында өндіріске енгізілді. Құрамында фосфоры бар аса қымбат емес металоморфты қорытпаларды өндіріске енгізуді ұсынды. Жол құрылыс саласына мыңдаған тонна қатты техногенді қалдықтарды қолданудың жаңа бағытын (техноэкология) енгізді. Л. 280-нен астам ғыл. жарияланымның, соның ішінде 2 монографияның авторы, 60 патент пен өнертабыс куәліктерін алған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1982), «КСРО өнертапқышы».



*Б.Л.Левинтов*

**ЛУКЬЯНОВ** Алексей Тимофеевич (12.4.1922 ж.т., Ресей, Краснодар өлкесі, Армавир ауд. Отрадно-Ольгинское с.) – физ.-

матем. ғыл. докт. (1969), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1974). 1930 жылдан Қазақстанда тұрады. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-дың химия (1950, қазіргі ҚазҰУ), физ.-матем. (1958) ф-ттерін және аспирантурасын (1959) бітірген. ҚазМУ-да оқытушы (1950–67), лаб. меңгерушісі (1967–71), кафедра меңгерушісі (1971–77), ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (1977–86) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері матем. модельдеу әдістерін физ., хим., биол., тех. есептерін шешуге қолдануға және дербес туындылы теңдеулерге арналған есептеу техникасы құралдарын жетілдіруге арналған. 600-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 6 монография мен 15 оқу құралының және 75 өнертабыстың авторы. 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту (1986), «Парасат» (2001) ордендерімен және медальдармен марапатталған.



А.Т.Лукьянов

М

**МАМЫРОВ** Нұрғали Құлшыманұлы (27.9.1938 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Алғабас а.) – экон. ғыл. докт. (1978), проф. (1980). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеу халық ш. ин-тының аспирантурасын (1966) бітірген. ҚазМУ-да оқытушы (1961–63), Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1966–86), ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (1976–82), ректор (1982–87), Тәжік экон. және а. ш-н ұйымдастыру ғыл.-зерт. ин-тының аға ғыл. қызметкері (1987–88), Қазақ агроөнеркәсіптік кешен басқармасы Жоғары мектебінде кафедра меңгерушісі (1988–91), ҚР Сәулет-құрылыс мемл. к-тінің басшы қызметкерлері мен мамандарының біліктілігін жетілдіру ин-тының ректоры (1991–93), Алматы технол. ин-тының ректоры (1993–94), Қазақ мемл. басқару академиясының (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) ректоры (1994–2005) қызметтерін атқарған. «Оптимальные размеры производственных систем в промышленности (теория, методология и проблемы)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері өндірістің экон. және әлеум. тиімділігін арттыру мәселелері, сондай-ақ Қазақстан экономикасы негізіндегі нарықтық экономиканың өзекті мәселелеріне арналған. 150-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (2002). «Парасат» (1998) және Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.



Н.Мамыров

**МАРҒҰЛАН** Әлкей Хақанұлы (11.5.1904, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 12.1.1985, Алматы қ.) – Бүкілодақтық геогр. қоғамының толық мүшесі (1933), филол. ғыл. докт. (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Павлодар қ-ндағы мұғалімдер курсын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. Семей пед. техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында (1921–25) қызмет атқарған. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы Шығыстану ин-тының түркітану және тарих-филол. ф-ттерінде (1925–29) оқыды. М. Қазақстан және Алтай археол. және этногр. экспед-ларының (1926–27) жұмысына қатысты. М. 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. Терминол. комиссияның ғалым-хатшысы (1930–31), Ленинград қ-ндағы Мемл. материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты (1931–34), Шығыстану ин-тының оқытушысы (1931–35), Мәскеу қ-ндағы материалдық Мәдениет тарихы ин-тының ізденушісі және ғыл. қызметкері (1936–38) болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археол.



Ә.Марғұлан

экспед-ларға қатысты. КСРО ҒА-ның қазақ бөлімшесі Тарих ин-тының аға ғыл. қызметкері (1939–41) болды. 1941 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Археол., палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғыл. қызметкері (1946–53), Қазақстан ҒА-ның Архитектура құрылыс және құрылыс материалдары ин-тының аға ғыл. қызметкері (1953–55) болды; кейін этнография бөлімін (1958–76) басқарды. М. – қорқыттанушы. Ол Қорқыт мұрасын зерттеді. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғыл.-зерт. ісінің дамуына үлес қосты. 1957–67 ж. Уәлихановтың ғыл. мұраларына басшылық етіп, оның таңдамалы (1958) және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. 1976–84 ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғыл. қызметкері болды. Оның ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археол. және этногр. экспед-лар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. М. тарих, археол., этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғыл.-зерт. жұмыстар, 100-ден астам энциклопед. мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. 1991 ж. Қазақстан ҰҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тындағы археол. орт-тың негізінде М. атынд. Археол. ин-ты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қ-лары мен Онт. Қазақстан обл-нда, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер М. есімімен аталады. Павлодар қ-нда мүсіні орнатылған, сондай-ақ Павлодар мемл. ун-тінде М. атында стипендия тағайындалып, музей ашылған. 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде аталып өтті (2004). Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1967), Қазақ КСР-і Мемл. сыйлықтарының лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**МӘДИЕВ** Өскенбай Қабылбекұлы (17.6.1945 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Арыс ауд. Задария а.) – тех. ғыл. докт. (1980), проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тын бітірген (1966).



*Ө.Мәдиев*

Сол ин-тта (1966–68, 1971–98), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде (1998–2002), Тараз мемл. ун-тінде (2002–03) ғыл.-пед. және басшылық қызметтер атқарған. 2003 жылдан Алматы экон. және статистика ун-тінің Тараз қ-ндағы бөлімшесінің директоры. «Исследование дубящего действия соединений алюминия сочетаниями с неорганическими и органическими дубящими веществами и применение их в производстве кожи» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы.

**МӘМБЕТҚАЗИЕВ** Ережеп Әлхайырұлы (13.9.1937, Ресей, Астрахан обл. Володар ауд. Калинин с.) – хим. ғыл. докт. (1981), проф. (1983), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Халықар. академияның акад. (2003). ҚР-ның ғылымына еңб. сің. қайраткер (1993). ҚазПИ-ді (1963, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1963–84 ж. Қазақ мемл. а.ш. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) ғыл.-пед. жұмыстар атқарды. Өскемен пед. ин-тының (1984–91), Шығыс Қазақстан мемл. ун-тінің ректоры (1991–93 және 1995–2001), ҚР Білім және ғыл. министрі (1993–95) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан Қазақстан-Америка еркін ун-тінің (Өскемен қ.) президенті. «Влияние среды на электрохимическое поведение комплексов металлов с органическими



*Е.Мәмбетқазиев*

би- и полидентатными лигандами» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты координац. қосылыстар электрхимиясы; табиғат қорларын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың хим., биол. әдістеріне арналған. 100-ден аса ғыл. жарияланымның, 10 монографияның авторы.

**МЕДЕУБЕКОВ** Қилыбай Үсенұлы (15.5.1929 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд. Абай а.) – а. ш. ғыл. докт. (1978), проф. (1979), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Бүкілодақтық а.ш. ғыл. академиясының акад. (1982). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайратке-

рі (1997). Мәскеу а. ш. академиясын (1953) және аспирантурасын (1957) бітірген. Жамбыл обл. мемл. а.ш. тәжірибе ст-нда аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры, Жамбыл обл. а.ш. басқармасы бастығының орынбасары (1957– 62), Қазақ мал ш. ғыл.-зерт. ин-тының (1962–74) және Қазақ қой ш. технол. ғыл.-



*Қ.Медеубеков*

зерт. ин-тының (1974–85) директоры, Қазақ КСР-і Мемл. агр. өнеркәсібі төрағасының орынбасары (1986–90), Қазақ қой ш. технол. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1988–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінің проф. «Научные основы и практические приемы создания кроссбредного овцеводства на юге Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 10–11-сайл. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің және Қазақ КСР-і халық депутаты (1989–91). 500-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1974).

**МЕЙІРМАН** Ғалиолла Төлендіұлы (17.5.1946 ж.т., Алматы обл. Қаратал ауд. Фрунзе а.) – а.ш. ғыл. докт. (1991), проф. (1996), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1969, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ мемл. а.ш. ин-тында (1969–74), Қазақ мал азығын өндіру және жайылым ғыл.-зерт. ин-тында (1974–91), Қазақ а.ш. ғыл. академиясында (1991–93), Арал өңірі агроэкологиясы және а.ш. ғыл.-зерт. ин-тында (1993–2000), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында (2000–03), Қазақ ұлттық агр. ун-тінде (2003–04) ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. 2004 жылдан Қазақ егіншілік және өсімдік ш. ғыл.-өндірістік орт-нда қызмет етеді. Негізгі ғыл. еңбектері жоңышқа мен майлы дақылдардың се-



*Ғ.Мейірман*

лекциясын және тұқым ш-н зерттеуге арналған. 90-нан астам ғыл. жарияланымның авторы.

**МЕЛДЕБЕКОВ** Әліхан Торғауыттегі (24.3.1948 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд.) – а. ш. ғыл. докт. (1991), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық агр.



*Ә.Мелдебеков*

ун-тін) бітірген. Қазақтың мал ш. технол. ғыл.-зерт. ин-тында директор (1973–2003) қызметтерін атқарды. 2003 жылдан Зоол. ин-тының директоры. «Повышение эффективности производства говядины засчет молочных и мясных пород крупнорогатого скота» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 270-тен астам ғыл. жарияланымның, 7 монографияның авторы. 7 авторлық куәлік пен 3 патенттің иегері.

**МИХАЙЛОВ** Владимир Владимирович (20.9.1902, Ресей, Удмуртия, Глазов қ. – 19.9.1980, Ресей, Екатеринбург қ.) – тех.



*В.В.Михайлов*

ғыл. докт. (1946), проф. (1947), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958). Орал политех. ин-тын (1924, Ресей) бітірген. 1924–78 ж. КСРО ҒА-ның Металлургия ин-ты Орал бөлімшесінде, Қазақстан ҒА-ның Хим.-металлургия ин-тында, Қара металлургия орт. ғыл.-зерт. ин-ты Қазақстан бөлімшесінде, КСРО ҒА Орал ғыл. орт-ның Металлургия ин-тында (Екатеринбург қ.) ғыл.-зерт. жұмыстарымен айналысты және осы ин-ттың директоры қызметін атқарды. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1942). 5-сайл. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**МОЛДАБЕКОВ** Мейірбек (20.7. 1947 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Төменарық а.) – тех. ғыл. докт. (1990), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ политех. ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және Мәскеу авиация ин-тының аспирантурасын (1976) бітірген. Қазақ политех. ин-тында (1970–73), ҚазМУ-да (1977–88, қазіргі ҚазҰУ), Қа-

зақстан ҰҒА-да (1988–93) қызмет еткен. ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі директорының орынбасары (1993–97), ҚР ҰҒА Ғыл. мамандарды аттестациялау департаментінің директоры (1997–98), ҚР ҰҒА Аэроғарыштық к-тінің төрағасы (1998–2001) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан ҚР Көлік минне (қазіргі ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі) қарасты Аэроғарыштық к-т төрағасы-ның орынбасары. Негізгі ғыл. еңбектері машиналар мен механизмдердің және автоматты басқару теориясының салаларына арналған. «Аналитические методы анализа и синтеза, автоматизированное проектирование механизмов и МУВК» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 9 монографияның авторы. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*М.Молдабеков*

**МОЛДАХМЕТОВ** Зейнолла (3.8.1933, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Октябрь а.) – хим. ғыл. докт. (1972), проф. (1974), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (1993). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002). ҚазПИ-ді (1956, қазіргі ҚазҰПУ) және Мәскеудегі Нәзік хим. технол. ин-тының аспирантурасын (1962) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ), Қарағанды мемл. пед. ин-тында (қазіргі Қарағанды мемл. ун-ті) ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты (1956–75). Қазақ хим.-технол. ин-тының ректоры (1975–80), Қарағанды мемл. ун-тінің ректоры (1980–88), Қазақстан ҒА-ның Органик. синтез және көмір химиясы ин-тының директоры (1991–98), Қазақстан ҒА Орт. Қазақстан бөлімшесінің акад.-хатшысы (1988–2001) қызметтерін атқарды. 250-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 5 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» (1981), Еңбек Қызыл Ту (1986) ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*З.Молдахметов*

**МҰҚАНОВ** Сәбит (22.4.1900, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Сәбит Мұқанов атынд. а. – 18.4.1973, Алматы қ.) – Қазақстан ҒА-ның акад. (1954). 1918–19 ж. Омбыдағы оқытушылар курсында оқыды. Оқуды бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болды. 1920 ж. жаз айында оқытушылар курсы қайта ашылып, күзге дейін сонда оқуын жалғастырды. 1921–22 ж. әр түрлі қызметтер атқарды. Ақмола губ. ГПУ-дің Көкшетау болысындағы оперативтік уәкілі және РК(б)П Ақмола губ. к-тінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. 1922 ж. Орынбордағы рабфакқа (жұмысшылар ф-тіне) түсіп, оны 1926 ж. бітірді. Баспасөз орындарында қызмет атқарды: респ. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлімін басқарды, Қазақстан Мемл. баспасының бас редакторы (1926–28) болды. 1928 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) ун-тінің филол. ф-тіне оқуға түсті, аз уақыт оқығаннан кейін Петропавл қ-на келіп, «Кеңес ауылы» газетінің редакторы және жазушылар бөлімінің жетекшісі болды. 1932 ж. Мәскеудегі Қызыл профессорлар ин-тының әдебиет бөліміне түсіп, оны 1935 ж. бітірді. 1935 ж. респ. «Кеңес ауылы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің редакторы қызметін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағын (1936–37, 1943–51) басқарды, ҚазПИ-де (1937–41, қазіргі ҚазҰПУ) проф. болып, қазақ әдебиетінен дәріс берді. Ол 80 мың жолға жуық лирик. өлең, жиырмаға тарта поэма, бірнеше повесть пен романдар, көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ ақын-жазушыларының шығарм-н талдайтын монографиялар, қазақ мәдениетінің тарихы және этнографиясы туралы зерттеу еңбектер, т.б. сан-салалы кітаптар жазды. М. қазақтың 19 ғ-дағы ойшыл-ғалымы Ш.Ш.Уәлихановтың өмірі мен шығарм-н ұзақ жылдар бойы терең зерттеді. М. сын, әдебиеттану саласына да көп еңбек сіңірді. Ол сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетін зерттеді, фольклор және көне жазба мұраларды жинап бастырды. 18–19 және 20 ғ-лардағы әдебиет тарихы және ақын-жыраулар шығарм. туралы зерттеу еңбектер жазды. «Қазақтың 18–19 ғ-лардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942, кейін



*С.Мұқанов*

тыйым салынған) атты монографиясында ақын-жыраулар (Бұқар, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Шортанбай, Шернияз, Мұрат, т.б.) поэзиясы мен жыр-дастандарға, сондай-ақ атақты тарихи тұлғаларға (Абылай, Кенесары) қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тұрғысынан қарады. М. есімі қазақ әдебиетінің «алыптар шоғыры» қатарында аталады. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды. 1956–66 ж. Қазақстан КП ОК-нің мүшесі болды. 2–8-сайл. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты, КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі болып, сондай-ақ Дүниежүз. Бейбітшілікті қорғау к-тінің мүшелігіне қабылданып (1958–69), Араб елдерімен достық және мәдени байланыстар қоғамы Қазақ бөлімшесінің төрағалығына да (1965–69) сайланды. ҚР Мемл. сыйл. 1-лауреаты атанды. М. 2 рет Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталды. 100 жылдық мерейтойы қарсаңында қаламгердің есімі Алматы қ. көшесіне, туған ауылына, ондағы мектепке, обл. кітапханаға, обл. драма театрына берілді. Алматы қ-ндағы М. атынд. көшеде ескерткіш мүсіні орнатылған (2000).

**МҰҚАШЕВ** Болат Нығметұлы (22.10.1942 ж.т., Алматы обл. Үштөбе қ.) – физ.-матем. ғыл.



*Б.Мұқашев*

докт. (1984), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Мәскеу инж.-физ. ин-тын бітірген (1967). Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында (1967–70), Қазақстан ҒА-ның Жоғары энергия физикасы ин-тында (1970–91) ғыл. жұмыстармен айналысты. 1991 жылдан Физ.-тех. ин-тының директоры (2002–04 ж. Қазақстан ҰҒА-ның вице-президенті) қызметтерін атқарды. 1983 ж. «Легирование кремния облучением протонами и низкоэнергетичными ионами» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Халықар. Хорезми атынд. (2000), ҚР Мемл. сыйлықтарының лауреаты (2001). 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

**МҰСАЕВ** Кеңесбай (24.4.1931 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Күмісті а.) – филол. ғыл. докт. (1969), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) және



*К.Мұсаев*

Қазақстан ҒА-ның қазіргі Тіл білімі ин-тының аспирантурасын (1956) бітірген. КСРО ҒА-ның Тіл білімі ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер (1956–90) болып жұмыс істеді. «Қарайым тілінің құрылымы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қыпшақ тобындағы тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыда қарастырып, әліпби, лексика және орфография мәселелерін зерттеуге арналған.

**МҰХАМЕДҒАЛИЕВ** Фазыл (15.11.1911, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Мешітқұм а. – 15.11.1989, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1949), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бі-



*Ф.Мұхамедғалиев*

тірген (1933). Осы ин-тта оқытушы, кафедра меңгерушісі (1933–51), ректор (1951–57), Қазақ а. ш. ғылымдары академиясының президенті (1957–60), Қазақ КСР-і ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тының директоры (1960–87) қызметтерін атқарған. «Биоморфология дыхательной системы млекопитающих» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері жануарлар морфологиясы мен генетикасына арналған. М. Ленин, Қазан революциясы ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**МҰХАМЕДЖАНОВ** Серік Ишанұлы (23.10.1929 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Жарқайың а.) – геол.-минерал. ғыл. докт.



*С.Мұхамеджанов*

(1969), проф. (1970), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын бітірген

(1949). 1949–65 ж. Қазақстан ҒА-ның Геол. ин-тында, 1965–84 ж. Гидрогеол. және гидрофиз. ин-тында сектор меңгерушісі, директор (1984–91 ж.), ал 1993 жылдан қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-тінде проф. және «Ыстық су» ғыл.-өндірістік ассоциациясының жетекшісі қызметтерін атқарады. «Гидрогеология Северо-Восточной части Казахстана» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері платформалық-тауаралық және Орт. Қазақстанның гидрогеол. кен аймағында артезиан алаптары түзілуінің заңдылықтарын зерттеуге арналған. 350-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1971). «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**МҮСІРЕПОВ** Ғабит Махмұтұлы (22.3.1902, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Ғ.Мүсірепов атынд. а. – 31.12.1985, Алматы қ.) – Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Соц. Еңбек Ері (1974), Қазақстанның халық жазушысы (1984). 1923–26 ж. Орынбордағы рабфакта (жұмысшылар ф-тінде) оқыды. Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1927). Бурабай орман ш. техникумында оқытушы (1927–28), Қазақ мемл. баспасының бас редакторы (1928–32), Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссариаты өнер секторының меңгерушісі (1933), «Қазақ әдебиеті» (1934), «Социалистік Қазақстан» (1935, қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде бас редактор, Қазақ өлкелік к-тінде баспасөз бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1936), Қазақстан Компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі (1937) қызметтерін атқарды. 1938–55 ж. бірыңғай шығарм. жұмыстармен айналысқан. «Ара–Шмель» журналының бас редакторы (1956–57), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы (1956–61, 1964–66), КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1959–85) қызметтерін атқарды. 1958 жылдан КСРО Мин. Кеңесі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура салалары бойынша Лениндік және Мемл. сыйл. жөніндегі к-ттің мүшесі болды. М. – қазақ әдебиетінде роман, әңгіме, хикаят, очерк, публицистика жанрларын да қалам тербеді. Жазушы қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының дамуына зор үлес қосты. Оның әдебиет мәселелері жайында жазған еңбектері 20 ғ-дың 20-жылдарынан бастап өмірінің соңғы кезеңіне дейін мерзімді баспасөз бетінде қазақ, орыс тілдерінде үзіліксіз жарияланып тұрды. М. – көрнекті қоғам, мемлекет қайраткері. 1932 жылдың 4 шілдесінде ол республикаға танымал адамдармен бірлесе отырып, халықтың басына төнген аштық нәубеті жайында БК(б)П қазақ өлкелік к-тіне «Бесеудің хатын» жолдады. Ол сондай-ақ Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкент, Бейрут, Дели, Алматы конференцияларының белсенді ұйымдастырушыларының бірі болды. Жазушы бейбітшілік күрескері ретінде Алматы мен Мәскеуде ғана емес, Париж, Рим, Джакарта, Токио, Каир, т.б. қ-ларда өткен халықар. конференцияларда сөз сөйлеп, күрделі мәселелерді көтерді. Ол 5-сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің, бірнеше рет Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты болған. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің төрағасы (1974–75) қызметін атқарды. Қазақстан Мемл. (1970), Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйлықтарының (1977) лауреаты. 3 рет Ленин (1962, 1972, 1974), 2 рет Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы (1982) ордендерімен, медальдармен марапатталған. 100 жылдық мерейтойы қарсаңында (2002) Солт. Қазақстан обл-ндағы бір ауданға, Астана қ-ндағы көшелердің біріне М. есімі берілді. Қазақ мемл. Балалар мен жасөспірімдер театрына есімі берілген, сондай-ақ театр алдына ескерткіш-мүсіні қойылған (2002).



*Ғ.Мүсірепов*



*А.Мырзамәдиев*

**МЫРЗАМӘДИЕВ** Атжомарт (24.5.1927, Алматы обл. Жамбыл ауд. Дегерес а. – 2005, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1966), проф. (1970), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген (1950). 1950–62 ж. осы ин-тта, 1962–95 ж. Қазақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысқан және директоры (1988–95) қызметін атқарған. 1995 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан ҒА-ның Зоол. ин-тында жұмыс істеген. 1964 ж. «Гистологические исследования возрастных изменений головного мозга сельскохозяйственных животных» тақырыбында докт. дисс. қорғады. М-тің негізгі ғыл. еңбектері цитология және цитогенетика мәселелеріне арналған. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

# Н

**НАДИРОВ** Нәдір Кәрімұлы (6. 1.1932 ж.т., Әзербайжан, Нахичевань ауд. Кикач с.) – хим. ғыл. докт. (1967), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). КСРО-ның құрметті мұнайшысы (1991) және өнертапқышы (1985). Қызылорда пед. ин-тын (1953, қазіргі Қызылорда мемл. ун-ті) бітірген. Жоғары оқу орындарында пед. және ғыл.-зерт. жұмыстарымен айналысқан (1953–68). Қазақ хим.-технол. ин-тында (1968–75), Қазақстан ҒА-ның Мұнай және табиғи тұздар химиясы ин-тында ди-



*Н.Надиров*

ректор (1975–84), Қазақстан ҒА Төралқасының Бас ғалым хатшысы (1977–86), 1987–2000 ж. Бүкілодақтық ғыл.-зерт. Мұнай ин-тының Қазақстан бөлімшесінің бастығы, «Мұнай» ғыл.-өндірістік орт. АҚ-ның, ал 1997 жылдан ҚР Инж. академиясының I-вице-президенті әрі «Мұнай» ғыл.-инж. орт-ның Бас директоры. «Исследование природных сорбентов Сибири, Дальнего Востока и смешанных катализаторов для рафинации и гидрогенизации соевого масла» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл.-зерт. жұмыстары мұнай және мұнай битумдарын зерттеуге, мұнай фракцияларының риформингі мәселелеріне арналған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. (1980), И.Л.Губкин атынд. сыйл. (1983), Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. (2003) лауреаты. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» (1999) ордендерімен марапатталған.

**НАЗАРБАЕВ** Нұрсұлтан Әбішұлы (6.7.1940 ж. т., Алматы обл. Қарасай ауд. Шамалған а.) – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті–Елбасы, экон. ғыл. докт. (1992), ҚР ҰҒА-ның (1993), Халықар. инж. (1992), РФ әлеум. (1997) ғылымдар академияларының акад., Беларусь ҒА-ның құрметті мүшесі, ҚазҰУ-дың, Мәскеу мемл. ун-тінің құрметті проф. Днепродзержинск тех. уч-щесін (1960), Қарағанды металлургия комб. жанындағы жоғары тех. оқу орнын (1967), КОКП ОК жанындағы Жоғары



*Н.Назарбаев*

партия мектебін (1976) бітірген. Теміртау қ-ндағы Қарағанды металлургия комб-нда жұмысшы (1960–69), Қарағанды обл. Теміртау қ-ндағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметкер (1969–73), Карметкомбинаттың партком хатшысы (1973–77), Қарағанды обл. партия к-тінің хатшысы, 2-хатшысы (1977–79), Қазақстан КП ОК хатшысы (1979–84), Қазақ КСР Мин. Кеңесінің төрағасы (1984–89), Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы (1989–91), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің төрағасы (1990, ақпан–сәуір), Қазақ КСР президенті (1990–91), 1991 ж. 1 желтоқсанында тұңғыш рет ҚР Президентінің жалпыхалықтық сайлау қорытындысы бойынша Н. ҚР-ның Президенті болып сайланды. 1995 жылдың 29 сәуірдегі жалпыхалықтық референдум нәтижесі бойынша ҚР Президенті Н-тың өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды. 1999 ж. 10 қаңтарда және 2005 ж. 4 желтоқсанда 7 жыл мерзімге ҚР-ның Президенттігіне балама негізде, ал 2011 ж. 3 сәуірде мерзімінен бұрын жалпыхалықтық сайлау негізінде 5 жылға қайта сайланды. 2010 ж. 14 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің–Елбасының қызметін қамтамасыз ету саласында заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 298-IV ҚР-ның Конституц. Заңы күшіне еніп, ҚР Тұңғыш Президенті–Елбасының саяси-құқықтық мәртебесі, айрықша құзыреттері мен кепілдіктері айқындалды. Н. Президенттік қызметімен қоса 1991 жылдан ҚР Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы, 1992 жылдан ҚР Қарулы Күштерінің Жоғ. Бас қолбасшысы қызметтерін қоса атқарады. «Стратегия ресурсосбережения в условиях становления и развития рыночных отношений» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Н-тың басшылығымен республикада күрделі әлеум., экон., саяси, ғылым, білім, мәдениет саласында түбегейлі реформалар жүзеге асуда. Н. Қазақстанда ғылымның жоғары дүниежүз. деңгейіне сәйкес, жаңа бағытта өріс тауып дамуына зор көңіл бөледі; республикадағы ғыл.-зерт. ин-ттары мен жоғары оқу орындарының ұжымына мемлекет тарапынан қолдау жасалуын назарда ұстап келеді. Оның бастамасымен республикамызда тұңғыш рет «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы қабылданды. Н. – көптеген тарихи-танымдық және ғыл.-зерт. еңбектердің авто-

ры. КСРО, Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңестерінің депутаты, КСРО халық депутаты (1989–91). «Алтын Қыран» орденімен (1993), «Құрмет Белгісі» (1972), Еңбек Қызыл Ту (1980), т.б. шет ел мемлекеттерінің көптеген ордендерімен және медальдарымен марапатталған. 2011 ж. «Ғасыр ғұламасы» жоғары ғыл. атағы берілді.

**НӘРІБАЕВ** Көпжасар (3.6.1938 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Бектөбе а.) – экон. ғыл. докт. (1980), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1996). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу Қаржы



*К.Нәрібаев*

ин-тының аспирантурасын (1964) бітірген. 1964–76 ж. Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, проректор, Қазақ КСР-і Жоғары және арнаулы орта білім министрінің орынбасары, министрі (1976–87), Қазақстан ҒА-ның Экон. ин-тында жетекші ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1987–90), Қазақ КСР-і Мин. Кеңесінің экон. реформалар жөніндегі мемл. комиссиясы төрағасының орынбасары (1990–91). ҚазҰУ-дың ректоры (1991–2001), ҚР Премьер-министрінің білім және ғыл. саласы бойынша кеңесшісі (2001–02) болды. 2002 жылдан Алматы технол. ун-тінде проректор. «Есептеуіш техниканы пайдалану арқылы есептеуді ұйымдастыруды және басқаруды жетілдіру» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 280-нен астам ғыл. жарияланымның, 30 монография, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты. «Құрмет Белгісі», т.б. көптеген медальдармен марапатталған.

**НЕМЕНОВ** Леонид Михайлович (16.11.1905, Украина, Днепропетровск қ. – 20.7.1980, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1949), проф. (1962), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Ленинград (1929, Санкт-Петербург) мемл. ун-тін бітірген. Ленинград физ.-тех. ин-тында, КСРО ҒА-ның Атом энергиясы ин-тында, Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында ғыл. қызметпен айналысқан (1929–68).



*Л.М.Неменов*

Қазақстан ҒА-ның физ.-матем. бөлімшесінің акад.-хатшысы, Қазақстан ҒА Төралқасының акад.-хатшысы қызметтерін (1963–68) атқарды. Бүкілодақтық физ.-тех. және радио-тех. өлшеулер ғыл.-зерт. ин-тының үдеткіштер ортның бастығы (1968–80) болды. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1953). 2 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

**НЕЧАЕВ** Игорь Николаевич (11.3.1933 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1983), проф. (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1996). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1962, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ мал ш. ғыл.-зерт. ин-тында, Бетпакдала тәжірибе ст-нда ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді және басшылық қызметтер атқарды (1956–84). ВАСХНИЛ-дің Батыс бөлімшесі төрағасының орынбасары, кейін Қазақ а.ш. ғыл. академиясы президентінің орынбасары болды



*И.Н.Нечаев*

(1984–91). 1991 жылдан ҚР Мал ш. және ветеринария ғыл.-өндірістік орт-нда ғыл. кеңесші. 1982 ж. Зоотехнические основы технологии табунного мясного коневодства» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектері жылқының өнімділігін арттырудың селекц. және технол. тәсілдеріне арналған. 150-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. А.И.Бараев атынд. сыйл. лауреаты (2002).

**НИ** Леонид Павлович (9.4.1923, Ресей, Владивосток қ. – 30.7.2005, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1967), проф. (1969), ҚР ҰҒА-ның акад.



*Л.П.Ни*

(1994). Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1946, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және аспирантурасын (1951) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында

ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1951–95), директордың орынбасары (1970–81), 1995 жылдан өмірінің соңына дейін кеңесші қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері алюминий тотығының (глинозем) физ.-химиясы мен технологиясын зерттеуге арналған. 700-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 15 монографияның авторы. 100-ден астам патент пен авторлық куәліктің иегері. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1980). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**НҰРҒАЛИЕВ** Рымғали (1.6.1940, Шығыс Қазақстан обл. Семей қ-лық әкімдігі, Қайнар а. – 16.2.2010, Дубай; Алматыда жерленген) – филол. ғыл. докт., проф. Халықар. ақпараттандыру (1995), Халықар. Айтматов (2003) академияларының, ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Жоғары мектептің үздік қызметкері (1984), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2006). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1967) бітірген. 1962–65 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде тілші, Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші (1966–68), ҚазҰУ-да доцент, проф., декан (1968–2000), «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1986–97) болды. Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі (2000–10) қызметін атқарған. «Қазақ совет драматургиясы жанрларының проблемалары» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ол әдебиет пен өнер, эстетика, театр мәселелерін сөз ететін көптеген эссе, мақалалар топтамасын жазған. 600-ден аса ғыл. еңбектердің авторы. Қазақ КСР-і Мемл. (1988), Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (2004), А.Байтұрсынов атынд. (2006) сыйлықтардың лауреаты. «Парасат» орденімен (2005), медальдармен марапатталған.



*Р.Нұрғалиев*

**НҰРЛЫБАЕВ** Әбдірахман Тұрлыбайұлы (27.3.1927 ж.т., Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Оймауыт а.) – геол.-петрология ғыл. докт. (1971), проф. (1975). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР-ның құрметті кен барлаушысы (2002). Орта Азия мемл. ун-тін (1951, Ташкент қ.) бітірген. Геол. басқармасында жұмыс істеген (1948–56). 1956 жылдан Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында ғыл. қызметте. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстандағы сілтілі тау жыныстарының геологиясы мен минералогиясына, геохимиясы және минерагениясына арналған. 300-ден астам ғыл. жарияланым мен 10 монографияның авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ә.Нұрлыбаев*

**НҰРПЕЙІС** Кеңес (15.3.1935, Алматы обл. Райымбек ауд. Саты а. – 10.12.2007, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1995), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1958 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих және этнол. ин-тында еңбек етті. Ғыл. зерттеулерінің басты бағыттары: Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық-мемл. құрылыс пен Қазақстанның 20 ғ-дағы қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері, агр. және шаруалар тарихының мәселелері, Алаш қозғалысы мен 20 ғ-да Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүрген тарихы. т.б. 460-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтың авторы. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1982).



*К.Нұрпейіс*

**НҮСІПБЕКОВ** Ақай (9.12.1909, Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаңаш а. – 28.7.1983, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1961), проф. (1963), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967) Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). ҚазПИ-ді (1947, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1932 ж. Алматы а. ш. техникумын



*А.Нүсіпбеков*

бітіріп, осы оқу орнының оқытушысы, директоры, Қазақстан КП Алматы обл. к-тінің сектор меңгерушісі болды (1933–34). 1934–37 ж. Мәскеуде Шығыс еңбекшілері ун-тінде оқыды. Қазақстан КП ОК-нің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі (1937–39), Семейдегі ұжымшар басшыларын даярлайтын респ. оқу орнының директоры (1939–41). 1946–56 ж. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі (1953–56), ин-т директоры (1956–82), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті болды (1968–76). 200-ге жуық ғыл. жарияланымның, бірнеше монографияның авторы. Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. (1966) және Қазақ КСР-і Мемл. сыйлықтарын (1982) алған. Ленин (1976), 1, 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту (1969) ордендерімен марапатталған.

**НЫСАНБАЕВ** Әбдімәлік (1.5. 1937 ж.т., Қызылорда обл. Сырдария ауд. Қарауылтөбе а.) – филос. ғыл. докт. (1977), проф. (1980), Халықар. ақпараттандыру (1995), Қазақстан әлеум. ғыл. академияларының (1995), ҚР ҰҒА-ның (2003) акад., Ресей жаратылыстану ғыл. академиясының мүшесі (1996). Қазақстанның еңб.



*Ә.Нысанбаев*

сің. ғыл. және тех. қайраткері (1994), Қырғыз Республикасының еңб. сің. ғыл. қайраткері (1995). Қазіргі Қызылорда мемл. ун-тін бітірген (1960). КСРО ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында аға лаборант (1960–61), Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1961–91) болды. 1991 жылдан Филос. және құқық ин-тының (қазіргі Филос. және саясаттану ин-ты) директоры. Сонымен қатар «Қазақ энциклопедиясы» редакциясының Бас редакторы қызметін (1997–2003) қоса атқарды. Н-тың негізгі зерттеу еңбектері диалектика және таным теориясы, ғыл. философиясы мен методологиясы, қазақ және түркі философиясы, әлеум. және саяси филос., саясаттану және мәдениеттану мәселелеріне арналды. 600-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 30 монографияның, жеке кітаптар мен оқу құралдарының авторы. Н. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1974), Қазақ КСР-інің (1984) және Түркияның (1999) Мемл., ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлықтарын алған (1998). «Достық», «Отан», «Парасат» (2004) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. 2005 ж. «Философ Нысанбаев» атты деректі фильм жарық көрді.

# О

**ОЗДОЕВ** Сұлтан Мәжитұлы (7.11.1939 ж.т., Ресей, Солт. Осетия Республикасы, Белозеркина с.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1986), проф. (1994). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ политех. ин-тын (1966, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. 1967 жылдан Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ғыл.-зерт. ин-тында инженер, аға, бас инженер, кіші, аға, жетекші және бас ғыл. қызметкер болып жұмыс істейді. 1995 жылдан Қазақстандағы ингуш ұлттық-мәдени орт-ның төрағасы. «Геология и нефтеносность Устюрта и других осадочных бассейнов с обращенным платообразным рельефом» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның мұнай алаңдарының геологиясын



*С.Оздоев*

зерттеу мәселелеріне арналған. О. зерттелмеген кен орындарының болашағы мен оны анықтаудың бұдан бұрын қолданылмаған әдістерін: мұнайгаз кен орындарын барлап-болжау жұмыстарында қолданыс тапқан тау жыныстарының толқынданып орналасуына негізделген жаңа критерий ұсынды. 3 монография, 60-тан астам ғыл. еңбек жазған.

**ОКОЛОВИЧ** Владимир Николаевич (1.1.1933 ж.т., Ресей, Владивосток қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1978), проф. (1982), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). Томск политех. ин-тын бітірген (1956). Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тында аға лаборант (1956–57), кіші ғыл. қызметкер (1957–60), аспирант (1960–63), аға ғыл. қызметкер (1964–66), ин-т директорының орынбасары (1966–86), Қазақстан ҒА физ.-матем. ғылымдары бөлімшесінде акад.-хатшының міндетін атқарушы, акад.-хатшы, бас ғыл. хатшы (1984–86), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1989–96) әрі Қазақстан

ҒА Ядр. физ. ин-тында лаб. меңгерушісі болды. 1997 жылдан Минск қ-нда (Беларусь) тұрады. 1977 ж. «Исследование процесса деления доактинидных ядер



*В.Н.Околович*

в реакциях (заряженными частицами)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері ауыр ядроның бөлінуі мен құрылымы физикасына және оның қасиеттерін зерттеуге арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**ОМАРОВ** Әшім Құрамбайұлы (13.5.1929 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Қызыләскер а.) – тех. ғыл. докт. (1978), проф. (1971),



*Ә.Омаров*

ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1991). Мәскеу болат және қорытпа ин-тын (1953), КСРО ҒА Металлургия ин-тының аспирантурасын (1960) бітірген. Өзбекстанның металлургия з-тында инженер (1953–57), Өзбекстан ҒА-да ғыл. қызметкер (1960–61), Шымкент хим.-технол. ин-тында проректор (1961–68), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) ғыл.-пед. қызметте (1968–84), ректор (1968–76), Шымкент пед. ин-тында (қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) ректор (1984–93) болды. 1993 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінде ғыл.-пед. жұмыспен айналысады. Оның негізгі ғыл. еңбектері компонентті қорытпалардың фазалық құрамы мен құрылымын зерттеуге, болат қорыту технологиясын жетілдірудің теор. және тәжірибелік мәселелеріне арналған. Бір топ ғалымдармен бірге тех. процестерді басқаруды автоматтандыру жүйелерін жасап, өндіріске енгізді. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 9 монографияның авторы; 18 авторлық куәлік, 9 патенттің иегері. «Құрмет» (2004), Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**ОМАРОВ** Төкен Бегалыұлы (12.3. 1935 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жаңасемей ауд. Новопокровка а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1973), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәс-



*Т.Омаров*

кеу мемл. ун-тін бітірген (1959). Қазақстан ҒА-ның Астрофиз. ин-тында аға лаборант (1958–59), кіші, аға ғыл. қызметкер (1959–65), ин-т директорының орынбасары (1966–73), директор (1973–84), бөлім меңгерушісі (1984–85), аға ғыл. қызметкер (1985 жылдан) болып жұмыс істеді. Негізгі ғыл. еңбектері аспан механикасына және космологияға арналған. «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

**ОРАЗАЛИЕВ** Рахым Алмабекұлы (8.12.1935 ж.т., Алматы обл. Қарасай ауд. Тастыбұлақ а.) – биол. ғыл. докт. (1989), проф. (1996), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1998). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Алматы обл-ның «Алакөл», «Қарасай» кеңшарларында агроном (1960–67) болып жұмыс істеді. Бүкілодақтық селекц.-генетик. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасында оқыды (1967–70). Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1970–92), Қазақ а. ш. ғыл. академиясында акад.-хатшы (1991–95), ин-т директоры (1995–2003), т.б. басшылық қызметтер атқарды. О. бидайдың бірнеше сорттары мен түрлерінің негізгі биол. заңдылықтарын, гибридті бидайдың генетикасы мен физиологиясын зерттеп, қазақстандық агроэкотиптің бір-



*Р.Оразалиев*

неше сорттарының биол. және селекц. модельдерін жасаған. Генетика, физиология, биохимия, биотехнология, молек. биология саласында жасаған іргелі және қолданбалы зерттеулерінің арқасында дәнді дақылдар сорттарының модельдері мен критерийлері, принциптері негізделген. О-тің жетекшілігімен (шә-

кірттерімен бірлесіп) дәнді дақылдардың 110 сорты шығарылды, оның 40 сорты аудандастырылып, Мемл. селекц. көрсеткіштер реестріне енгізілген. 620 ғыл. жарияланымның, оның ішінде 12 монографияның авторы. 10 алгоритм мен патенттің, 40 авторлық куәліктің иегері. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

**ОРМАНТАЕВ** Камал Сәруәрұлы (11.9.1936 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Иіркөл а.) – мед. ғыл. докт. (1971), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1981). Алматы мемл. мед. ин-тын (1959, Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1963 жылдан осы ин-тта клиник. ординатор (1959–61), аспирант (1962–65), ассистент (1965–66), кафедра меңгерушісі (1968 жылдан), декан (1978–80, 1988–90); ҚР Денсаулық сақтау мин-нің Педиатрия және балалар хирургиясы ғыл. орт-ның директоры (1980–85 және 1993–2001) болды. «Хирургическое лечение двусторонних хронических магноительных заболеваний



*К.Ормантаев*

у детей» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері балалар хирургиясына арналған. О. балалардың бассүйегі мен миы зақымданғанда қолданылатын емдеу әдістерін жетілдіріп, оның патогенезін анықтауда кешенді зерттеулер жүргізді; бассүйек пен миға жасалатын операцияның бес жаңа әдісін тәжірибеге енгізді. Хим. жолмен болатын өңеш күйігін зерттеп және оны емдеудің алты жаңа әдісін анықтады, сондай-ақ іріңді перитонит пен жедел гематогенді остеомиелит болған жағдайда іріңді іш қуысынан түтік арқылы шығарудың бірнеше тәсілін ұсынды. Ол Қазақстанда педиатрлардың, балалар хирургтарының, анестезиолог-реаниматологтарының, ортопед-травматологтарының ғыл. мектебінің негізін қалады. 220 ғыл. жарияланымның, оның ішінде 7 монографияның авторы; 40-тан астам авторлық куәлігі және 1 патенті бар. Жыл дәрігері номинациясы бойынша «Алтын адам» (2000; 2001) сыйл-н алған. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1999). «Парасат» орденімен (1998) марапатталған.

# Ө

**ӨТЕЛБАЕВ** Мұхтарбай (3.10.1942 ж.т., Жамбыл обл. Қордай ауд. Қаракемер а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1978), проф. (1982), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1969). 1973–2000 ж. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ғыл.-зерт. ин-тында, ҚазҰУ-да, Жамбыл пед. ин-тында, Қарағандыдағы Қолданбалы матем. ғыл.-зерт. ин-тында, ҚазҰПУ-да ғыл.-зерт. жұмыстарымен айналысып, басшылық қызметтер атқарды. 1993–95 ж. ҚР Мин. Каб. жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің аэрогидродинамика бөлімінің бастығы болды. 2000 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде ғыл.-зерт. орт-ның жетекшісі, Мәскеу мемл. ун-тінің Қазақстандағы бөлімшесі директорының орынбасары қызметін атқарады. Негізгі ғыл. еңбектері функционалдық анализ және оның қолданыста-



*М.Өтелбаев*

рына, дифференц. операторлардың спектрлік теориясына, функционалдық кеңістік теориясына, есептеу математикасына, шекаралық есептердің жалпы теориясына арналған. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы. 5 патенттің иегері.

# П

**ПАВЛОВ** Николай Васильевич (23.5.1893, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 27.4.1971, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1937), проф. (1938), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1945). Мәскеу а.ш. академиясын бітірген (1917). ҚазМУ-да (1938–47, қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, проф., Қазақстан ҒА-ның акад.-хатшысы (1946–48) және Ботаника ин-тының директоры (1946–53), лаб. меңгерушісі, ғыл. кеңесші (1953–71) қызметтерін атқарған. Не-

гізгі ғыл. еңбектері флористика, ботан., геогр., өсімдік қоры мәселелеріне арналған. 200-ге жуық ғыл. жарияланымның және 20 монографияның авторы. КСРО



*Н.В.Павлов*

Мемл. сыйл. лауреаты (1948). Ленин (1952), «Құрмет Белгісі» (1945) ордендерімен марапатталған.

**ПАЛЬГОВ** Николай Никитич (10.12.1889, Ресей, Тамбов губ. Павлодарка с. – 2.6.1970, Алматы қ.) – геогр. ғыл. докт. (1951), проф. (1952), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1959). Мәскеу құрылыс уч-щесін (1913) және Бүкілодақтық сырттай оқыту ин-тын бітірген. КСРО геогр. қоғамының құрметті мүшесі (1960)



*Н.Н.Пальгов*

және Қазақ бөлімшесінің төрағасы (1952–70), Қазақстан ҒА Геогр. секторының меңгерушісі (1945–62). «Опыт исследования ледников Заилийского Алатау» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Қазақстанда гляциология ғылымының негізін салушылардың бірі болды. Жетісу, Сырдария облыстары жерін алғашқылардың бірі болып топограф. картаға түсірді. 250-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы. Тянь-Шаньдағы екі мұздық, Полюстік Оралдағы бір мұздық П. есімімен аталады.

**ПАТАЛАХА** Евгений Иванович (9.5.1933 ж. т., Украина, Луганск обл. Ровеньки қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1971), проф. (1976). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Новочеркасск политех. ин-тын бітірген (1956). 1956–59 ж. қазақстандық геол. партиялар мен экспедларда жұмыс істеді. 1959 жылдан Қазақстан ҒА-ның Қ.И.Сәтбаев атынд. Геология ғылымдары интында ғыл. қызметкер, директордың орынбасары болды. Осы ин-тта өзі құрған (1968) құрылымдық геология және эксперименттік тектоника лаб-на жетекшілік етеді. П. Қазақстанның палеозой шөгінділерінің деформац. құрылымдар кешенін геол., физ., эксперименттік тұрғыдан зерттеді. Зерттеулер негізінде қатпарлы аймақтардың деформац., құрылымдық элементтерінің қалыптасу себептерін анықтайтын қайталама тектоника ту-



*Е.И.Паталаха*

ралы ілім қосылды. П. Қазақстанның тектофац. картасын жасады. 200-ге жуық ғыл. еңбектің, 7 монографияның авторы.

**ПЕНТКОВСКИЙ** Мстислав Вячеславович (1.3.1911, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 25.6.1968, Мәскеу қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1952), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1934). ҚазПИ-де (1937–40, қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі (1940–56), Қазақ КСР-і ҒА-ның Машиналық есептеу ма-



*М.В.Пентковский*

тематикасы лаб-ның меңгерушісі (1956–62); 1962 жылдан өмірінің соңына дейін Мәскеу хим.-технол. ин-тында кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері номография мен есептеу математикасына арналған. Қызыл Жұлдыз орденімен, медальдармен марапатталған.

**ПЕРСИДСКИЙ** Константин Петрович (23.10.1903, Ресей, Сызрань қ. – 22.6.1970, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1946), проф. (1934), Қазақстан ҒА-ның акад.



*К.П.Персидский*

(1951), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1944). Қазан ун-тін бітірген (1927). Осы ун-тте (1927–40), ҚазМУ-да (1940–68, қазіргі ҚазҰУ), Қазақстан ҒА-ның Матем. және тех. ин-тында ғыл.-пед. және басшылық қызметтер атқарған (1966–70). «К теории устойчивости решений дифферен-

циальных уравнений» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі еңбектері дифференц. теңдеулерді шешудегі орнықтылық теориясына арналған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында математиканы оқытуды ұйымдастыруға зор еңбек сіңірді. П. 90-ға жуық ғыл. еңбектің авторы. 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

**ПОКРОВСКИЙ** Сергей Николаевич (26.12.1900, Малоярославец қ. Калуга губ. – 25.10.1978, Алматы қ.) – тарих ғыл докт. (1946), проф. (1934), Қазақстан ҒА-ның акад. (1951), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1947). Қызыл профессуралар ин-тын (1930) бітірген. Украинада партия, кеңестік жұмыстарда, ғыл.-пед. (1920–35) қызметтерде болды. Челябі



С.Н.Покровский

обл. прокурордың (1935–37), Қазақ КСР-і прокурорының орынбасары (1937–39), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) проф. кафедра меңгерушісі және проректор (1939–45), Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директор қызметтерін атқарды (1945–78). «Великая Октябрьская социалистическая революция и гражданская война в Семиречье» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Ғыл. еңбектері Қазақстандағы Азамат соғысы тарихына арналған. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1970). Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.

**ПОЛОСУХИН** Александр Порфирьевич (9.19.1901, Татарстан Респ-сы, Тетюши қ. – 4.9.1965, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1939),



А.П.Полосухин

проф. (1939), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1944). Пермь мемл. ун-тін бітірген (1929). Алматы мемл. мед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) кафедра меңгерушісі, декан, директордың орынбасары (1938–63); Қазақ КСР-і ҒА-ның вице-президенті (1955–65), Физиол. ин-тының директоры (1945–65) болды. 1938 ж. «Развитие гуморальных и рефлекторных регуляций селезенки как кровяного депо в онкогенезе» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері адам физиологиясына арналған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

**ПОЛУХИН** Петр Иванович (16. 7.1911, Ресей, Липецк обл. Грязин ауд. Головщино с. – 1996) – тех. ғыл. докт. (1951), проф. (1951). Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Соц. Еңбек Ері (1971). Мәскеу Түсті метал мен алтын ин-тын бітірген (1935), «Орақ пен балға» з-тында (1935–37), Мәскеу болат және қорытпалар ин-тында (1938–41, 1945–49) жұмыс істеді. Сібір металлургия ин-тының директоры (1949–52), КСРО Жоғ. оқу орындары мин-нің бөлім бастығы (1952–65), Мәскеу болат және қорытпалар ин-тында ректор (1965–86), 1986 жылдан кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. П. құрылымдық материалдарды пластик. деформациялау мен технолог. өңдеу саласын-



П.И.Полухин

дағы жұмыстарды басқарды. Рельстерді, құбырларды, арқалықтарды, сұрыптық металдарды, т.б. престеу мен созу процестерін зерттеді, авторлар тобымен бірге жіксіз құбырлар жасауды зерттеп, өндіріске енгізді. КСРО Мемл. сыйл. алған (1972). Ленин орденімен, т.б. ордендер, медальдармен марапатталған.

**ПОЛЫМБЕТОВА** Фатима Әбілқайырқызы (11.8.1929 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Тартоғай а.) – биол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад.



Ф.Полымбетова

(2003). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1991). ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында (1951–94); 1994 жылдан

Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі қызметін атқарды. «Физиологические свойства и продуктивность яровой пшеницы в Казахстане» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері өсімдік физиологиясына арналған. 300-ден астам ғыл. еңбектердің, 15-тен аса авторлық куәліктің авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

**ПОНОМАРЕВ** Виктор Дмитриевич (9.3.1909, Ресей, Орынбор қ. – 15.6.1968, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1947), проф. (1948), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962),



*В.Д.Пономарев*

Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1964). Орал индустрия ин-тын (1934, Свердловск қ.) бітірген соң осы оқу орнында аспирант, доцент (1934–39), Қазақ тау-кен және металлургия ин-тында (1939–47, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аға оқытушы, доцент, Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында лаб. меңгерушісі (1943–53), Металлургия және кен-байыту ин-тында директордың орынбасары (1953–58), Қазақ ұлттық тех. ун-тінде ғыл.-пед. қызметтер (1950–68) атқарды. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты сульфидтік және сульфидті-алюминатты ерітінділердің физ.-хим. қасиеттерін зерттеуге арналған. 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

**ПОНОМАРЕВА** Елизавета Ивановна (30.8.1916, Ресей, Қазан губ., Спасск қ. – 26.5.2012, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1972), проф. (1973), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1976). Орал хим.-технол. ин-тын (1938, Свердловск қ.) және Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту интының аспирантурасын (1949) бітірген. Орал химреактивтер з-тында инженер (1938–39), Қазақ тау-кен және металлургия ин-тында лаборант (1940–45), 1945 жылдан Металлургия және кен байыту ин-тында ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер болып қызметтер ат-



*Е.И.Пономарева*

қарған. 1971 ж. «Исследования по щелочной гидрометаллургии тяжелых цветных и редких металлов» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері сирек кездесетін металдардың физ.-хим. теориясына, күрделі кешенде ерітінділерден сирек металдарды бөліп алудың электрхим. сорбц. және экстракц. процестерін зерттеуге арналған. КСРО Мин. Кеңесі сыйл. (1984), Е.А.Букетов атынд. сыйл. (2007) лауреаты. 500-ден астам ғыл. жарияланымның, 4 монография, 100-ден аса авторлық куәлік пен шет ел патенттерінің авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен, соның ішінде ҚР ҰҒА-ның Үлкен алтын медалімен (2011) марапатталған.

**ПОПОВ** Александр Сергеевич (22.12.1891, Ресей, Рязань обл. Шацк қ. – 13.3.1974, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1937), проф. (1927), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954). Өзбекстанның (1945) және Қазақстанның (1954) еңб. сің. ғыл. қайраткері. Санкт-Петербург тау-кен ин-тын бітірген (1919).



*А.С.Попов*

Мәскеу тау-кен академиясында оқытушы, доцент, проф., Мәскеу алтын және түсті металдар ин-тының, Бүкілодақтық кәсіпкерлер академиясының, Мәскеу түсті металдар ин-тының (1924–41), ал 1938–49 ж. Орта Азия индустр. ин-тының проф.; 1947 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ тау-кен ин-тында ғыл. және басшылық қызметтер атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері кен ісі саласының тех.-экон. талдауына арналған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ПОПОВ** Иван Иннокентьевич (15.4.1919, Ресей, Киров обл. Подосиновец ауд. Чуприяново дер. –



*И.И.Попов*

25.10.1998, Қарағанды қ.) – тех. ғыл. докт. (1972), проф. (1973), Қазақстан ҒА-ның акад. (1979).

1958 жылдан өмірінің соңына дейін Қарағанды политех. ин-тында (қазіргі Қарағанды мемл. тех. ун-ті) пед., басшылық қызметтер атқарған. Экон. тиімділігі жоғары карьер көлбеулігінің орнықтылығын басқару тәсілдерін жасап, өндіріске енгізген. П. Қазақстанда карьер кертпеші мен беткейінің және төбенің орнықтылығын басқару тәсілдерін жасау және зерттеудің ғыл. мектебін қалыптастырды. 130-ға жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 10 монографияның авторы. П. есімі Қазақстанның Алтын кітабына енгізілген. Қазақ КСР-і Мин. Кеңесі сыйл. лауреаты (1989). Медальдармен марапатталған.

**ПІРӘЛИЕВ** Қалдыбай Жайлауұлы (29.6.1941 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Қарабұлақ а.) – хим. ғыл. докт. (1991), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). КСРО өнертапқышы (1990). ҚазМУ-ды (1965, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында инженер, кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер, лаб. жетекшісі (1965–94). ҚР Білім және ғыл. мин-нің Хим. ғылымдары ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1994–2006) қызметін атқарады. 2007 жылдан ҚР ҰҒА-ның Төралқа мүшесі. «Синтез, стереохимия и свойства новых производных пиперидина и декагидрохинолина» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. ҚР Мемл. (2003), Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйлықтардың (2000) лауреаты. Халықар. ғыл.-тех. орт. грантының жеңімпазы. П. Қазақстанда алғаш рет депрессия ауруына қарсы қолданылатын синтетик. зат – цефедрин өндіруді және оны медицинада қолдануын іске асырған. 600-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. 119 КСРО авторлық куәлігі мен ҚР патентінің, 8 шет ел патенттерінің иегері.



*Қ.Пірәлиев*

# Р

**РАИСОВ** Төлеген Қазезұлы (21.4.1945 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Үлкен Нарын ауд. Жұлдыз а.) – биол. ғыл. докт. (1991), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). Семей мемл. мед. ин-тын (1968, қазіргі Семей мемл. мед. академиясы) және Харьков мед. ин-тының аспирантурасын (1973) бітірген. Семей мемл. мед. ин-тында ассистент (1968–70), доцент, кафедра меңгерушісі, проректор (1973–87), ректор (1987–2002); ал 2002 жылдан кафедра меңгерушісі, ректордың кеңесшісі қызметтерін атқарады. Оның негізгі ғыл. еңбектері гельминтоздың патогенезін, одан сақтану және оны емдеу жолдарын зерттеуге арналған. Р. паразит пен иесінің арасындағы өзара байланысты (трихинеллез және эхинококк ауруларын) зерттеп, диагностикасын қоюдың және оны емдеудің әдістерін жетілдірді. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның, 4 өнертапқыштық куәліктің авторы. П.Г.Сергиев атынд. сыйл. (Ресей, 1994) лауреаты.



*Т.Раисов*

**РАҚЫМБАЕВ** Ізбасар (20.10.1937 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Рахат а.) – биол. ғыл. докт. (1980), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу А. ш. академиясын бітірген (1960). 1961–93 ж. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1960), ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі (1981–89, қазіргі ҚазҰУ), Бас ботан. бақта лаб. меңгерушісі, директоры (1989–92) болды. 1993 жылдан Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы ин-тының директоры. «Физиология роста и развития растений» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері өсімдіктің өсуі мен дамуының механизмдерін зерттеуге арналған. Р. өсімдік онтогенезіндегі фитогормондардың динамик. топографиясын ұсынып, оның іс жүзінде негізін қалады. Р. 280 ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монография, 7 кітапша,



*І.Рақымбаев*

5 әдістемелік оқулықтың авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**РАҚЫШЕВ** Алшынбай (19.4. 1931 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Т.Әубәкіров а.) – мед. ғыл. докт. (1968), проф. (1969), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1956, қазіргі Қарағанды мемл. мед. ун-ті) бітірген (1956). Осы ин-тта аспирант, ассистент (1956–64), Целиноград мемл. мед. ин-тында (қазіргі Астана мемл. мед. ун-ті) аға ғыл. қызметкер, кафедра меңгерушісі, оқу істері жөніндегі проректоры (1964–68), қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі, оқу істері жөніндегі проректоры (1969–77), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің вице-президенті (1994–95) болып жұмыс істеген. 1978 жылдан Қазақ ұлттық мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Источники формирования тазового сплетения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері адамның жүйке клеткаларының морфологиясын зерттеуге арналған. 30 жылдан астам ұлттық медицина терминдері мен атауларын құрастырып, оларды бір ізге түсірумен шұғылданды. Р-тың 150-ден аса ғыл. еңбектері мен 18 монографиясы жарық көрді. «Құрмет» орденімен (2005) марапатталған.



*А.Рақышев*

**РАҚЫШЕВ** Баян (15.3.1934 ж.т., Қарағанды обл. Шет ауд. Қарасаз а.) – тех. ғыл. докт. (1979), проф. (1981). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2004). Қазақ политех. ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Балқаш кен-металлургия комб-нда техник, ауысым, цех бастығы, т.б. (1957–65) қызметтер атқарған. Қазақ политех. ин-тында аға оқытушы, доцент (1967), кафедра меңгерушісі (1965–87), декан (1967–74), проблемалық лаб-ның ғыл. жетекшісі (1981–95), проректор (1980–85), ректор (1985–92) қызметтерін атқарды. 1989 жылдан кафедра меңгерушісі. 1978 ж. «Жарылған массаның талапқа сай техникалық параметрлерін алу үшін карьердегі жарылыс процесін басқару» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Р-тің негізгі ғыл. еңбектері жер қойнауын тиімді игерудің, құрылысқа қажетті тау жыныстарын жарылыссыз өндірудің, жартастарды ұңғылап бұрғылауда жаңа техникаларды пайдалану мен кен байлықтарын ашық әдіспен өндіру мәселелеріне арналған. 400-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 13 монографияның авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1986) және медальдармен марапатталған.



*Б.Рақышев*

**РАУ** Алексей Григорьевич (15.4. 1938 ж.т., Украина) – техника ғыл. докт. (1990), проф. (1992). ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1965, қазіргі Тараз мемл. ун-ті) бітірген соң осы ин-тта пед. қызметте (1965–73), Қазақ су ш. ғыл.-зерт. ин-тында (1973–95), ҚР Ұлттық агр. зерттеулер академиясы орт-нда (1996–2001) қызмет атқарды. 2002 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде басшылық қызметте. «Устоновления процессов массоселепереноса в почвегрунтах орашаемых массивов и оптимизация конструкции» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ол топырақты сузу процесін, суландырылған жер топырағының сулы-тұзды режимін, суландыру режимін және а. ш. дақылдарын суғару технологиясын теор. және іс жүзінде зерттеп, Қызылқұм суландыру жүйесін кәріздеу мен суландыру параметрлерін жетілдірді; а. ш. дақылдарының өнімділігін арттыруға пайдаланылатын суды 20%-ға дейін үнемдеп, суландырылатын жүйенің экологиясын жақсартуға арналған жаңа құралымдар жасады. Р. 150-ден аса ғыл. еңбектің, оның ішінде 4 монографияның авторы; өндіріске 15 ұсыныс енгізген.



*А.Г.Рау*

**РАФИКОВ** Сағид Рауфұлы (19. 4.1912, Ресей, Башқортостан, Дюртюли ауд. Камшево дер. – 19.1. 1992, Мәскеу қ.) – хим. ғыл. докт. (1948), проф. (1951), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1970). Қазақ хим.-технол. ин-тын бітірген (1937). КСРО ҒА-ның Органик. хим. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1938–48), Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында лаб.

меңгерушісі (1948–54, 1963–67), Қазақ мемл. а. ш. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі (1949–51), проф. (1951), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) проф. (1952–54, 1964–67), КСРО ҒА-ның Элемент органик. хим. ин-тында аға ғыл. қызметкер және КСРО ҒА-ның Башқұрт бөлімшесі төралқасының төрағасы (1954–84), Башқұрт бөлімшесі Хим. ин-тының директо-



*С.Рафиков*

ры (1968–77), КСРО ҒА-ның Тарих, жаратылыстану және тех. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1984–92) болып жұмыс істеген. «Исследование в области поликонденсации» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Р-тың негізгі ғыл. еңбектері полимерлер химиясына арналған. 860-тан астам ғыл. жарияланымның авторы. КСРО Мин. Кеңесі сыйл. (1983) лауреаты. Еңбек Қызыл Ту (1975), Халықтар достығы (1982) ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**РОГОВ** Евгений Иванович (27.4.1937, Ресей, Алтай өлкесі, Змеиногорск қ.) – тех. ғыл. докт. (1984), проф. (1984), ҚР Минералды ресурстар академиясының (1996) және ҚР ҰҒА-ның (2003) акад. Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Қарағандыкөмір» комб-нда тау-кен ісінің шебері, телім бастығының орынбасары (1959–61), Қазақстан ҒА-ның Кен ісі ин-тында аспирант (1961–64), кіші, аға ғыл. қызметкер (1964–65), ғыл. хатшы (1965–71), лаб. меңгерушісі (1971–88), директордың орынбасары (1987–88), ин-т директоры (1988–99) болды. 1999 жылдан лаб. меңгерушісі қызметтерін атқарады. 1982 ж. «Научные основы моделирования и оптимизации технологических подсистем угольной шахты» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектері жер астындағы көмір қабатын қазудың адаптив-



*Е.И.Рогов*

тілігі жоғары технол. жүйесін жасауға, жүйелеп талдауға, үлкен жүйелерді матем. модельдеуге бағытталған. Р. 280-ге жуық ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 16 монография, 40-тан астам өнертабыстары бар. Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйл. (1993) лауреаты.

**РУСАКОВ** Михаил Петрович (21.11.1892, Ресей, Калуга обл. Юхнов қ. – 24.10.1963, Мәскеу қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт.



*М.П.Русаков*

(1935), проф. (1935). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1945). Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Петроград (Санкт-Петербург) тау-кен ин-тын бітірген (1921). Орал-Сібір геология к-тінде (1922–42), 1942 жылдан КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінің Геол. ғылымдар ин-тында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстан жерінің кен орындарын, геол. құрылысын, қазба байлықтарын зерттеу мәселелеріне арналған. Р. Қоңырат (мыс.), Қарағайлы (қорғасын-барит), Семізбұғы (корунд, андалузит, Н.И. Наковникпен бірге), Қайрақты (асбест, барит, полиметалл), т.б. пайдалы қазба кен орындарын ашты; металлогения ғылымы саласында қайталама кварциттермен байланысты мыс-молибден, алтын-күміс, корунд, андалузит, диаспор, алунит кентастарын, т.б. зерттеді. Р. 150-ден аса ғыл. еңбектің авторы. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған. Балқаш қ-нда ескерткіш орнатылған. Оның есімімен русаковит минералы аталған.

# С

**САҒАДИЕВ** Кенжеғали Әбенұлы (18.2.1938 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд.) – экон. ғыл. докт. (1977), проф. (1978), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), ҚР-ның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1996). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу халық ш. ин-тының аспирантурасын (1966) бітірген. ҚазҰУ-да ассистент, аға оқытушы (1960–63), Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) ғыл.-пед. қызметте (1966–82), ин-т ректоры (1990–94), Целиноград (Ақмола) а.ш.

ин-тының ректоры (1982–90), ҚР ҰҒА-ның президенті (1994–96), Қазақ ұлттық агр. ун-тінің, Халықар. бизнес ун-тінің ректоры (1996–2004) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Негізгі ғыл. еңбектері материалдық-тех. жабдықтаудың экон. тиімділігін арттыру мәселелері, Қазақстандағы экон. реформа теориясы мен әдіснамасына арналған. 240-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 32 монография, кітаптар мен кітапшалардың авторы. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі», «Парасат» (2003), 2-дәрежелі «Барыс» (2008) ордендерімен, медальдармен марапатталған.



*К.Сағадиев*

**САҒИТОВ** Абай Оразұлы (18.8. 1945 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Шар ст.) – биол. ғыл. докт. (1988), проф. (1990). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1968, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ өсімдік қорғау ғыл.-зерт. ин-тында (1968–88), Қазақ ұлттық агр. ун-тінде (1988–2001) ғыл.-пед., басшылық қызметте болды. 2001 жылдан Қазақ өсімдік қорғау ғыл.-зерт. ин-тының Бас директоры. «Научные основы интеграции противонематодных мероприятий на важнейших полевых и овощных культурах Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. дақылдарын зиянды организмдерден қорғау шараларын ұйымдастыруға арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Медальдармен марапатталған.



*А.Сағитов*

**САҒЫНОВ** Әбілқас (27.12.1915, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а. – 27.9.2006, Қарағанды қ.) – тех. ғыл. докт. (1967), проф. (1958), Қазақстан ҒА-ның акад. (1970). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1995). Соц. Еңбек Ері (1971). Днепропетровск тау-кен ин-тын (1939) бітірген. Қарағанды көмір шахталары мен трестерінде басшы (1939–51), Қарағанды көмір ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1951–55), Қарағанды тау-кен ин-тының ректоры (1955–58), Қарағанды политех. ин-тында ректордың кеңесшісі (1958–1991), Қазақстан ҰҒА-ның Жер қойнауын кешенді игеру мәселелері ин-тында директор (1991–2001) болды. 2001 жылдан Қарағанды мемл. тех. ун-тінде ғыл. кеңесші қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері көмір қабаттарын қолайлы жүйелермен өндіруге, тау-кен техникасын кемелдендіруге, жер асты құрылыстарының беріктігін зерттеуге, шахта алаңдарын аршу және дайындау сұлбаларын жетілдіруге арналған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, 3 монографияның авторы. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1974, 1986). 2 рет Ленин, Халықтар достығы, Еңбек Қызыл Ту, «Парасат» (2003) ордендерімен марапатталған.



*Ә.Сағынов*

**САДЫҚОВ** Тоқмұхамед Сәлменұлы (26.9.1938, Ресей, Алтай өлкесі, Парфенов ауд. Верхняя Речка с. – 22.7.2009, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1984), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2002). ҚазМУ-ды (1964, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы құрылыс техникумында оқытушы (1964–66), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) аға оқытушы (1966–69), Қазақ КСР-і Мин. Кеңесі төрағасы орынбасарының көмекшісі (1969–70), Алматы шет тілдері ин-тында (қазіргі Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті) доцент, проф. (1970–83), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (1983–87, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Қазақ КСР-і Жоғары және арнаулы орта білім беру министрінің орынбасары (1987), ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) ректоры (1987–2008) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері-



*Т.Садықов*

нің бағыты: қазіргі жоғары мектеп, Қазақстан тарихы, психол., пед. тарихы мәселелеріне арналған. 400-ден астам ғыл. жарияланымның, 25 монографияның авторы. «Парасат» орденімен, медальдармен марапатталған.

**САЙДУЛДИН** Тілеуберді (20.3.1943 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд. Шалқар а.) – ветеринария ғыл. докт. (1986), проф. (1989). КСРО-ның үздік өнертапқышы (1985), ҚР ҰҒА-ның (2000) және ҚР А. ш. академияларының (2000) акад. Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1965) және Мәскеу ветеринария академиясының аспирантурасын (1970) бітірген. Осы оқу орнында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты (1970–87). 1987 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде кафедра меңгерушісі, проф. қызметін атқарады. Ун-т жанынан құрылған Анималогия ғыл.-зерт. ин-тының директоры болды. 1984 ж. «Қосалқы агрегациялы серологиялық реакциялар» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері жануарлардың жұқпалы ауруларға қарсы иммунол. реакцияларын зерттеуге арналған. 180 ғыл. еңбектің, оның ішінде 19 патенттің, 37 өнертабыстың авторы.



*Т.Сайдулдин*

**САПАРҒАЛИЕВ** Ғайрат (26.6.1930, Шығыс Қазақстан обл. Семей қ-лық әкімдігі, Жаңа Семей а. – 21.7.2010, Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1967), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР-ның еңб. сің. заңгері (1993). Саратов заң ин-тын (1952) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында ғыл. және басшылық қызметтерде (1952–92), Алматы мемл. ун-тінде декан (1992–94, қазіргі ҚазҰПУ) болды. 1995 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР ҰҒА-ның Мемлекет және құқық ин-тының директоры қызметін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстан мемлекеті мен құқықтық жүйесінің қалыптасу тарихын зерттеуге арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 20 монографияның авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ғ.Сапарғалиев*

**САРБАСОВ** Төлеуәлі Ибрагимұлы (21.12.1934 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Бектөбе а.) – а. ш. ғыл. докт. (1984), проф. (1985). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1956, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жамбыл а. ш. тәжірибе ст-нда (1956–58), Қазақ астық ш. ғыл.-зерт. ин-тында (1961–64) қызметтер атқарды. 1964 жылдан Қазақ қой ш. технол. ғыл.-зерт. ин-тында ғыл., басшылық қызметінде. Негізгі ғыл. еңбектері: мал азықтандыруды жақсартуға, мал азықтандыру нормасы мен азық рационының құндылығын көтеруге, организмдегі зат алмасу процестерін реттеуге және мал өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдерді жан-жақты зерттеуге арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 7 монографияның авторы. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1974).



*Т.Сарбасов*

**САРТАЕВ** Сұлтан (15.10.1927 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – заң ғыл. докт. (1970), проф. (1971), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1994). Алматы мемл. заң ин-тын (1949) және Мәскеу мемл. заң ин-тының аспирантурасын (1952) бітірген. Алматы мемл. заң ин-тында (1952–55), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін (1955–97) атқарды. 1997 жылдан Қазақ құқықтану және халықар. қатынас ин-тының ректоры. ҚР Президенті жанындағы кешірім жасау жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы, ҚР Президенті кеңесінің мүшесі, ҚР заңгерлер ассоциациясының вице-президенті болды. С-тың зерттеу бағыты Қазақстан мемлекеттілігі мен Кон-



*С.Сартаев*

ституциясының қалыптасуы болды. 500-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 30 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

**САРЫБАЕВ** Шора Шамғалиұлы (2.3.1925 ж.т., Өзбекстан, Ташкент қ.) – филол. ғыл. докт. (1974), проф. (1979). Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1985). ҚазМУ-ды (1950, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1953) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тында бөлім меңгерушісі (1954–60, 1967–95), ин-т директорының орынбасары (1979–87), бас ғыл. қызметкер (1995–2007) болып қызметтер атқарды. «Қазақтың аймақтық лексикографиясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері диалектология, морфология, лексикология, лексикография, библиография, тіл тарихы, аударма, есімнама, алтаистика мәселелеріне арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған.



*Ш.Сарыбаев*



*Ә.Сатыбалдин*



*С.Сатыбалдин*

**САТЫБАЛДИН** Әзімхан Әбілқайырұлы (13.10.1959 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Аққөл а.) – экон. ғыл. докт. (1993), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004), Ресей (1987), Моңғолия (2001) а.ш. Ғылым академияларының акад. Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (1999). Қазақ а.ш. интын (1981, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жамбыл обл. Талас ауд-нда (1981–83), Қазақ қой ш. технол. ғыл.-зерт. интында (1986–88), Қазақ агроөнеркәсіптік кешен экономикасы және ұйымдастыру ғыл.-зерт. интында (1988–93), Қазақ а.ш. ғылымдары академиясында (1994–95), «Шымкент» ғыл. өндірістік бірлестігінде, ҚР Президентінің әкімш-нде (1995–96) қызмет жасады. ҚР Парламенті Сенатының депутаты (1996–2003), Ұлттық академ. агр. зерттеулер орт-ның Бас директоры (1996–2003) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан ҚР ҰҒА-ның вице-президенті. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, 9 монографияның авторы. Қазақстан комсомолы сыйл. (1988), Қазақстан «Дарын» мемл. жастар сыйл. (1994) лауреаты.

**САТЫБАЛДИН** Сағындық (5.5. 1937 ж.т., Қостанай обл. Әулиекөл ауд. Жангелдин а.) – экон. ғыл. докт. (1981), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1960–84 ж. ҚазМУ-да, Алматы халық ш. ин-тында (қазіргі Қазақ экон. ун-ті) ғыл. басшылық қызметтермен айналысты. Орал пед. ин-тының (1984–89, қазіргі Батыс Қазақстан мемл. ун-ті) ректоры, ҚР ҒА-ға қарасты Өндіргіш күштерді зерделеу жөніндегі кеңес төрағасының (1990–93) және Экон. ин-ты директорының 1-орынбасары, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент экон. және болжау ин-ты атқарушы директорының 1-орынбасары, атқарушы директоры, осы ин-т президентінің аға кеңесшісі (1993–2004). Қазақстан – Британ тех. ун-ті жанындағы академияның директоры (2004), проф. (2004–06), декан (2006–07) қызметтерін атқарды. 2007 жылдан ун-т ректорының кеңесшісі. Оның ғыл.-зерт. жұмысының аясы: кәсіпорындардың шаруашылық қызметін есептеу мен талдау әдістерін жетілдіру; бух. есеп аудиттің халықар. стандарттары; өнеркәсіпте нарықтық тетіктерді қалыптастыру. 350-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. «Еуразия» халықар. экономика академиясы сыйл. (2000), Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (2003).

**САУРАНБАЕВ** Нығмет Тінәліұлы (5.5.1910, Жамбыл обл. Қордай ауд. Шарбақты а. – 17.11. 1958, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1943). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). ҚазПИ-ді (1932, қазіргі ҚазҰПУ) және Ресейдің оқу-ағарту комиссариаты жанындағы ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1938) бітірген. Қазақстан Халық ағарту комиссариатында нұсқаушы (1932–58), Мұғалімдер білімін жетілдіру ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі, терминол. комиссияның ғалым-хатшысы, Тіл,

әдебиет және тарих ин-тында директор (1941–46), Қазақстан ҒА-ның қоғамдық ғылымдар бөлімінің төрағасы (1946–51), «Қазақстан ҒА-ның хабаршысы» журналының алғашқы редакторы (1946), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті, Тіл және әдебиет ин-тында бөлім меңгерушісі қызметтерін (1956–58) атқарған. «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» деген тақырыпта докт. дисс.



*Н.Сауранбаев*

қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қазақ тілінің тарихы мен синтаксисіне, әдеби тіл тарихы, түркітану, диалектология, орфография, жазу, емле, сөздік түзу мәселелеріне арналған. 2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

**САЯТОВ** Марат Хұсайынұлы (10.2.1937 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Тоқжайлау а.) – биол. ғыл. докт. (1986), проф. (1987), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). Алматы мемл. мед. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қазақстан Білім және ғыл. мин-нің Микробиология және вирусология ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1964–72) болып жұмыс істеді. 1972 жылдан лаб. меңгерушісі қызметін атқарады. Негізгі ғыл. еңбектері орто- және парамиксовирустар экологиясы мен эволюциясы мәселелеріне, вирустық инфекциялардың иммунологиясы мен иммунодиагностикасына арналған. 330-дан астам ғыл. жарияланымның, 2 монографияның авторы.



*М.Саятов*

**СӘБДЕН** Оразалы (20.5.1947 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Тастұмсық а.) – экон. ғыл. докт. (1989), проф. (2004), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР Инж. академиясының акад. (1992). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1970, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Шымкент мырыш з-тында инженер-электрик (1970–71), «Қазмонтажавтоматика» тресінде инженер (1971–73), Қазақстан ҒА-ның Экон. ин-тында инженер, аға экономист, кіші, аға, бас ғыл. қызметкер (1973–86; 1987–90), КСРО ҒА-ның Экон. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1986–87), ҚР Жоғ. Кеңесі к-тінің төрағасы (1990–94), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1995–99; 1999–2001), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің президенті (2001–03), Қазақ көлік және коммуникация академиясында проф. (2004–06) болды. 2006 жылдан ҚР Білім және ғыл. мин-нің Экон. ин-тында директор қызметін атқарады. «Экономические проблемы управления эффективностью ремонтного производства» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Еңбектері негізінен Қазақстанның нарықтық экономикаға өту барысын саралауға арналған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2003).



*О.Сәбден*

**СӘБІКЕНОВ** Салахиден Нұрсәлиұлы (30.12.1936 ж.т., Атырау обл. Исатай ауд. Манаш а.) – заң ғыл. докт. (1996), проф. (1998). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1964, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тының аспирантурасын (1969) бітірген. Осы ин-тта кіші ғыл. қызметкер, докторант, проф. (1965–69), Қарағанды жоғары милиция мектебінде оқытушы (1970–93), бастықтың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1970–92), ҚР ІІМ Алматы милиция жоғары мектебі бастығының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1993–95), ҚР Конституц. кеңесінің мүшесі (1995–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Құқық және нарық академиясының ректоры. «Право и социальные интересы в социалистическом обществе» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері құқықтағы әлеум. қызығушылықтар; Қазақстандағы Конституц. құрылым; ұлттық заң шығару жүйесін құрудың теориясы мен практикасы; адам құқығының теориясы; халықаралық құқық және адам құқығына арналады. 190-нан астам ғыл. жарияланымның, 5 монографияның авторы.



*С.Сәбікенов*

**СӘРСЕМБИНОВ** Шәмші Шәріпұлы (27.6.1944, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Түрген а.– 20.7.2008, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1983), проф. (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1973–84 ж. ҚазҰУ-да оқытушы, кафедра меңгерушісі, 1984–91 ж. декан, 1991–94 ж. проректор болды. 1994 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан



*Ш.Сәрсембинов*

ҒА-ның «Физика, математика және информатика» бөлімі төрағасының орынбасары қызметін атқарған. С. кристалл емес шалаөткізгіштердің электрондық қасиеттерін бағытты түрде өзгертуді зерттейтін ғыл. бағыт ашты. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы.

**СӘТБАЕВ** Қаныш Имантайұлы [12.4.1899, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Сәтбаев а. – 31.1.1964, Мәскеу қ., Алматы қ-нда жерленген] – геол.-минерал. ғыл. докт. (1942), проф. (1950). Қазақстан ҒА-ны ұйымдастырушылардың бірі және тұңғыш президенті (1946). КСРО ҒА-ның акад. (1946; 1943 жылдан коор. мүшесі), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі (1951). С. 1911–14 ж. Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алды. 1914 ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. 1918 ж. семинарияны бітірген соң Семейдегі пед. курста мұғалім, 1920–21 ж. Баянауылда халық судьясы болды. 1921 ж. күзде С. Томск технол. ин-тының кен ф-тіне оқуға түсті. 1926 ж. ин-тты бітірген соң Қазақ АКСР-і Халық ш. орт. кеңесінің жұғаруымен Мәскеу қ-на «Атбасартүстіметаллургия» тресінің геол. бөлімін басқаруға жіберілді. 1929 ж. Қарсақбай мыс комб-ның геол. барлау бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Көп ұзамай комб-тың бас геологы болды. КСРО ҒА Қазақ бө-



*Қ.Сәтбаев*

лімшесінің құрамындағы Геол. ғылымдар ин-тының директоры (1941–64), КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары (1941–42), төрағасы (1942–46), Қазақстан ҒА-ның президенті (1946–52) болды. 1952 ж. Қазақ КСР-і Геол. ғылымдар ин-тының директоры болып еңбек етті. 1955 ж. Қазақ КСР ҒА-ның президенттігіне қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарды. С-тың негізгі ғыл. еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орт. Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда (1952–58) көп еңбек сіңірді. С. ғылымға формац. металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. 1926–29 ж. кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде С-тың еңбегі өте зор (ақиқат қоры бұрынғысынан 2,5 есе көп екенін анықтады). С. минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай, т.б. аймақтарды ерекше назар аударып зерттеді. 1927–28 ж. Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғыл. маңызды еңбектер жариялады. 1929 ж. Атасу темір-марганец кендерін игерудің негізінде Қарағанды обл-нда қара металлургия өнеркәсібін дамыту туралы мәселе көтерді. С. Жезқазған – Ұлытау ауд-нда мыстан басқа темір (Қарсақбай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қиякты), қорғасын (Қорғасын) кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геол. қорытындылар жасады. С-қа осы еңбегі үшін дисс. қорғамастан, геол.-минерал. ғыл. докт. атағы берілді. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында танк бронын құюға қажет марганец тапшылығы туған кезде С-тың жетекшілік етуімен өте қысқа мерзімде Жезді марганец кені барланып, іске қосылды. С-тың басшылығымен ғылым мен техниканың тығыз байланысын күшейту мақсатында және Қазақстанның экон. аудандарының өндіргіш күштерін зерттеу мен игеруге бағытталған Қазақ КСР-і ҒА-ның көшпелі сессиялары (Алтайда, Солт. Батыс, Оңт. және Орт. Қазақстанда) өткізілді. С-тың қолдауымен Алматы қ-нда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып (1948), Қазақ КСР-і Геол. және жер қойнауын қорғау мин. (1956) құрылды. С. «металлогендік дәуірлер», «металлогендік формациялар», «кентасты формациялар», «генотиптер», т.б. сияқты жаңа ғыл. терминдердің мәнін анықтады. Жезқазған кен-металлургия комб-тын, Қарағанды мен Балқаш металлургия з-ттарын, Ертіс-Қарағанды каналын салу, Маңғыстау, Мұғалжар, Торғай өңірлерінің табиғи байлықтарын анықтау жөнінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; республикамыздың ірі минерал-дық шикізат

қорларын – Кенді Алтайды, Қаратау фосфоритін, Қостанай мен Жезқазған – Ұлытау өңірлеріндегі темір, марганец, т.б. көптеген кен орындарын игеру С. есімімен тығыз байланысты. С-тың бастамасымен 1940 жылдан КСРО ҒА-ның қазақ бөлімінде докторантура жұмыс істей бастады. Онда жүздеген ғыл. кандидаттары мен докторлары даярланып шықты. С-тың геологиядан басқа ғылымдарда, тарих, мәдениет, әдебиет саласында қалдырған істері жеткілікті. Қазақ орта мектебінің төм. және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын 1919 ж. студент шағында бастап 1924 ж. аяқтады. С. Шоқан Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды ұйымдастырды. КСРО (1946, 1950, 1962) және Қазақ КСР-і (1947, 1951, 1955, 1958) Жоғ. Кеңестерінің депутаты болып сайланған. КСРО Мемл. (1942), Лениндік сыйлықтардың лауреаты (1958), 4 рет Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстанның қала, ауылдарында С. есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп, Алматы, Павлодар қ-ларында ғалым ескерткіштері бар. 641 ғыл. еңбектің авторы, оның 534-і орыс, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Оның есімі Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тына, Жезқазған кен-металлургия комб-на, бір қалаға, Алматы, Балқаш, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Семей қ-ларындағы көшелерге, бір планетаға берілген. С-тың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолус гүлі аталған. Еліміздегі ең ірі жоғары тех. оқу орны Қазақ ұлттық тех. ун-тіне С. есімі берілген. 1999 ж. С-тың 100 жылдық мерейтойы респ. деңгейде аталып өтті.

**СЕВЕРСКИЙ** Игорь Васильевич (9.8.1936 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Есік қ.) – геогр. ғыл. докт. (1982), проф. (1993). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазПИ-ді (1959, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Геогр. секторында



*И.В.Северский*

(қазіргі ҚР ҒА-ның Геогр. ин-ты) лаборант, кіші ғыл. қызметкер (1960–68), Іле Алатауындағы гидрофиз. экспед-ның бастығы қызметтерін атқарды. Геогр. ин-тының жанынан қар көшкінін зерттейтін лаб. құрып, Түрген өз. алабына экспед-лар ұйымдастырды (1970), Қазақстан мен Орта Азияның таулы аудандары аумында КСРО Қарулы Күштерінің Бас штабы мен МҚК Шекара әскерлерінің Бас басқармасының арнайы тапсырмасы бойынша жүргізілген ғыл.-зерт. жұмыстарының жетекшісі (1973–89), Геогр. ин-ты директорының орынбасары, директоры (1986–2001) қызметтерін атқарды. 2001 жылдан лаб. меңгерушісі. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты: тау гидрологиясы, тау ландшафтарының геофизикасы, гляциология, таулы аумақтардың қарлылығы мен көшкін қауіптілігін бағалау және климаттың өзгеруі мәселелеріне негізделген. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, 9 монографияның авторы.

**СЕЙТЕШЕВ** Әжес (15.11.1929 ж.т., Атырау обл. Индер ауд. Кулагино а.) – пед. ғыл. докт. (1974), проф. (1980). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазіргі Бішкек политех. ин-тын (1962) бітірген. 1956–69 ж. Тех. уч-щеде (Бішкек қ.) мұғалім, директордың орынбасары, директоры, Қырғыз политех. ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1970–80) болды. 1980 жылдан



*Ә.Сейтешев*

Қазақ зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері: практик. пед. мәселелеріне арналған. 800-ден астам ғыл. жарияланымның, 38 монографияның авторы.

**СЕЙІТБЕКОВ** Лесбек (18.4. 1938, Жамбыл обл. Жуалы ауд. Ертай а. – 19.3.2010, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1984), проф. (1986), Қазақ а. ш. ғылымдары



*Л.Сейітбеков*

академиясының (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (1995). Ташкент қ-ндағы А. ш-н механикаландыру инженерлері ин-тын (1960) бітірген. Жамбыл. Шымкент обл. ш-тарында (1960–66), Қазақ а. ш-н механикаландыру және электр-

лендіру ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, сектор, лаб., бөлім меңгерушісі (1966–91), бас директор (1993–2003), директордың орынбасары (2003–07), бас ғыл. қызметкер (2008–10), Қазақ а. ш. ғылымдары академиясында акад.-хатшы (1991–93) қызметтерін атқарды. «Қаракөл өнімдерін алу және олардың бастапқы өңдеуін ысырапсыз жүргізу технологиясы мен техникалық құрал-жабдықтарын жасау негіздері» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері мал ш. өнімдерін өңдеу және екпе жайылымды қоршау техникасы мен машина жасау теориясына арналды. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 40-тан астам авторлық куәліктер мен патенттердің авторы. КСРО-ның Бүкілодақтық көрмесінің алтын (1983), күміс (1988), қола (1989), т.б. медальдармен марапатталған.

**СЕЙІТҚАСЫМОВ** Ғабдығаппар Сағитұлы (14.9.1940 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Шеген а.) – экон. ғыл. докт. (1989), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад.



*Ғ.Сейітқасымов*

(2003). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қостанай обл. Жангелдин ауд-нда бас экономист (1963–69), Қазақ а.ш-н ұйымдастыру ғыл.-зерт. ин-тында (1969–73), қазіргі Қарағанды мемл. ун-тінде ғыл., басшылық қызметтерде (1973–93), Қазақ мемл. басқару академиясында проректор (1993–99), 1999 жылдан Қазақ экон. Қаржы және халықар. сауда ун-ті Астана бөлімшесінің директоры, ректоры. «Астық дайындаудың экономикалық тиімділігін комплексті зерттеудің методологиясы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. экономикасы мен қаржы және банк ісі саласына арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 20 монографияның авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**СЕМБАЕВ** Дәурен Хамитұлы (3.10.1933 ж.т., Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1982), проф. (1987). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу хим.-технол. ин-тын (1956) бітірген. 1956 жылдан Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында ғыл. басшылық қызметтер атқарады. Негізгі ғыл. еңбектері органик. қосылыстардың арасындағы өзара құрылымдық байланыстардың ерекшеліктерін, олардың оксидті катализатор қатысында катализдік тотығу және тотықтыру аммонолизін анықтау, органик. заттардағы әр түрлі орт-тардың реакцияға қабілеттілігі мен олардың катализдік реакцияларға қа-



*Д.Сембаев*

тысу мүмкіндіктерін зерттеуге арналған. 240 ғыл. жарияланымның, 1 монографияның, 30 авторлық куәлік, 55 патенттің авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**СЕРҒАЛИЕВ** Мырзатай (17.3.1939, Солт. Қазақстан обл. қазіргі Шал ақын ауд. Жаңажол а. – 23.7.2011, Астана қ.) – филол. ғыл. докт. (1988), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Білім беру ісінің үздігі (2000). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1965) бітірген. Қа-



*М.Серғалиев*

зақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тында кіші ғыл. қызметкер, ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, проф., декан, кафедра меңгерушісі (1965–99), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, проф. (1999–2008) қызметтерін атқарды. 1987 ж. «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском языке» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қазіргі қазақ тіліндегі синтаксис, стилистика, сөйлеу мәдениеті, көркем шығарма тілі мәселелеріне арналған. 600-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 монографияның, 6 оқулықтың авторы.

**СИЛЬЧЕНКО** Митрофан Семенович (20.4.1898, Ресей, Воронеж қ. – 9.12.1970, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1957), проф. (1958). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1957), Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Воронеж діни семинариясын (1917), сондағы мемл. ун-тті (1924) бітірген. Осы ун-тте оқытушы (1924–31), ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф. (1931–70), 1962 жылдан Қазақстан ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде акад.-хатшы, Тіл және әдебиет ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, ин-т директо-

рының орынбасары, академия төралқасының ғалым-хатшысы қызметтерін атқарған. «Творческая биография Абая» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. 2 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.


*М.С.Сильченко*

**СМАҒҰЛҰЛЫ** Оразақ (1.10. 1930 ж.т., Қостанай обл. Меңдіқара ауд. Ұялысай а.) – тарих ғыл. докт. (1984), проф. (1987). ҚР-ның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1987). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1955, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА Этнол. және антропология ин-тының аспирантурасын (1961) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1961–81), бөлім меңгерушісі (1982–97) қызметтерін атқарды. «Этническая антропология Казахстана (стоматологическое исследование)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 4 монографияның авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1990).


*О.Смағұлұлы*

**СМИРНОВ** Василий Иванович [14.2.1899, Ресей, Ярославль губ. Рожалова с. – 2.7.1972, Свердловск қ. (Екатеринбург] – тех. ғыл. докт. (1946), проф. (1983), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Ресейдің еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1961). Ленинград (1922, қазіргі Санкт-Петербург) тау-кен ин-тын бітірген. Металлургия өнеркәсібінде басшылық қызметтер атқарды (1922–30), Орал политех. ин-тында кафедра меңгерушісі (1930–46), Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында директордың орынбасары (1946–72) қызметтерін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері мыс өндірудің жаңа технол. әдістерін тауып, өндіріске енгізу, Орал мен Қазақстанның (Балқаш, Жезқазған металлургия комб-тарында) металлург. кәсіпорындарын дамыту мәселелеріне арналған. Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.


*В.И.Смирнов*

**СОКОЛЬСКИЙ** Дмитрий Владимирович (4.4.1910, Пехлеви қ. (Иран) – 1.3.1987, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1949), проф. (1949). Қазақстан ҒА-ның акад. (1951), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1960). Соц. Еңбек Ері (1969). Мәскеу мемл. ун-тін (1934) және аспирантурасын (1937) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) ғыл. қызметкер (1937–42), Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-ты директорының орынбасары (1945–48), Қазақстан ҒА-да ғалым-хатшы (1951–54), Қазақстан ҒА-ның бірінші вице-президенті (1965–73), Органик. катализ және электрхим. ин-тының директоры (1969–87) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері каталитик. гидрогендеу теориясы мен тиімділігі жоғары гидрлеу катализаторларын жасауға, гидратациялау, тотықтыру және кіші молекулалар негізінде синтездеу процестеріне, іргелі және қолданбалы ғылымды ұштастыруға арналған. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1974). Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. 1800-ден астам ғыл. жарияланымның, 18 монографияның авторы.


*Д.В.Сокольский*

**СУВОРОВ** Борис Викторович (27.1.1925, Ресей, Новосибирск қ. – 7.7.1996, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1963), проф. (1965), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). ҚазМУ-ды (1948, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1951) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында ғыл. және басшылық қызмette (1952–96) болды. 1961 ж. «Исследование парафазного каталитического окисления и окислительного аммонолиза алкилбензолов» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. ең-

бектері катализдік аралас тотығу процестерін, полимер, бояғыш заттар, физиол. активті заттар өндіруге керекті көмірсутектердің оттекті және азотты туындыларын алу жолдарына арналған. 600-ден астам ғыл. жарияланымның, 4 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» (1981), Халықтар достығы (1985) ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.



*Б.В.Суворов*

**СҰЛТАНҒАЗИН** Өмірзақ Махмұтұлы (4.10.1936, Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Қараоба а. – 23.5.2005, Германия, Алматы қ-нда жерленген) – физ.-матем. ғыл. докт. (1972), проф. (1974), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Ресей ғарышкерлік академиясының корр. мүшесі (1994). ҚазМУ-ды (1958, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1958–78 ж. осы ун-тте ғыл.-пед., басшылық қызметтер атқарған. Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тының директоры (1978–89), Қазақстан ҒА-ның президенті (1988–94), ҚР Білім және ғыл. министрінің 1-орынбасары-вице президенті (1996–98), Қазақстан ҰҒА-ның вице-президенті (2002–03) болды. 1991 жылдан өмірінің соңына дейін Ғарыштық зерттеулер ин-тының директоры қызметін атқарған. «Метод сферических гармоник для нестационарного кинетического уравнения переноса излучения» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Қазақстанда сәуле шығарудың тасымалдану теориясы ғыл. мектебінің негізін салған. Ғыл. еңбектері сәуле шығарудың тасымалдануының матем. теориясы және оның ядр. реакторларды есептеу тәсілдеріне қолданылуы, дистанц. зондтау және атмосф. оптика мәселелеріне арналған. «Мир» орбиталық кешенінің ғыл.-зерттеулері мен эксперименттері қазақстандық бағдарламасының, Т.Әубәкіров пен Т. Мұсабаевтың қатысуымен халықар. ғарыш ст. сапарының (1991, 1994, 1998, 2001), «Қазақстан Республикасы ғарыштық мониторингінің ұлттық жүйесі» ғыл.-тех. бағдарламасының ғыл. жетекшісі болды. Көптеген шет елдердегі халықар. ғыл.-зерт. жұмыстарына қатысты. 350-ден астам ғыл. жарияланымның, 7 монографияның авторы. КСРО Мемл. (1987), КСРО ҒА мен Чехословакия ҒА (1989), «Тарлан» сыйлықтарының (1987, 2002) лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ө.Сұлтанғазин*

*Ә.Ақыш*

**СҮЛЕЕВ** Досым Қасымұлы (7.3.1947 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Кентау қ.) – тех. ғыл. докт. (2003), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2008). Қазақ политех. ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және Мәскеу болат және қорытпа ин-тының аспирантурасын (1975) бітірген. Алматы энергетика ин-тында (1986–96, қазіргі Алматы энергетика және байланыс ин-ты) проректор, Білім және мәдениет мин. Жоғары және орта арнаулы білім беру департаментінің директоры (1997–2001), Қазақ ұлттық тех. ун-тінің ректоры (2001–2008) қызметтерін атқарды. 2008 жылдан құрметті ректоры. «Дос-Мұқасан» ансамблін ұйымдастырушы, сазгер, 20 шақты әндері бар. Бірнеше монография мен 4 оқулықтың авторы.



*Д.Сүлеев*

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Жүсіпбек Тәшірбайұлы (1947 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы ауд. Әйтеке би кенті) – тех. ғыл. докт. (1987), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1971, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) және Мәскеу хим.-технол. ин-ты аспирантурасын (1974) бітірген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тында (қазіргі Тараз мемл. ун-ті) аға оқытушы, деканның орынбасары, проректор (1974–91), ректор (1992–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Тараз мемл. ун-ті-



*Ж.Сүлейменов*

нің проректоры. 160-тан астам ғыл. жарияланымның, 2 монографияның, 34 авторлық куәлік пен патенттің авторы.

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Майдан Күнтуарұлы (30.9.1941 ж.т., Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1981), проф. (1985), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА-ның Мемлекет және құқық ин-тының аспирантурасын (1966) бітірген. Қазақстан ҒА Филос. және құқық ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1966–91), ҚР ҰҒА Мемлекет және құқық ин-тының директоры (1991–92), ҚР ҰҒА-ның Бас ғалым-хатшысы (1992–94) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан Қазақ гуманит. заң ун-тінде жеке құқық ғыл.-зерт. орт-ның директоры. ҚР Конституциясын, Азаматтық кодексін, тұрғын үй заңын және басқа да экон. реформаға қатысты заңдарды жасауға қатысқан. 350-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 40 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған.


*М.Сүлейменов*

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Мехлис Қасымұлы (1.3.1939 ж.т., Қарағанды қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1982), проф. (1985), Бүкілодақтық а. ш. академиясының (ВАСХНИЛ) корр. мүшесі (1985), Қазақстан ҒА-ның акад. (1990). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1960, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Ақтөбе а. ш. тәжірибе ст-нда ғыл. қызметкер (1960–62), Бүкілодақтық астық ш. ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1962–82), директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1982–85), ин-т директоры (1992–94), ҚР Парламентінің депутаты (1994–95), Қазақ а. ш. академиясының вице-президенті (1995–96) болды. 1997 жылдан а. ш-н ұйымдастыру Халықар. ғыл. орт-ның (ИКАРДА) Орт. Азия және Кавказ елдері бойынша аймақтық үйлестірушісінің орынбасары қызметін атқарады. Негізгі ғыл.-зерт. еңбектері дәнді дақылдар өсіру технологиясы мен ауыспалы егіс мәселелеріне арналған. 140-тан астам ғыл. жарияланымның авторы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы ордендерімен, ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығымен, бірнеше медальдармен марапатталған.


*М.Сүлейменов*

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Рамазан Бимашұлы (17.2.1931, Астана қ. – 23.3.1992, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының аспирантурасын (1959) бітірген. 1959 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-тта ғыл. қызметтер атқарды. Ин-ттың Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімінің (1974–79), шығыстану бөлімінің (1979–84) меңгерушісі, Тарих, археол. және этнол. ин-тының директоры (1984–88) болды. 1987 жылдан Қазақстан ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бөлімінің акад.-хатшысы, Азия мен Африка халықтары достастығының Қазақ бөлімшесінің вице-президенті, шығыстанушылардың Бүкілодақтық ассоциациясы төрағасының орынбасары, т.б. қызметтер атқарған. «Мәдени революцияның Лениндік идеялары және олардың Қазақстанда жүзеге асуы» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. 18 ғ-дағы Қазақстан тарихына қатысты ғыл. еңбек жазып, Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатындағы ұстанымдарының ерекшелігін ашып көрсетті. Ш.Уәлиханов, С.Аспандияров, Т.Жүргенов, т.б. көрнекті өкілдер жайында зерттеу жұмыстарын жүргізді. 238 ғыл. еңбектің, оның ішінде 30-дан аса монографияның авторы. С-тің есімі ҚР Білім және ғыл. мин-нің Шығыстану ин-тына, Алматы қ-ндағы көшеге берілген. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1973).


*Р.Сүлейменов*

**СҮЛЕЙМЕНОВ** Сұлтан Тәшірбайұлы (20.8.1928, Қызылорда обл. Қазалы ауд. Әйтеке би кенті – 22.6.1996, Алматы қ) – тех. ғыл. докт. (1970), проф. (1967), Қазақстан ҒА-ның акад. (1972). Шымкент технол. ин-тын (1952, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Қазақ хим.-технол. ин-тында аға оқытушы (1956–57), декан (1957–59), ректор (1959–74), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының (қазіргі

Тараз мемл. ун-ті) проф. (1976), Алматы құрылыс материалдары ғыл.-зерт. және жобалау ин-тында директор (1978–96) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері хим. өнеркәсібін дамыту, силикаттардың жаңа түрлерін


*С.Сүлейменов*

шығару, т.б. мәселелерге арналған. 318 ғыл. жарияланымның, 6 монографияның, 90-дай авторлық куәліктің авторы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**СЫДЫҚОВ** Жүрімбек (20.9. 1922 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Ақсу а.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1966), проф. (1968). Қазақстан ҒА-ның акад. (1989). Қа-


*Ж.Сыдықов*

зақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1991). ҚР-ның Құрметті геологы (2001). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1949, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және Қазақстан ҒА-ның аспирантурасын (1952) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар интында ғыл. қызметтер (1952–65), Қазақстан ҒА-ның Гидрогеол.-гидрофиз. ин-тында директордың орынбасары (1965–87), Қазақстан ҒА-ның Жер жөніндегі бөлімшесінде акад.-хатшы (1987–94). Осы ин-тта бас ғыл. қызметкер (1994) қызметін атқарады. Орт., Батыс, Оңт., Шығыс Қазақстан аймақтарында жерасты суларын іздеп, барлау, табиғи және қолданылуға жарамды қорларын анықтау, көп мөлшерлі жерасты тұщы және минералды (шипалы, ыстық, тұзды) сулар қорларын тиімді пайдалану жолдарын зерттеумен айналысты. Қазақстан Мемл. (1980) және Қ.И. Сәтбаев атынд. сыйлықтардың (1993) лауреаты. 620-дан астам ғыл. жарияланымның, 40 монографияның авторы. 1-дәрежелі Отан соғысы, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

**СЫЗҒАНОВ** Александр Николаевич (17.8.1896, Татарстан, Арск қ. – 8.10.1980, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1936), проф. (1934), Қазақстан ҒА-ның акад. (1955), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1941). Қазан


*А.Н.Сызғанов*

ун-тін бітірген (1922). Алматы мемл. мед. ин-тында (1934–63, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) кафедра меңгерушісі. Өзі ұйымдастырған Қазақстан Денсаулық сақтау мин-нің Клиник. және эксперименттік хирургия ин-тының (1945–75, қазіргі Хирургия ғыл. орт.) директоры. 1975 жылдан өмірінің соңына дейін сол ин-ттың ғыл. кеңесшісі болды. Негізгі ғыл.-зерттеулері жалпы, жеке және операц. хирургия мәселелеріне арналған. 900-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 монографияның авторы. 3 рет Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, 2 рет «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Алматы қ-нда бір көшеге есімі берілген.

**СЫЗДЫҚ** Рәбиға Сәтіғалиқызы (17.8.1924 ж.т., Ақтөбе обл. Ойыл ауд. Ойыл а.) – филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1989). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1984). ҚазПИ-ді (1947, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1951) бітірген. 1940–94 ж. мектепте мұғалім, пед. уч-щеде оқытушы, «Мектеп» баспасында редактор, редакция меңгерушісі, Тіл білімі ин-тында қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы (1961–67), тіл мәдениеті (1980–94) бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1994 жылдан осы ин-тта бас ғыл. қызметкер. «Абай шығармаларының тілі» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері қазақ


*Р.Сыздық*

әдеби тілінің тарихы, Абайдың поэтик. тілі, қазақ тілінің поэтикасы, 15–19 ғ-лардағы ақын-жыраулар тілі, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінің тарихы мен лексика-граммат. құрылымы, текстологиясы, тарихи лексика, лингвостилистика, тіл мәдениеті са-

лаларына арналған. С. 250-ден астам ғыл. еңбектің, 27 кітаптың авторы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1995), ҚР Мемл. сыйлықтардың лауреаты (1996). «Құрмет Белгісі» (1971), «Парасат» (2004) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

*Н.Әміржанова*

# Т

**ТАЙМАНОВ** Асан Дабысұлы (25.10.1917, Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Бисен а. – 1.2.1990, Ресей, Новосибирск қ. Мәскеуде жерленген) – физ.-матем. ғыл. докт. (1961), проф. (1962). Қазақстан ҒА-ның акад. (1962), КСРО ағарту ісінің үздігі (1978). Орал пед. ин-тын (1936, қазіргі Батыс Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Осы оқу орнында ассистент (1936–38), Мәскеу пед. ин-ттарында аспирант (1938–41, 1945–47), Қызылорда пед. ин-тында оқытушы (1947–54, қазіргі Қызылорда мемл. ун-ті), Шуя және Иваново пед. және тоқыма ин-ттарында доцент (1954–60), КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Матем. ин-тында аға ғыл. қызметкер (Новосибирск қ., 1960–67), Новосибирск ун-тінде кафедра меңгерушісі (1961–65), Қазақ КСР-і ҒА-ның физ.-матем. бөлімінде акад.-хатшысы (1968–70), Қазақ КСР-і ҒА-ның Матем. және мех. ин-тының директоры (1969–70), КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Матем. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1970–90) болып істеген. «Бейнелеулердің таралуының кейбір мәселелері» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері теор. жиын топологиясына, үздіксіз бейнелеудің таралуына, борель жиынын зерттеуге, модельдер теориясына, евклид кеңістігіндегі элементар теорияға, матем. логикаға, т.б. арналған. 107 ғыл. еңбектің авторы. 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТӘЖІБАЕВ** Төлеген (1910, Оңт. Қазақстан обл. Шардара ауд. Сүткент а. – 14.6.1964, Алматы қ.) – пед. ғыл. докт. (1962), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның акад. (1954). Шымкент пед. техникумын (1928), Мәскеудегі Коммунистік тәрбие академиясын (1935) бітірген. ҚазПИ-де (1938–40, қазіргі ҚазҰПУ) доцент, кафедра меңгерушісі. Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссариатының 1-орынбасары, Халық ағарту комиссары (1940–42), республика ХКК төрағасының орынбасары (1942–44), Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі, ҚазҰУ-дың ректоры, Қазақ КСР-і Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1944–57). Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі (1957–61), ҚазҰУ-да проф., кафедра меңгерушісі (1961–64) болды. Т. мемл. қызметтермен қатар ғыл.-зерт. жұмыстарымен де шұғылданды. «Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине XIX века» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыттары: Қазақстандағы пед. ойдың даму тарихына, халыққа тәрбие мен білім беру мәселелеріне арналған. 2–4 сайланған Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты. Еңбек Қызыл Ту (1945) және «Құрмет Белгісі» (1967) ордендерімен марапатталған.

**ТӘКІБАЕВ** Жабағы Сүлейменұлы (28.9.1919 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1958), проф. (1958), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1967). Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тін бітірген (1942). Нүкіс қ-ндағы Қарақалпақ пед. ин-тында аға оқытушы (1942–44), КСРО ҒА-ның Физ. ин-тында аспирант (1944–49), Қазақстан ҒА-ның Астрономия және физ. ин-тында аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1949–51), Қазақстан ҒА Физ.-тех. ин-тының директоры (1951–57), Қазақстан ҒА-ның Физ.-матем. бөлімшесінің акад.-хатшысы (1962–65). Қазақстан ҒА-ның



*А.Тайманов*



*Т.Тәжібаев*



*Ж.Тәкібаев*

ядр. физ. ин-тында лаб. меңгерушісі, директор (1957–70). Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1962–72), Қазақстан ҒА Жоғары энергия физикасы ин-тының директоры, бөлім меңгерушісі (1970–81). 1981–91 ж. ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, Қазақстан ҒА Жоғары энергия физикасы ин-тының бас ғыл. қызметкері (1991–93) болды. 1993 жылдан ҚР Ұлттық ядр. орт-ның ғыл. жетекшісі. 1957 ж. «Образование вторичных звездообразующих частиц и генерация мезонов космическими лучами» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері классик. электрдинамикаға, ғарыштық сәулелер физикасына, жоғары энергия физикасына арналған. Еңбек Қызыл Ту (1971), «Парасат» (1999) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТӘКІБАЕВ** Нұрғали Жабағыұлы (7.1.1944 ж.т., Өзбекстан, Ташкент обл. Бостандық ауд. Газалкент кенті) – физ.-матем. ғыл. докт. (1987). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1967). Қазақстан ҒА-ның



*Н.Тәкібаев*

Жоғары энергия физикасы ин-тында кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер (1967–88). 1988 жылдан Қазақстан ҒА-ның ядр. физ. ин-тында лаб. меңгерушісі; 1999 жылдан ҚР ҰҒА-да бас ғалым-хатшы. Азия елдерінің ҒА Ассоциациясында бас хатшы (2000–02) болды. 2004 жылдан ҚазҰПУ-да проф. 1986 ж. «Унитарная формулировка теории многоканального рассеяния» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты теор. физ. және астрофиз. мәселелеріне арналған. 170-тен астам ғыл. жарияланым мен 2 монографияның, 2 патенттің авторы.

**ТӘЛІПОВ** Шүкір (1.1.1908, Өзбекстан, Ташкент обл. Янгиюль қ. – 1980, Алматы қ.) – хим. ғыл. докт. (1948), проф. (1949). Қазақстан ҒА-ның акад. (1967). Өзбекстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1950). Орта Азия (1935, қазіргі Ташкент) мемл. ун-тін бітірген. Осы оқу орнында ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі



*Ш.Тәліпов*

(1935–67); ҚазМУ-да (1967–80, қазіргі ҚазҰУ) және Шымкент хим.-технол. ин-тында ғыл. кеңесші болып қызметтер атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері әртүрлі тау жыныстарында кездесетін сирек және шашыранды элементтерді анықтаудың оптик. әдістерін зерттеуге арналған. Т. 260-тан астам ғыл. еңбектің, 25 авторлық куәліктің иегері. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТӘШЕНОВ** Болат Төлешұлы (11.4.1941, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Қызылбайрақ а. – 23.5. 2012, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1986), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1964, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Астрофиз. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1964–84), ин-т директоры (1984–2004) болды. «Исследование поля нисходящей рассеянной радиации замутненной атмосферы» тақыры-



*Б.Тәшенов*

бында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері атмосф. оптика мәселелеріне арналған. 70-тен астам ғыл. жарияланым мен 4 монографияның авторы. Медальдармен марапатталған.

**ТӘШЕНОВ** Қазис (1.8.1928 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Аксу а.) – биол. ғыл. докт. (1967), проф. (1970), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (1994). Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1952). Қа-



*Қ.Тәшенов*

зақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында кіші ғыл. қызметкер, аспирант (1953–56); ҚР ҒА-ның Физиол. (қазіргі Адам және жануарлар физиологиясы) ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1961–80), директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1980–86), директоры (1986–90), ҚР ҰҒА

Төралқасының мүшесі, биол. және мед. ғылымдары бөлімінің акад.-хатшысы (1990–94) болды. 1994 жылдан ҚР ҰҒА-ның Адам және жануарлар физиологиясы ин-тында лаб. меңгерушісі. «Сауын малдарының ас қорыту бездерінің қызметі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері мал физиол. тақырыбына арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланым мен 4 монографияның авторы. Халықар. Ақ крест орденімен (1992), медальдармен марапатталған. Қазақстанның Алтын кітабына енгізілген.

**ТЕЛЖАНОВ** Қанапия (Мұхамедханафия) Темірболатұлы (1.5.1927 ж.т., Ресей, Омбы қ.) – КСРО Көркемсурет академиясының корр. мүшесі (1967), Халықар. жоғары мектеп ғыл. академиясының құрметті акад. (1995) және ҚР ҰҒА-ның (2003) акад., Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1961). Алматы көркемсурет уч-щесін (1947), Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және сәулет өнері ин-тын (1953) бітірген. Ал-



*Қ.Телжанов*

маты театр-көркемсурет уч-щесінде ұстаз (1953–58), Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1964–68), КСРО Суретшілер одағы басқармасының хатшысы әрі мүшесі (1964–86), Қазақтың көркемсурет галереясының (1973–86, қазіргі ҚР Мемл. өнер музейі) директоры болды. Алматы мемл. театр-көркемсурет ин-тында (1978–93), Қазақтың мемл. көркемсурет академиясында (1993–2000), 2000 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында пед. қызметпен айналысты. 1949 жылдан Т. шығармалары респ., бұрынғы Одақтық, халықар. көркемсурет көрмелерінде қойылған. Қазақ КСР-інің (1963) және КСРО-ның (1978) халық суретшісі. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. (1967) лауреаты. Отан, «Парасат», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТИХОВ** Гавриил Адрианович (19.4.1875, Беларусь, Минск обл. Смолевичи пос. – 25.1.1960, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1934), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Қазақстанның еңб. сің. ғылым қайраткері (1946). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1897). Пульков обсерваториясында қызмет істеген (1906–41), Қазақстан ҒА-ның Астроботаника секторын басқарды (1947–60). Негізгі ғыл. еңбектері астрономия мен спектрофотометрияға арналған. Бірнеше астрон. приборларды құрастырған. Орыс астрон. қоғамының,



*Г.А.Тихов*

Париж ҒА-ның сыйлықтарының лауреаты. 200-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТОЙШЫБЕКОВ** Мәкен Молдабайұлы (8.4.1938 ж.т., Алматы обл. Ұйғыр ауд. Көкбастау а.) – а. ш. ғыл. докт. (1987), проф. (1995).ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1961, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және аспирантурасын (1964) бітірген. ҚР Білім және ғыл. мин-нің Экспе-



*М.Тойшыбеков*

рименттік биол. ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1964–94); 1994 жылдан директоры. 1986 ж. «Трансплантация эмбрионов в овцеводстве» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл. жұмыстары негізінен жануарлар биотехнологиясына арналған. 150-ден астам ғыл. жарияланым мен 4 монографияның авторы, 6 патенттің иегері.

**ТОҚМҰРЗИН** Қадырма Хамитұлы (25.3.1938 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Ғ.Мүсірепов ауд. Қарағаш а.) – хим. ғыл. докт. (1990), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1963, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-да аспирант, ғыл. қызметкер (1963–70), қазіргі Атырау мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1970–75), Қазақстан ҒА-ның Мұнай химиясы және табиғи тұздар ин-тында лаб. меңгерушісі, директор (1975–88) болды. 1998 жылдан ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Синтез и нуклеофильные реакции шестичленных азот- и серосодержащих гетероциклических соединений с карбональной группой» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Т-нің ғыл. еңбектері гетероциклді қосылыстардың химиясына, стереохмия саласына

және органик. қосылыстардың реакцияға қабілеттілігін зерттеуге арналған. 100-ден астам ғыл.



*Қ.Тоқмұрзин*

жарияланымның авторы, оның ішінде 35 авторлық куәлік пен өнертабыстың иегері.

**ТОҚМҰРЗИН** Тайжан Хамитұлы (15.10.1930 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Ғ.Мүсірепов ауд. Қараағаш а.) – а. ш. ғыл. докт. (1985), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2002). Алматы мемл. а. ш. ин-тын (1953, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Орман ш-нда директор (1954–59), аспирант (1959–62), Алматы мемл. а. ш. ин-тында кафедра меңгерушісі, оқытушылық қызмет-



*Т.Тоқмұрзин*

тер (1962–2004) атқарды. 1984 ж. «Организация хозяйства в защитных лесах, специализация и концентрация лесохозяйственного производства (на примере КазССР)» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты орман ш-ның теор. мәселелері және матем. модельдеріне арналған. 90-нан астам ғыл. еңбегі жарық көрді. Орман ш. терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігін шығарды. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТӨЛЕБАЕВ** Райыс Қажыкенұлы (15.1.1941 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Шар ст.) – мед. ғыл. докт. (1992), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2002). Семей мемл. мед. ин-тын (1964, қазіргі Семей мемл. мед. ун-ті) бітірген. Жамбыл обл-нда дәрігер (1964–67); Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-тында (1970–75), ҚР Денсаулық сақтау мин-нде (1975–87), Гигиена жә-



*Р.Төлебаев*

не кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тының Өскемен бөлімшесінде директор (1987–91); Оңт. Қазақстан мемл. мед. ун-тінде (1993–97), Астана мемл. мед. ун-тінде ректор (1997–2001) болды. 2001 жылдан кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. Негізгі ғыл. еңбектері оториноларингология мәселелеріне арналған.

**ТӨЛЕМІСОВА** Клара Ахмедияқызы (5.8.1937, Ақмола обл. Макинск қ. – 6.4.2004, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1989), проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (1993). ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қарағанды мед. уч-щесінде оқытушы, оқу істері жөніндегі меңгерушісі (1960–63), Қазақстан ҒА-ның Микробиология және вирусология ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1963–93), ҚР ҰҒА Ұлттық агр. зерттеулер академиясы орт-нда акад.-хатшы (1993–



*К.Төлемісова*

2003) қызметтерін атқарды. 2003 жылдан өмірінің соңына дейін Азық-түлік өндірісі және қайта өңдеу ғыл.-өндірістік орт-ның бас ғыл. қызметкері болып жұмыс істеген. «Микробиологические основы создания и использования биопрепаратов для защиты растений» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Т-ның ғыл. зерттеулері микробиология, биотехнология және а.ш. өнімдерін қайта өңдеу және сақтау мәселелеріне арналған. 300-ден астам ғыл. еңбектің, 23 өнертабыстың авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ТӨЛЕПБАЕВ** Бәйдібек Ахметұлы (10.10.1921, Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Төрткүл а. – 15.6.2011, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1967), проф. (1981), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975), КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1981). Қазақстан Халық ағарту ісінің үздігі. Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). Ташкент мемл. пед. ин-тын бітірген (1949). Мектепте, Ташкент қ-ндағы кәсіптік уч-щеде ұстаз, директордың орынбасары (1939–45) болды. Өзбекстан КП ОК жанындағы партия мектебінде оқыды (1947–49), Өзбекстан КП ОК-де насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі (1949–60), КОКП ОК-нің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы (1960–73), Қазақстан КП Алматы обл.

партия к-тінің хатшысы (1973–76), Қазақстан ҒА-ның вице-президенті (1976–84), Тарих, археол. және этнол. ин-тының бөлім меңгерушісі (1978–85), Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тының директоры (1985–94) қызметтерін атқарды. 1992 жылдан Тарих, археол. және этнол. ин-тының бас ғыл. қызметкері болды. «Орта Азия республикаларында партиялық аграрлық саясаттың жүзеге асуы» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Т-тың негізгі ғыл. еңбектері Орт. Азиядағы кеңестік агр. саясаттың жүзеге асырылуын зерттеуге арналған. 200-ден астам



*Б.Төлепбаев*

ғыл. жарияланым мен 9 монографияның авторы. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, 1 және 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ТҮРКЕБАЕВ** Едіге Айтжанұлы (1929 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Жалаңаш а.) – экон. ғыл. докт. (1974), проф. (1977), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1979). Мәскеу болат және қорытпа ин-тын (1951), осы ин-тың аспирантурасын (1957) бітірген. Қазақ металлургия з-тында болат қорытушы шебер, цех бастығы, мартен цехы бастығының орынбасары (1951–54), Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында кіші ғыл. қызметкер, Қарағанды хим.-металлургия ин-тының ғалым-хатшысы (1957–61), Қарағанды металлургия комб-тында бас инженердің орынбасары, бас металлургі (1961–65), Қазақ КСР-і Мемл. жоспарлау комиссиясының жанындағы Экон. ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1965–77), ин-т директоры (1977–88). Қазақ ұлттық тех. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1988–96); 1996 жылдан проф. қызметтерін атқарды. 1974 ж. «Технико-экономические проблемы повышения эффективности развития и размещения цветной металлургии Казахстана» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Т. практик-ғалым ретінде металлургия саласындағы ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге



*Е.Түркебаев*

белсене ат салысты: металды қайта балқытуда оттекті тиімді пайдалану идеясын әлемде алғаш рет көтеріп, оның технологиясын әзірлеп, өндіріске енгізді. 2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

## У

**УӘЛИЕВ** Ғахип (14.11.1941 ж.т., Павлодар обл. Железинка ауд. Еңбекші а.) – тех. ғыл. докт. (1986), проф. (1987), Қазақстан ҰҒА-ның (2003), ҚР Инж. (1994) және ҚР Жоғары мектеп (2002) ғылымдар академияларының акад. КСРО Жоғары мектебінің (1985) және ҚР Білім беру ісінің (2000) үздігі. ҚазМУ-ды (1965, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. КСРО ҒА-ның машинатану ин-тында стажер-зерттеуші, аспирант (1965–70), ҚазМУ-да аға оқытушы, доцент (1970–73), кафедра меңгерушісі (1973–83, 1992–99), декан (1983–89), ғыл. жұмыстар жөніндегі проректор (1989–92), ҚазПИде (1999–2002, қазіргі ҚазҰПУ) декан, кафедра меңгерушісі, ҚР ҰҒА-ның Мех. және машинатану ин-ты, физ.-матем. зерттеулер орт-ның директоры (2002–



*Ғ.Уәлиев*

08) қызметтерін атқарды. 1999 жылдан қазірге дейін ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі. «Теория и совершенствование механизмов многоцветных станков-автоматов СТБ» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. бағыты – машина динамикасы және аналит. механика есебін матем. модельдеу, серпімді жүйелердің динамикасы мен тербелісі. 170-тен астам ғыл. жарияланымның оның ішінде 4 монография мен 4 әдістемелік-оқу құралының авторы, 16 авторлық куәлігі мен 3 патенті бар. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1982), Ресей академиясының ғылым және білім саласының еңбек қайраткері (2012). Бірнеше медальдармен марапатталған.

**УСАНОВИЧ** Михаил Ильич (16.6.1894, Украина, Житомир қ. – 15.6.1981, Алматы қ.) – хим. ғыл.

докт. (1938), проф. (1935). Қазақстан ҒА-ның акад. (1962). Қазақ КСР-інің (1967) және Өзбек КСР-інің (1943) еңбек сің. ғыл. қайраткері. Киев ун-тін бітірген (1917). Украина ҒА-ның лаб-нда ғыл. қызметкер (1918–20), Киев қ-ндағы Хим.-фармацевтика з-тында басшылық қызметте, сонымен қатар Политех. ин-тында оқытушы (1920–29) болды. Томск ун-тінде (1930–34), Орта Азия ун-



*М.И.Усанович*

тінде (1935–43, Ташкент қ.), Қазақстан ҒА-ның Хим. ғылымдары ин-тында лаб. меңгерушісі (1944–49), аға ғыл. қызметкер (1949–61), ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі (1944–81, қазіргі ҚазҰУ), декан (1946–48) және лаб. меңгерушісі (1964–81) қызметтерін атқарған. 1938 ж. оған дисс. қорғамай-ақ хим. ғыл. докт. дәрежесі берілді. Негізгі ғыл. еңбектері ерітінділер теориясына арналған. Ол ерітінділердің сандық теориясын (1932) қорытты, аномальды электр өткізгіштік кездейсоқ құбылыс емес, заңдылық екенін дәлелдеді; қышқылдар мен негіздердің жалпы теориясын қорытып, хим. реакция құрамы жағынан тепе-теңдік концентрациясына тәуелді болған жағдайда ғана идеалды ерітінділер заңына бағынатынын анықтады; сонымен бірге ерітінділердің қасиеттері (тығыздығы, тұтқырлығы) олардың құрамына байланысты екенін хим. теңдеулер арқылы дәлелдеді. У. «Қышқылдар мен негіздердің Усанович теориясының» (1938) және 300-ге жуық ғыл. жарияланымның авторы. 3 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен (1945, 1961, 1974), медальдармен марапатталған.

**УСТИМЕНКО** Борислав Петрович (9.7.1928 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Өскемен қ.) – тех. ғыл. докт. (1970), проф. (1973), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). ҚазМУ-ды



*Б.П.Устименко*

(1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақ энергетика ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1951–75), осы ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1975–88), директоры (1988–92); 1992 жылдан лаб. меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер болып еңбек етті. 1970 ж. «Исследование аэродинамики и теплообмена во вращающихся течениях вязкой несжимаемой жидкости» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері жылу энергетикасы, жылу физикасы, қолданбалы газ динамикасы мәселелеріне және бу генераторының оттығы мен жанарғысын модельдеуге, т.б. арналған. У-ның басшылығымен қуатты энергет. блоктың қазан агрегаттары габаритін елеулі азайтатын және олардың тиімділігін арттыратын жаңа, жоғары тиімділікті оттықты әрі жанарғылы құрылғылар зерттеліп жасалды. Осы кешенді жұмыстары үшін У. Қазақ КСР-інің Мемл. сыйл-н алды (1986). 350-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 9 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

# Ү

**ҮКІБАЕВ** Хисемидолла Исхақұлы (10.11.1937 ж.т., Ресей, Астрахан обл. Байбек с.) – а. ш. ғыл. докт. (1990), проф. (1992), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). Саратов малдәрігерлік ин-тын бітірген (1964). 1964–68 ж. Қалмақ АКСР-інің қаракөл өсіру кеңшарларында бухгалтердің көмекшісі, зоотехник, аға зоотехник қызметтерін атқарған. 1968–71 ж. Бүкілодақтық мал ш. ғыл.-зерт. ин-тының аспиранты, 1971–73 ж. Қалмақ етті мал өсіру ғыл.-зерт. ин-тының қаракөл өсіру лаб-ның меңгерушісі, 1973–79 ж. Қазақ қаракөл өсіру ғыл.-зерт. ин-ты-



*Х.Үкібаев*

ның Батыс бөлімінің меңгерушісі, 1979–94 ж. «Қаракөл» ғыл. өндірістік бірлестігінің директоры, 1994–97 ж. Оңт. Қазақстан обл. әкімдігіндегі ғыл.-тех. орт-тың төрағасы, 1997 жылдан Батыс Қазақстан селекция-генетик. ті-

ректі бекетінің меңгерушісі. Ү-тың ғыл. еңбектері қаракөл қойлары терілерінің әр түрлі түстерін (янтарь, платина, бронза, т.б.) жасауға және құйрықты қойлардың етті-майлы тұқымдарының тез жетілу жолдарын зерттеуге арналған. Ол 115-тен аса ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 20 авторлық куәлігі бар. КСРО Мемл. сыйл-н (1992), Қазақстан Республикасы Мемл. сыйл-н (2005) алған. «Халықтар достығы» ордені және медальдармен марапатталған.

# Ф

**ФЕСЕНКОВ** Василий Григорьевич (13.1.1889, Украина, Новочеркасск қ. – 12.3.1972, Мәскеу қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1928), проф. (1933), КСРО ҒА-ның акад. (1935), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Харьков ун-тін бітірген (1911). Ф. – Ресейдегі Астрофиз. ин-тын (1923–30, оның директоры) ұйымдастырушылардың бірі. Кейінірек бұл ин-т Астрон. ин-ты (1936–39 ж. оның директоры) деп аталды. Қазақстан ҒА-ның астрономия және физика (1941–72), Астрофиз. ин-ттарын ұйымдастырды, КСРО ҒА-ның астрон. кеңесін және КСРО ҒА-ның Метеориттер жөніндегі к-тін басқарды. Негізгі еңбектері атмосф. оптикаға, астрофиз. мен космогонияға, Күн және жұлдыздар физикасына, жұлдыздардың эволюциясына арналған. Астрофизика ин-тына есімі берілген. 3 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған.



*В.Г.Фесенков*

# Х

**ХАРИН** Станислав Николаевич (4.12.1938 ж.т., Алматы обл. Қарасай ауд. Қаскелең а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1990), проф. (1991), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2001). КСРО өнертапқышы. ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-да аспирант (1961–63), Қазақстан ҒА-ның Матем. және мех. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, директордың орынбасары (1964–94), Қазақстан ҰҒА-ның физ.-матем. бөлімшесінде акад.-хатшы (1994–96) қызметін атқарды. Инж. ғылымдар мен технологиялар ин-тында (1996–2000, 2002–05, Пәкістан), Батыс Англия ун-тінде (2000–02, Англия) қызмет істеп, лекциялар оқыған. 2005 жылдан Қазақстан – Британ тех. ун-тінде еңбек етеді. 1989 ж. «Математические модели теплофизических процессов в электрических контактах» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі еңбектері матем. физиканың теңдеулеріне, плазматрон мен электрлік түйіспелердегі құбылыстарды матем. модельдеу құбылыстарына арналған. 300-ден астам ғыл. жарияланым мен 3 монографияның, 12 авторлық куәліктің авторы.



*С.Н.Харин*

# Ц

**ЦЕФТ** Адриан Лукьянович (15.2.1904, Павлодар қ. – 26.2.1971, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1947), проф. (1948), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Томск технол. ин-тын бітірген (1928). Риддер комб-нда цех бастығы, тех. жетекші, бөлім меңгерушісі (1928–31), Ресейдің қазіргі Екатеринбург қ-ндағы Орал түсті металдар ин-тында оқытушы (1931–34), Индустрия ин-



*А.Л.Цефт*

тында доцент (1934–48), Қазақстан ҒА-ның Металлургия және кен байыту ин-тында лаб. меңгерушісі (1948–49), ин-т директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1958–65), бөлім меңгерушісі (1966–67), ғыл. кеңесші (1967–71), Қазақ тау-кен және металлургия ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) проф. (1949–51, 1960–61), кафедра меңгерушісі (1961–65), Иркутск тау-кен металлургия ин-тында проф. (1951–58) қызметтерін атқарған. «Изучение поведения кадмия при металлургических процессах и пути рационализации его производства» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Оның ғыл. еңбектері Қазақстан кенін тиімді пайдалану, сирек металдар өндіру технологиясын дамыту, кешенді полиметалл кендерін қайта өңдеу, т.б. мәселелерге арналған. 144 ғыл. жарияланымның авторы, 6 авторлық куәлігі бар.

# Ч

**ЧАСНИКОВ** Иван Яковлевич (5.10.1933, Алматы обл. Қапшағай қ. – 30.11.1999, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1978), проф. (1981). Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1955) және Қазақстан ҒА-ның Ядр. физ. ин-тының аспирантурасын (1959) бітірген. Осы ин-тта лаб. меңгерушісі, ин-т директорының орынбасары (1963–70), Жоғары энергиялы физ. ин-тында директордың орынбасары, директоры (1970–90), ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1994–95) болды. 1995 жылдан осы ин-тта бас ғыл. қызметкер. Негізгі ғыл. еңбектері ядр. фотоэмульсиядағы зарядталған шапшаң бөлшектердің энергиясы мен табиғатын анықтауға арналған. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.



*И.Я.Часников*

# Ш

**ШАЙҚҰТДІНОВ** Еренғайып Мәлікұлы (10.5.1933 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Қазан а.) – хим. ғыл. докт. (1975), проф. (1976), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), ҚР-на еңб. сің. ғыл. қайраткері. Мәскеу Нәзік хим.-технол. ин-тын (1956) және аспирантурасын (1962) бітірген. Қарағанды синтет. каучук з-тында технолог (1956–58), ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1963–78). Қазақ ұлттық тех. ун-тінде проректор (1978–92), ректор (1992–2000) болды. 2000 жылдан проф. қызметін атқарады. «Исследование в области радикальной сополимеризаций простых винилловых эфиров с некоторыми винилловыми мономерами» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ш-тың негізгі ғыл. еңбектері радикалдық сополимерлерге және мономерлердің реакцияға түсу қабілеттілігін арттыруға арналған. 700-ден астам ғыл. еңбектердің, соның ішінде 8 монография, 118 КСРО, ҚР-ның авторлық куәлігі мен патентінің авторы. «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



*Е.Шайқұтдінов*

**ШАРМАНОВ** Төрегелді (19.10.1930 ж.т., Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Ұлытау а.) – мед. ғыл. докт. (1967), проф. (1968). ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2000). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1955, қазіргі Қарағанды мемл. мед. ун-ті) және аспирантурасын (1958) бітірген. Қарағанды обл. Ұлытау ауд-нда орт. аурухананың бас дәрігері (1958–62), Қазақстан Денсаулық сақтау мин-нің Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1962–68), Ақ-



*Т.Шарманов*

төбе мемл. мед. ин-тының ректоры (1968–71), Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау министрі (1971–82) болды. 1973–84 және 1988 жылдан КСРО Мед. ҒА-ның Тағам ин-ты Қазақ бөлімшесінің директоры (қазіргі Қазақ тағамтану академиясының президенті) қызметін атқарады. «Қазақстандағы С гиповитаминозы және оның бруцеллезде иммундық биологиялық әсері» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері тамақтану физиологиясына арналған. 350-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. 25 монография мен 37 өнертабыстың иегері. Қазан революциясы (1976), Халықтар достығы (1980), «Парасат» (1996) ордендерімен марапатталған. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (2001).

**ШАХАНОВ** Еламан (14.3.1944, Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а. – 20.8.2012, Қарағанды қ.) – биол. ғыл. докт. (1991), проф. (1992). ҚР ҰҒА-ның акад. (2004). Алматы мемл. а. ш. интын (1967, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Осы ин-тта аспирант, оқытушы (1967–71),



*Е.Шаханов*

Қазақ жемшөп және жайылым ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары (1971–93), Павлодар а. ш. ғыл.-зерт. ин-тында директор (1993–2001), Астық ш. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (2001–03) болды. 2003–12 ж. Қарағанды өсімдік ш. және селекция ғыл.-зерт. ин-тының бас директоры қызметін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері шөл және шөлейт аймақтарда сирек кездесетін жемшөптік дақылдардың полиподиясы мен алшақ будандастыру мәселелеріне арналған. 110-нан астам ғыл. еңбектің, 8 авторлық куәліктің авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ШЛЫГИН** Евгений Дмитриевич (2.2.1899, Ресей, Пермь қ. – 24.12.1980, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1947), проф. (1938). Қазақстан ҒА-ның акад. (1972). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1947). Свердловск тау-кен ин-тын (1927, қазіргі Екатеринбург) бітірген. Қазақстан



*Е.Д.Шлыгин*

аум-ның геологиясын, кендерін зерттеумен (1928–37) айналысқан. Қазақ политех. ин-тында (1937–80, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) кафедра меңгерушісі, сонымен қатар Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында аға ғыл. қызметкер (1939–80) болып жұмыс атқарған. Түсті, сирек кездесетін және асыл металл кендерін ашқан. Қызыл Жұлдыз, 2 рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ШОМАНОВ** Өрісбай (2.2.1948 ж.т., Өзбекстан, Ташкент обл. Шұралысай а.) – тех. ғыл. докт. (1990), проф. (1991). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР-ның еңб. сің. педагогі (1993). Қазақ хим.-технология ин-тын бітірген (1971). Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тында оқытушы (1971–79, қазіргі Тараз мемл. ун-ті), Семей ет және сүт өндірісі ин-тында кафедра меңгерушісі, проректор (1980–94), Қазақ тағам өнер-



*Ө.Шоманов*

кәсібі ғыл.-зерт. ин-тында директор (1995–2001), Алматы технол. ин-тында кафедра меңгерушісі (2001–02) болды. 2003 жылдан Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғыл.-өндірістік орт. директорының орынбасары қызметін атқарады. Ғыл. еңбектері тағам және ет өнеркәсібіндегі жаңа техникалар мен технологияларды зерттеуге арналған. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы, оның ішінде 50-ден астам патент пен авторлық куәлік берілген.

**ШӨКИН** Шапық (1.10.1912, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Жаңажол а. – 4.7.2003, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1953), проф. (1956). Қазақстан ҒА-ның акад. (1954), Қазақстан инж. академиясының акад. (1991), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961), КСРО-ның құрметті энергетигі (1982), «Халық қаһарманы» (1996). Қарқаралы пед. техникумында (1926–30), Орта Азия мемл. ун-тінде және Орта Азия ирригация техниктері мен инженерлерін дайындау ин-тында (1930–33) оқыған. Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1937). Қазақстан а. ш-н электрлендіру мекемесінде бөлім бастығы, бас инженер (1937–43), КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде Энергетика секторын (1943–44) басқарды. КСРО Энергети-

ка және электрлендіру мин. Қазақ энергетика ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1944–88); 1988 жылдан осы ин-ттың құрметті директоры, Қазақстан ҒА-ның Минералды ресурстар бөлімшесі төрағасының орынбасары, төрағасы (1946–55), Қазақстан ҒА-ның акад.-хатшысы (1955–62), сондай-ақ Қазақстан ҒА-ның президенті (1964–67) қызметтерін атқарған. «Су электрстанцияларының тиімді параметрлері (есептік қамтамасыздығы)» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері энергетика мәселелеріне арналған. Ш. Қазақстанда, оның жеке аймақтарында энергетиканы жан-жақ-



*Ш.Шөкин*

ты өркендету жөнінде ғыл.-тех. болжамдар жасады. Қазақстанда энергетиканы одан әрі дамытудың негізін салды. Іле өз-нің суы мен энергет. қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін ғыл. тұрғыдан зерттеді, сөйтіп Қапшағай бөгені мен Қапшағай су электр ст-н салу ісіне үлкен үлес қосты. Орт. Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге болатындығын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс–Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Арал апаты жөнінде алғаш хабар берді (1972), Медеу шатқалына қала қалқанын салуға ғыл. жоба жасаудың басында болды, Сібір өз. суының бір бөлігін Қазақстанға қарай бұру проблемаларын шешу мәселелерін көтерді. 500-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 20 монографияның авторы. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты (1964–66), Қазақ КСР Мемл. (1972), КСРО Мемл. (1978) және Қ.И. Сәтбаев атынд. (1991), «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

**ШЫҒАЕВА** Майя Хажетдинқызы (21.1.1927 ж.т., Ресей, Астрахан қ.) – биол. ғыл. докт. (1970), проф. (1977), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1977). Алматы мемл. мед. ин-тын (1949, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Микробиология және



*М.Шығаева*

вирусология ин-тында аспирант, кіші ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1949–72) болды. ҚазМУ-да (1972–85, қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін атқарды. 1986 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі. «Изменчивость и селекция некоторых синефиолетовых актиномицетов, продуцентов новых антибиотиков» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері жалпы микробиология мәселелеріне арналған. 46 авторлық куәлік пен патенттің иегері. 330-дан астам ғыл. жарияланым мен 10 монографияның авторы. Халықтар достығы, «Парасат» (1996) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

# Щ

**ЩЕРБА** Григорий Никифорович (30.11.1914, Украина, Хмельницкий обл. Хмельницкий ауд. Книжковцы с. – 12.12.2001, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1952), проф. (1961). Қазақстан ҒА-ның акад. (1972). Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1961). Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1937, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Қазтүстіметалбарлау» тресінде



*Г.Н.Щерба*

аға және бас инженер (1937–48), Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында аға ғыл. қызметкер, директордың орынбасары (1948–58), осы ин-тта бөлім, лаб. меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер (1958–2001) болған. 1951 ж. Нарын гранитоидтары бойынша докт. дисс. қорғаған; кейін осы дисс-ның негізінде жазылған монографиясы («Геология Нарынского массива гранитоидов на Южном Алтае», 1957) жарық көрді. Щ. Сарыарқаның металлоген. және болжам картасы авторларының бірі. Ол жер қыртысының түзілуі мен дамуы теориясына жер қыртысының сатылық дамуы бағытын енгізді. Щ-ның 330-дан астам ғыл. еңбегі (оның ішінде 28 монография) жарияланған. Ол Лениндік (1958), Қазақ КСР-і

(1972) және КСРО (1985) Мемл. сыйлықтарының лауреаты. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

# І

**ІЗТАЕВ** Әуелбек (28.2.1950 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Сарыағаш ауд. Жылға а.) – тех. ғыл. докт. (1993), проф. (1994). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Одесса тамақ өнеркәсібі технол. ин-тын (1972) және Мәскеу тамақ өнеркәсібі ин-тының аспирантурасын (1978) бітірген. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тының Алматы бөлімшесінде (1973–75, қазіргі Алматы технол. ун-ті) ассистент, оқытушы, доцент, декан (1975–78), Алматы технол. және бизнес ун-тінің проректоры (1979–96) болды. 1996 жылдан Алматы технол. ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарады. «Совершенствование послеуборочной обработки зерна пщеницы в условиях Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері элеваторларда, астық, нан өнімдерін өндіру кәсіпорындарында астықты қабылдау, топтастыру, өңдеу, сақтау, ұн, жарма, құрамажем, нан, макарон өнімдері технологияларын дамыту және тех. жабдықталуын ғыл. тұрғыдан негіздеуге арналған. 450-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 монографияның авторы. Бірнеше медальдармен марапатталған.



*Ә.Ізтаев*

**ІЗІМБЕРГЕНОВ** Намаз (25. 12.1937 ж.т., Маңғыстау обл. Түпқараған ауд. Ащымұрын-Сарытас а.) – мед. ғыл. докт. (1979), проф. (1982), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1998). Ақтөбе мемл. мед. ин-тын (1964, қазіргі Батыс Қазақстан мемл. мед. ун-ті) және КСРО Денсаулық сақтау мин. Орт. дәрігерлер білімін жетілдіру ин-тының аспирантурасын (1969) бітірген. Осы оқу орнында ассистент, доцент, кафедра меңгерушісі, проректор (1964–89) қызметтерін атқарды. 1990 жылдан кафедра меңгерушісі. «Диагностическая тактика при хирургической патологии печени и желчных путей» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл.-зерт. еңбектері бауыр-өт жолдарының ауруларын емдеу, жедел хирург. ауруларды емдеу тәжірибесінде соңғы эндовидеоскоп. әдістерді тиімді пайдалану жолдарына арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 5 монографияның, 17 патент пен куәліктің авторы.



*Н.Ізімбергенов*

# Ю

**ЮШКОВ** Серафим Владимирович (4.4.1888, Ресей, Мордва АКСР-і, Трофимовщина с. – 14. 8.1952, Мәскеу қ.) – тарих ғыл. докт. (1935), проф. (1919), Украина ҒА-ның корр. мүшесі (1939), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), РКФСР-дің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1939). Санкт-Петербург унтінің заң ф-тін бітірген (1910). Ресей мен (1910–30, 1933–46, 1948–52) Өзбекстандағы (1930–33) жоғары оқу орындарында пед. қызметтер атқарған; Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының директоры (1946–48) болды. Қазақстандағы феод. меншіктің, құқық пен мемлекет тарихы мәселелерін зерттеумен айналысқан. Кезінде кеңес тарихшылары арасынан алғаш рет «орыс шындығының» ежелгі германдыққа жақын деген жорамалды жоққа шығарып, дәлелдеген еңбегі үшін оған қорғамай-ақ тарих ғыл. докт. дәрежесі берілген. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.



*С.В.Юшков*